фразеологизмдерді прагматикалық қолданысы мен семантикалық болмысына қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Г.Смағұлова: «фразеологизмдердің семантикалық тақырыптық топтарын сөздердің тақырыптық топтарымен салыстырғанда фразеологиялық топтардың үлес салмағы сан жағынан шектеулі, аздық етеді. Мұның өзі фразеологизмдердің үнемі сөздердің дублеті немесе эквиваленті деуге болмайтынын аңғартады. Шын мәнінде фразеологиялық тұлғалар өзіндік дербес мағынасымен ерекшеленіп, қызметімен өзгешеленеді. Фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез келген ұғымына атау бола алмайды, ол тек өз өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоционалды экспрессивті бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі» де өзара мағыналас фразеологиялық қатарларды тілдегі антропоэзектік парадигма тұрғысынан 13 түрлі фразеосемантикалық топтарға жіктесе (Смағұлова, 2018: 54-55), ғалымның аталған жіктемесіне сәйкес тілдегі қазақ тіліндегі киноморфозимдерді зерттеген С.Бектемирова «ит» сөзімен байланысқан фраземаларды семантикалық өрісіне қарай: адам табиғатына, болмысына қатысты фраземалар; әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыс-тіршілігіне қатысты фраземалар; өлшемдікке қатысты фраземалар; табиғат құбылысына қатысты фраземалар; қарғыс, наным-сенімге қатысты фраземалар деп бірнеше топқа топтастырады (Бектемирова, 2005: 47). Академик Ә. Қайдардың төрт томдық этнолингвистикалық сөздігінің «Табиғат» атты III томында күс атауларының 389 тілдік бірліктің түзілімі беріліп, олардың әрбіреуінің өз ішінен бірнеше түрге жіктелетіндігі көрсетіліп, олардың жекелеген мағыналық түсіндірмелері жасалған (Қайдар, 2013: 409).

Тілдік қолданыстағы орнитонимдік фразеологизмдерді жоғарыдағы ғалымдардың топтастыруларын басшылыққа ала отырып, этнос дүниетанымдағы ерекшелігі мен мәдени тұрмысындағы орнитонимдік сөз орамдарын семантикалық өрісі мен қолданыс аясы бойынша топтастыруға болады. Тілдегі орнитонимдердің номинативтік (лексика-семантикалық) мағынасымен қатар, ауыспалы мағынада (фразеологиялық байлаулы, синтаксистік шартты), символдық мәнде, коннотативтік мағыналардағы қолданысы арқылы этностың когнитивтік санасындағы әлемнің орнитонимдік бейнесін қалыптастырады. Осыған сәйкес зерттеу ма-

териалы ретінде жинақталған орнитонимдік фразеологизмдерді семантикалық қолданыс өрісіне қарай адам болмысын/характерін білдіретін фраземалар (*ауызымен құс тістеген*); әлеуметтік тұрмыстық өмірін бейнелейтін фраземалар (*мойыны арғайдай, биті торғайдай*); өлшемдікке білдіретін фраземалар (*құс қанаты талатын*); туыстық қатынасты білдіретін фраземалар (*қарға тамырлы қазақ*); дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген фраземалар (*бақ құсы қонсын!*) деген секілді семантикалық топтарға топтастыруға болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес орнитонимдік фразеологизмдердің этномаркерлі бейнесін көрсету барысында диахрондық-синхрондық сипаттау, салыстырмалы-салғастырмалы, жүйлеу, топтау әдістерімен қатар, компоненттік, мәдени-семантика, контекстік, этнолингвистикалық, дефиниционалдық, қорыту секілді талдау әдістері қолданылады. Соның нәтижесінде орнитонимдік фразеологизмдердің қоршаған ортадағы орны мен этнос мәдениетіндегі маңыздылығына тілдік тұрғыдан баға беру, мәдени мазмұнын сипаттау арқылы этностың менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын көрсету көзделеді.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы тілдегі зоонимдердің зерттелу мәселесі түркология мен қазақ тіл білімінде Н.К. Дмитриевтің «О тюркских элементах русского словаря», А.М. Щербактың «Историческое развитие лексики тюркских языков», Т. Дүйшенәлиеваның «Киргизское народные термины животноводства», Э.Ф. Ишбердиннің «Некоторые названия животных и птиц в башкирском и монгольском языках», Т. Ходжамбердиеваның «Животноводческая лексика узбекского языка», З.Р. Садыкованың «Зоонимическая лексика татарского языка», Т.Бегжановтың «Заметки об этимологии некоторых скотоводческих терминов каракалпакском языке», Ә. Жақыповтың «Термины верблюдоводства казахского языка», Ш. Жанәбіловтің «Қазақша мал атаулары», С. Сәтенованың «Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке», Б.Қ. Тлепиннің «Мал шаруашылығына қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипаты», Т.В. Линконың «Зоонимы в казахском и русском языках», Р.З. Панзарбекованың «Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы»,

Б. Тоқтағұлдың «Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикасы», С.Б. Бектемированың «Қазақ тіліндегі киноморфозимдер», Н. Айтбаеваның «Қазақ тіліндегі жылқы атауларының лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты», Ж. Байтелиеваның «Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі», Қ.С. Қалыбаеваның «Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобы тілдері материалы негізінде)», Х. Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк», Ж. Бабалықовтың «Мал ауруларының қазақша атаулары», А.Б. Кусайинованың «Қазақ және түрік тілдеріндегі зоонимдердің этнолингвистикалық ерекшеліктері» т.б. көптеген зерттеулерде зоонимдер әралуан аспектіде қарастырылған.

Тілдегі орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдер қазақ немесе түркі тілдеріне ғана тән емес, әлемдік тілдердің басым бөлігіне қатысты лексикалық единица. Сөздік қордағы орнитонимдік фразеологизмдер жалпы тіл біліміндегі лингвистиканың өзекті мәселесі саналады. Орнитонимдік бірліктерге қатысты халықаралық ғылыми басылымдарда «күстар әлеміне» деген лингвистикалық қызығушылықтың көптігі әлемдік ортақ дүниетанымдық әрекет екендігін көрсетеді. Мәселен, N.R. Makhmudova «Semantic features of phraseological units with a component-ornithonym in english and uzbek languages» атты мақаласында «күстардың атауы әлем тілдерінің сөздік құрамынан қомақты орын алып, тілдік қолданысындағы маңызды әрі белсенді бөлігі» екендігін көрсетеді (Makhmudova, 2020: 44). «Phraseological units with the ornithonym component in social networks and their variations» зерттеу мақалада орнитонимдердің қолданысына жаңа бір қырынан келіп қарастырылады. Онда: «орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдерге лингвистикалық талдау жасала келе, орнитонимдік фразеологизмдер әлеуметтік желілердегі қолданысының да активтенуіне назар аударылады» (Sakhbullina, 2013: 3). «National and cultural peculiarities of phraseological units with ornithonym components in english and karakalpak language» атты зерттеу материалында «ағылшын-қазақ тілдеріндегі орнитонимдер арқылы жасалған фразеологизмдер ұлттық-мәдени ерекшелікті көрсететін бірден-бір категория екендігіне салғастырмалы зерттеулер жүргізіліп, ұлт мәдениетіндегі күстардың орны көрсетіледі»

(Kalimbetov, 2023: 243). Ғылыми кеңістіктегі көптеген орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдердің табиғатына зер салатын болсақ, орнитонимдік фразеологизмдер этноқауымдастық өкілдерінің құстар әлеміне деген ықыласының ерекшелігі тілдегі тұрақты тіркестер арқылы берілетіндігін байқауға болады. Демек, құстар әлеміне деген адамзат баласының түсінігінде біршама жағдайда ортақтық бар болса, біршама жағдайда мәдени түсініктің өзіндік этномаркерлі ұлттық ерекшеліктерін де көруге болады.

Тілдегі зоонимдік бірліктер түркологиялық және қазақ тіліндегі материалдардың негізінде біршама қарастырылған. Зоонимдер арқылы жасалған тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшелігі мен әлем бейнесіндегі қабылдануы, мағыналық-құрылымдық сипаты, лексика-семантикалық классификациясы, туыстас түркі тілдері мен туыстығы алшақ тілдердегі болмысы деген мәселелер тіл мен мәдениет сабастығы аясында әралуан аспектіде зерделенген. Зоонимдер тек тілдік деректер тұрғысынан ғана емес, археологтар мен тарихшылар, антропологтар, мәдениеттанушылар, этнографтар тарапынан да әралуан ғылым салаларының аспектілерінде зерттелу арқылы да зоонимдер туралы мәдени ақпараттарды байыта түскендігі белгілі. Зоонимдік бірліктерді «Адам – Қоғам – Табиғат» макротоптық жүйесін антропоцентристік парадигма аясындағы зерттеулерде интеграциялық сипатқа басымдық беріледі. Тілдегі зоонимдік бірліктердің тақырыптық-мағыналық, мәдени-семантикалық, этномәдени код пен зоонимдік кодтың байланысы, лексико-семантикалық тұрғыдан мағыналық-құрылымдық топтастырулар лингвистикалық негіздемегі сүйенеді. Зоонимдердің тіл арқылы таңбалануы «тіл мен этностың» сабақтастығына бағытталып, тілді мақұлқатпен өзара сабақтастықта қараған зерттеулерге ұласуы «тілмен ұлттың біртұтастығына» негізделген үдерістің өміршеңдігі деп санауға болады.

Этностың астрономиялық әлеммен оның құрамдас бөліктері құстар туралы дүниетанымы мен дүниеге көзқарасы тілдегі орнитонимдік фразеологизмдердің болмысында сақталып, рухани және ұлттық құндылық ретінде танылады. Орнитонимдік фразеологизмдер – тілдегі құс атаулары негізінде жасалған қарапайым сөз орамдары ғана емес, этностың табиғатпен етене жақындығының тілдік көрсеткіші, образды ойлауының поэтикалық бедері, этномәдени түсінігінің мағыналық түсіндірмесі саналады.

Олай болса орнитонимдік фразеологизмдерді жинақтау, этномәдени талдау жасау, ұлттық сөздік қорды байыту мен тіл табиғатының бойындағы лингвомәдени, лингвокогнитивтік, лингвопрагматикалық, лингвopsихологиялық, лингвоакциологиялық секілді аспектілердің мәнін көрсетуге болады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ халқының орнитонимдік әлемді танып білуі, табиғаттың ажырамас бөлшегі құстарға деген көзқарасы күнделікті тұрмыстық өміріндегі сөз қолданысынан көрінеді. Этностың құстар туралы мәдени түсінігі мен көзқарасы орнитонимдік фразеологизмдерде ерекше орын алады. Бұл мәселеге қатысты академик Ә. Қайдар: «Фразеологизмдердің көпшілігі адамға сәйкес ерекшеліктері бар жақсы үйретілген үй жануарларының сыртқы кескінін, мінез-құлқын, қылықтарын сырт көзбен қарап, бейнелі түрде салыстыру негізінде жасалған. Бір жағынан жануарлар әлеміне, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және олардың әр түрлі тіршілік жағдайларындағы мінез-құлықтарына бақылау жасау негізінде алынған бұл ассоциативтік параллельдерден фразеологизмдер қалыптастырудың бейнелі аялық негізі және олардың мағынасын өзгерту және ауыстыру уәждері ретінде қызмет атқаратын біраз ортақты және ұқсастықты таба алады» – деген байлам жасайды (Қайдар, 2011: 215).

Орнитонимдік фразеологизмдердің этномаркерлі бейнесін қарастырғанда, этностың табиғат туралы түсінігі, орнитонимдер туралы аялық білімі, әлем туралы ойлау жүйесі, ұжымдық санасындағы танымдық-ақпараттық және эстетикалық категорияларының тілдік таңбалармен көмкеріліп жататындығы көрсетіледі. Мысалы, *аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатты* (меңіреу тыныштықтың орнауы, этностың ойлау жүйесінде аспандағы құс екеш құстың көзге көрінбеуі, аспанда қылықтап, қанат қағып ұшпауы, сары даланың үлп еткен сары желіне дейін еспеуі, өлі тыныштықтың орнауы табиғат құбылыстарымен салыстырыла параллель суреттеулер арқылы берілуі этникалық дүниетанымның ерекшелігін көрсетеді. Этнос дүниетанымындағы тыныштықтың орнауына «құс пен желдің» тірек болуы, тіл арқылы бейнеленуі объективті метафизикалық шындық болмысты қабылдауындағы сезімдік және танымдық әрекеттер нәтижесінде туындай келіп,

образды суреттеулер арқылы ойға жеңіл суреттеулер арқылы беріледі); *аузымен құс ұстап отыр* (ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеудің мағыналас варианты ретінде, елді бір өзі билеп, жұртты бір өзі жусатып, өргізіп отырған «билеуші, басқарушы» образын жасау үшін қолданылады. Ауызымен құс ұстау қолы ұзын адамның мүмкіндігінің көрсеткіші аспандағы құстың да ұшып құтыла алмайтындығы, көктегі құсты ауызымен ұстап, жердегіні желкесінен түйіп ұстау құдыретінің адамға немесе әлеуметке бағыттала айтылатындығын көрсетеді. Басқарушылық, әкімшіл-әміршілдік қуатының күштілігі «аспанға ұшсаң аяғыңнан тартып алам, жер астына түссең қазып алам», ұшып та қашыпта шеңгелімнен шыға алмайсың деген мағынада жұмсалады. Басқарушы портретін сомдайтын бұл тіркестің этномәдени мағынасы аспандағы ауызымен ұстап, жердегіні бір шыбықпен жусатып, өргізуін құс компоненті қатысқан фраземалар арқылы білдіреді); *аузымен құс тістеген* (этнос дүниетанымында жылқының желден жүйрік, қиялдан бетер ұшқырлығын суреттеуде қолданылады. Жүйрік сәйгүліктің шабысын суреттегенде қабырғасында қанат бар, құстай ұшқыр, желдей жүйрік, ауызымен құс тістеген деген тіркестер арқылы әсірелеп жұмсау кең тараған қолданыстардың қатарына жатады); *бақыт құсы/бақ құсы* (ауыспалы мағынадағы адамға қаратыла айтылатын тіркес. Өмірлік жұбын тапқан, отбасын құраған ер адамның өз теңін табуын бақыт құсын қолына қондырды деген мағынаны білдіреді. Бақ құсыңды бағала деп ер азаматтың жарын бақыт құсы / бақ құсына теңейді. Ер азаматтың өмірлік сыңарын табуы қолына бақыт құсын қондырды немесе сыңар аққуын тапты деп те ауыспалы мәнде түсіндіріледі. Этнос дүниетанымында әйел затын бақыт құсы / бақ құсы деп тану, бар бақыттың басы да, байлықтың көзі, несібенің өзі әйел затының феникс құсқа теңеу қалыптасқан яки орныққан этникалық ұжымдық стереотип саналады). Яғни, «тілдегі белгілі бір аң, жануар, құс туралы ұғымдар халық танымында қалыптасып, ұлттық таным мәдениет стереотиптеріне айналады, этностың, жеке тілдік тұлғаның аялық біліміне енеді» (Тілеубердиев, 2007: 162).

Орнитонимдік фразеологизмдердің қалыптасуына адам санасындағы орнитонимдік бейнелі ұғым-түсініктер ықпал етеді. Тілдегі орнитонимдік фраземалардың қалыптасуына құстардың этнос мәдениетіндегі орны, ұлт өміріндегі маңызы, құстардың сыртқы түрпаты, мінез-құлқы мен іс-әрекеті туралы

деректер жинақталып, этнос мәдениетіне сай орнитонимдік фраземалардың туындауына түрткі болады. «Халықтың рухани творчествосының жемісі, тілдің ажарын кіргізетін, оның құдіретін арттыра түсетін, ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік накышымен жеткізетін, ата-бабадан мұра ретінде келген сөз қазынасының дайын қолданылатын үлкен саласы фразеологизмдер этнос тілінің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларға этнолингвистикалық талдаудың ғылым үшін құндылығы ерекше. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған халықтың фразеологиялық қорында философиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті көрініс табады» (Авакова, 2002: 57-58).

Орнитонимдік фразеологизмдердің этномәдени семантикасында поэтикалық образдылық, эмоционалды-экспрессивтілік, ауыспалы көркемдеуіш тәсіл, коннотативтік мән, астарлы ой жұлгесі ашық та жасырын беріледі. Орнитонимдік фразеологизмдер мағыналық жағынан контекске қарай адам болмысын, дүниенің әр алуан құбылыстарын, табиғат ерекшеліктерін поэтикалық образды түрғыдан суреттеуге негізделеді.

Орнитонимдік фразеологизмдер көркем бейнелі мазмұнға ие, эмоциялық әсері күшті, астарлы ойды, ауыспалы мәнді білдіретін бірлік. Орнитонимдік фраземалардың коннотациялық сипаты мен стилистикалық боямасы, семантикалық қолданыс аясына қарай бірнеше мағыналық топтастырулардан тұрады. Олар: адам болмысын, дүниетанымдық әлемін білдіретін фраземалар; әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін фраземалар; өлшем мәнді білдіретін фраземалар; туыстық қатынасты білдіретін фраземалар; дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген фраземалар. Осы аталған орнитонимдік фраземалардың қолданыс өрісіндегі мағыналық топтастырулардың әрбіреуіне теориялық және практикалық түрғыдан жеке тоқталып, этномәдени семантикалық өрісі мен мағыналық мазмұнына зер салып, этномәдени кодын былайша ашып көрсетуге болады.

Адам болмысын, дүниетанымдық әлемін білдіретін фраземалар. Тілдік қолданыстағы орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған фразеологизмдердің басым бөлігі адам болмысы мен дүниетанымдық әлемін, адамның әралуан сапалық қасиеттерін, мінез-құлқын, адами келбетін, жақсы-жаман әрекеттерін суреттеуге негізделеді. Адам баласы құсқа тән ерекшеліктерді адамға телу арқылы жанды зат иелерінің ортақ қасиеттері мен ұқсас

ерекшеліктерін табиғаттың тылсым сырымен байланыстырады. Адам болмысы табиғи жаратылысы мен туа біткен қасиеті, индивидуалды психологиялық ерекшелігіне сәйкес күрделі феномен саналады. Ал адамның осындай ерекшелігін индивидтің образды ойлауынан туған дүниетанымдық фраземалар арқылы ғана түсіндіруге болады. Мәселен, *қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ* (бұл фраза тура және ауыспалы мағынада қатар қолданылатын поэтикалық образды тіркес. Тура мағынасындағы ақ сұңқар құстың қанаты қайырылып, майып болуы, топшысынан жаралануы күнделікті тұрмыстық өмірде орын алатын келеңсіз әрекет саналса, жақсы аттың аяғынан қалуы, тұяғын «тасқа» ұруы ақиқат әлемде кездесетін жағдаят саналады. Ауыс мағынада сұңқар секілді, тұлпар тектес адамның «төрт дүниесі түгел», «күбыласы тең» бола бермесі белгілі. Құс төресі сұңқарға баланған азаматтың ақиқат өмірде «қанаты мен тұяғының» бүтіні бола бермейді. Образды түрде айтқанда «бір кем дүние»); *қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай* (ел ішінде кең тараған ауыспалы мәнде жиі қолданылатын тіркес. Тілдегі тұрақты тіркестер бастапқы тура мағынасының негізінде ауыспалы мәнге ие болатындығы белгілі. Бастапқы тура мағынасы құстардың өз балапанын қорғауы, қоректендіруі, асыруы, бағуы, баптауына, қарлығаш секілді аузымен жем тасуының негізінде туындаған тіркес. Ал ауыспалы контекстік қолданыстағы мағынасында құс біткен өзінің балапанын «қызғыштай қорыса», адамның өз баласын асырауы, бала үшін «күндіз күлкісіз, түнде ұйқысыз» күндерді өткізіп барын салып еңбектенуі, тер төгуі мәпелеуі құстардың әрекетімен тікелей салыстырылады. Құстың бойындағы еңбекқорлық, мейірбандық, балажандылық, т.б. қасиеттер адамға тән екендігі поэтикалық түрде бейнеленген); *саясы жоқ дараққа бұлбұл қонбайды* (дарақ қазақ ұғымында қастерлі ағаш саналады. Ал сол дарақтың саясы болса қасиеті арта түседі. Егер жанға сая боларлық панасы болмаса парқы болмайды. Дарақтың пана боларлық саясы болмаса, бұлбұлда оған қонбайтындығы ауыспалы мағынада қолданылады. Дарақтың қасиеті бұлбұл қонарлық панасы, адамға оның саясы арқылы қадірі артады), *құс ұйқы* (құс секілді ұйқысы аз адамға қарата айтылады. Құстың бойындағы аз ұйықтап, көп ұшатындығын білген ұлт өкілдері құстың осы бір қасиетін адам бойындағы ерекшелікке қарата айтады) деген фразалық тіркестердің этномәдени се-

мантисынан адам баласының жаратылысы мен туа бітті болмысына тән ерекшеліктерді құстардың болмысымен байланыстыру этностың дүниетанымдық ерекшелігін көрсетеді.

Орнитонимдік фраземалардың қолданысынан құс атаулары негізінде *құстай ұшты* (ұшқыр, жүйрік), *қаршыға көзді* (көзінің өткірлігі), *қаз мойынды // аққу мойын* (әдемілік, сымбаттылық, кербездік), *аузымен құс тістеген // аузымен құс ілген* (желден жүйрік, құстай ұшқыр), *торғай қаққан тарыдай* (ала құлалық), *қырғи қуған торғайдай* (жан сауғалау, тоз-тозы шығу), *аққудың көгілдіріндей* (нәзіктік, әдемілік, мамықтық), *жем тасыған қарлығаштай* (енбекқорлық), *қызғыштай қорыды* (қызғану, күзету, қору), *адасқан құдай қайырылды* (жападан жалғыз қалу), *ақ сұңқар* (ер азаматтың баламасы), *балапан құстай оңдалды* (талаптанды, оңдалды), *жапалақ ұшпас* (жапан дала, құлазыған қу дала), *жүнін жүлген тырнадай/ тауықтай* (үскыны қашқан, сиқы кеткен), *жібек баулы қырандай* (алғыр құс сияқты, қиынға барар әрекеті туралы айтылған) секілді тіркестер теңеу мәнді сипат алып, адам мен хайуанаттарға қарата қолданылады. Орнитонимдік фраземалар теңеу мәнді сипат алып, қолданысқа енуі этностың аспан әлемі мен жер әлемін байланыстырушылардың арасындағы сабақтастықтың тілдік көрсеткіші саналады. Орнитонимдік фразеологизмдер – этномәдени семантикасында астарлы мазмұн, образды ой, поэтикалық көркемдікке ие болады. Осы ойдың дәлелі ретінде А. Дыбо: «В зониме закодированы ключевые культурные, психологические, социальные и ментальные черты, которые характеризуют конкретное языковое сообщество и его культуры» – деген тұжырымынан орнитонимдік фразеологизмдерде этнос мәдениетінің дүниетанымдық көрсеткіші жатқандығын көрсетеді (Дыбо, 2009).

Орнитонимдік фраземалардың ішіндегі адам болмысымен дүниетанымдық әлемін білдіретін фраземалар сандық және сапалық жағынан басымдық ие. Өйткені этностың күн көрісін, тарихы мен мәдениетін, дүние туралы түсінігін, өмірдің әр алуан құбылыстарын бағамдауы мен эстетикалық әлемін көрсетуге келгенде орнитонимдік фраземалардың белсенділігі жоғары. Мәселен, тілдегі *бұтаққа құс қонар, мақтаулыға сөз қонар; сұңқар қарға болмайды; әр құс өз үнімен сайрайды, әр гүл өз түсімен жайнайды; ақсұңқар қонған тұғырға қарға қонса – зорлық-ты; ит жүгіртіп, құс салды; көзден бұлбұл ұшты; көңілдің құсы ұшты*, т.б.

тіркестер орнитонимдерге қатысты үшқырлық, өткірлік, батылдық, әншілік, жасықтықпен қатар әралуан жол-жоралғылар мен салт-дәстүрлерді, дүниетанымдық әлемін, табиғи болмысын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени ерекшелігін көрсететін көркем салыстырулар мен тенеулер, метафоралар мен метонимиялар, орнитонимдік айшықты сөз орамдарына арқау болып этнос дүниетанымындағы мәдени мәнділіктерді білдіреді.

Әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін фраземалар. Сөз болмысына бірнеше қызмет тән. Сөздің сан алуан қызметінің біріне – әлеуметтік функциясы жатады. Сөз қоғамдық ортадағы қолданыс ерекшелігіне қарай әлеуметтік сипат алады. Сөз әлеуметтік ортада қолданыс тауып қана қоймай, сол әлеуметтік ортаның әлеуетін көрсететін ерекшелігі де білдіреді. Бұл ерекшелік тілдік қолданыстағы орнитонимдік фразеологизмдердің мәдени семантикасынан көрінеді. Қоғамдық әлеуметтік өмірде, тұрмыстық мәдениетте, адамдардың әлеуметтік өмірін орнитонимдердің негізінде жасалған поэтикалық фразеологизмдер арқылы жеткізудің нәтижесінде паралельді әлемнің (адам-құс) өзара ұқсастықтарын көруге болады.

Этностың әлеуметтік өмірі мен «құс-адам» паралель әлемін бейнелейтін фразеологизмдерге: *қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман* (бұла даланың бейбіт сүйгіш ән сүйгіш сайрауық құсы бозторғай саналады. Бозторғай – өлеңді өлкені, бейбіт өмірді сүйетін құс болғандықтан табиғатпен тамырлас халық өзінің бейбіт өмірінің бейнесін бозторғайдың болмысымен байланыстырған. Яғни, этнос дүниетанымындағы мамыражай өмірдің бейнесі қой үстіне бозторғайдың ұя салғанымен ассоциацияланады. Бейбіт өмірдің символы бозторғайдың еркін өмірімен бейнеленеді), *балапан басымен, тұрымтай тұсымен* (тура мағынасындағы балапан мен тұрымтайдың тыныш өмірі сыртқы күштердің әсерінен бұзылуы қатал табиғат заңы саналса, ауыспалы мағынада адам басындағы қиын қыстау кезеңді суреттеу үшін қолданылатын тіркес. Әркім жеке басын сауғалап, барар жер, басар тауы қалмаған шарасыз күйін бейнелейді. Адам басындағы аумалы-төкпелі кезең, құстардың басындағы жағдаятпен салыстырыла суреттеледі), *биті торғайдай, мойны ырғайдай* (бұл тіркестің лексика-семантикалық мазмұны мен поэтикалық көркем бейнесінен құс бейнесі мен адам бейнесін қатар көруге болады. Жүні жұлынған, жемсауында түгі жоқ жем іздеген аш құрсақ тозған

торғайдың көркем поэтикалық бейнесі арқылы адамның әлеуметтік мүшкіл хәлін қатар суреттейтін образды тіркес), *таз ашуын тырнадан алады* (әлдінің әлсізге, мықтының әлжуазға күш көрсетуі, қысым жасауы табиғаттың қатал заңы саналады. Құстарға тән мықтысының әлсізге қысым көрсетуі табиғаттың заңы ретінде саналса, адамдар арасындағы күштінің әлсізге, шендінің шенсізге, байдың жарлыға күш көрсетуі, құстардың өмірінен алынған әлеуметтік өмірдің ақиқат бейнесі саналады).

Әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін фраземалар ауыспалы мағынада қолданылып, құс бейнесі арқылы адамның қоршаған ортасы мен қоғамдық өмірін образды түрде суреттейді. Әлеуметтік тұрмыстық өмірді бейнелейтін *ит пен құсқа жем болды* (әркімнің бодауында кетті); *құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады* (селбесу, бір біріне дем болу, серіктесу); *кімнің тарысы піссе соның тауығы болу* (өзіндік ұстанымы жоқ); *басынан құс ұшырмады* (жаманшылық көрсетпеу, бетіне ешкім тура келмеу яки басынан сөз асырмау); *басынан құсы кетті* (бағы таю); *Бақ құсы қонды* (теңін тапты, жолы болды); *құстан қанжығасы құрғамаған* (жолы болғыш саятшы); *Жүнін жұлған тырнадай* (азып тозу); *тозған қазды топтанған қарға жейді* (әлсізге әлдінің қысымы); *екі басты самұрық құс* (үлкен күш иесі); *жабы емеспіз тұлпармыз, құлады емес сұңқармыз* (екінің бірі емеспіз); *жаураған торғайдай болып* (құлазып, берекесі кету); *кез құйрықты лашын деп* (жаманды жақсыға, жабыны тұлпарға, қорқақты батырға, қарғаны бұлбұлға балау); *қарға қарғаның көзін шұқымайды* (бірін бірі сатпау) секілді орнитонимдік фраземалар әлеуметтік өмірде болатын «ықпалдасу, селбесу, жан бағу, басым болу, қысым көрсету, жақсылық, жамандық» секілді әлеуметтік бірліктердің мазмұнын бейнелеп, әлеуметтік сипат алады.

Ұлт тіліндегі құстарға қатысты жасалған фразеологизмдердің қолданысынан әлеуметтік өмір мен тұрмыстық қатынастарға негізделген тіркестердің біршама кездесетіндігін байқауға болады. Сондықтан әлеуметтік өмірдің көрсеткіші саналатын орнитонимдік фразеологизмдер ғаламның тілдік бейнесін жасаудағы өзіндік орны бар болса, оларды этномәдени тұрғыдан талдау нәтижесінде этнос мәдениеті мен әлеуметтік өмірінің өрнегін көрсетуге мүмкіндік береді.

Өлшем мәнді білдіретін фраземалар. Аспан мен жердің, адам мен құстың арасы белгілі бір кеңістіктегі өлшем мен мөлшерге құрылған

табиғи алаң екендігі белгілі. Көк пен жерді байланыстырушы құстар болса, адамдар құстар арқылы екі әлемнің құбылыстарын когнитивтік санасында өзінше өлшеп, пішіп отырған. Тілдегі кейбір орнитонимдік фраземалар өлшемдік мәнде жұмсалады. Мәселен, *қасқалдақтың қанындай* (өлшемге келе бермейтін, нарқы мен парқы санауға болмайтын сансыз жоғары, тапшы да құнды зат болғандықтан, өлшемдіктің категориясына сыя бермейтін тілдік бірлік саналады); *қарға адым жер* (жақын жер, қол созым жер деген мағынада жұмсалғанымен контексте «қарға адым жер» «жақын да болса алыс, алыс та болса жақын» деген мәндегі коннотациясы басым мағынада жұмсалады); *қарға бойлы* (этнос дүниетанымында аласа бойлы немесе бәкене бойлы адамды қарғаның бойымен салыстыра суреттеу үрдісі қалыптасқан. Қарғаның аспанда жүргенінен жерде көп жүретіндігі этнос назарынан тыс қалмағандығы, аталған тіркестің қалыптасуына негіз болғандығын көрсетеді. Қазақы дүниетанымда «жерге жақын» адамды қарға бойымен салыстыру өлшемі көркем ойлаудан туған образды тіркес саналады); *құс қанаты талатын жер* («құстай ұшу» өте тез жылдамдықтың өлшемі саналса, сол құс екеш құстың қанаты талуы алыс қашықтықты білдіреді. Ұлт дүниетанымындағы алыстықтың өлшемі аспанда ұшқан құстың бір нүкте мен екінші нүктенің арасын бағындырудағы ойлау жүйесінің этникалық ерекшелігін көрсетеді); *торғай шырылдағанда* (көшпелі ұлт мәдениетінде таң азаншысы дала құстары яки түз құстары саналған. Таңның атқанын, күннің шыққанын торғайдың шырылынан, құстың сайрауынан ұғынып, уақыт пен кеңістіктің арасын өзінше бағамдау үрдісі көшпелі өркениетке тән болған. Көшпелі халық тауық (өтеш, қораз) секілді үй құстарын ұстамаған. Үй құстары өтештің азаншы болуы мен қораздың қоқиалауы отырықшы мәдениетпен тікелей байланысты саналады. Таң алдында, құс сайрағанда күнделікті үй тұрмысы мен шаруа қамына кірісу көшпелі елдің көшпелі мәдениетінің көрсеткіші саналады); *жыл құсындай* (күн райының маусымдық мезгіліне қарай күн суытса жылы жаққа кетіп, күн жылы да қайта оралатын құстарға қарата айтылуымен қатар, жылдың басы, көктемнің келуі, күннің жылынуы, жақсылық пен жаңалықтың орнауы жыл құстарының оралуымен астасып беріледі. Жыл құсы жаңалықтың жаршысы ретінде саналады. Жыл құсының өлшемі жаңалық пен жақсылықпен ассоциацияланады).

Этностың өлшем мәнді түсінігі орнитонимдік фраземалар арқылы да жасалады. Ұлт өкілдері дүниенің әр алуан құбылыстарын қабылдауы мен бағамдауы, дүниенің әр алуан фрагменттерін өлшеп-пішуі табиғаттың жанды-жансыз заттарының негізінде жиі жасалады. «Этнос дүниетанымы мен тіліндегі ғалам бейнесі – адамның қоршаған әлемді тануының негізі. Әр ұлт ғаламды өзінше танып, өзінше пайымдайды. Демек, тіл бабаларымыздың санасында орныққан «ғалам бейнесін» қалпына келтіруімізге мүмкіндік береді, яғни тілімізде сақталған білім қоры, ғасырлар бойы жинақталып, қатталған танымдық ақпарат арқылы ата-бабаларымыз қалыптастырған «ғалам бейнесін» елестетеміз. Сондықтан адам дүниетанымының басты элементі – ғалам бейнесі деуге болады. Өйткені онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған» (Сүйерқұл, 2022: 84).

Туыстық қатынасты білдіретін фраземалар. Тілдегі орнитонимдік фраземалардың қолданысынан этноқауымдастық мәдениетіндегі туыстық пен жақындықты, отбасылық немесе үйелмендіктің көрінісін байқауға болады. Мәселен, *қарға тамырлы // қарға тамырлы қазақ* фраземасында бүтіндей ұлттың туыстығы мен тамырластығы, қазақ пен қазақтың қандастығы, бір қарыннан тараған қауым елдің «қарын бөлелікке» ұласқан біртұтастығы, топтасып жүруі бауырмалдықтың өлшемі ретінде танылады. Қазақ руханиятында қарғаға қатысты әр алуан жағымды-жағымсыз тілдік деректердің көптігі «қарғанын» адамға ұқсас бір басына жетерлік жақсы да жаман қасиетіне байланысты қолданылады. «Қарға тамырлы қазақ» тіркесі туыстық, бауырмалдық, біртұтастық деген мәнде жұмсала келе, бүтіннің бөлінбеуіне, бөлшектің бүтіндігіне қызмет етеді. Құс қанаты талатын қазақ даласын қарғасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан тілдік қолданыста қарға мен қазақтың қатар аталуы табиғи құбылыс. Қарға мен қазақтың қатар қолданысы табиғи мекені мен климаттық белдеудегі тіршілігінің ортақтығы, қарғаның тілдегі қолданысы мен ойдағы ассоциациялануы заңдылық саналады. «Қарға мен қазақтың тамырластығы» *қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым* деген тіркестермен ұласуы қимас көңілдің, өкшелес бауырдың, қаумалаған ағайынның, өрісі бөлек болғанмен, тумысы бір екендігін көрсетеді. Тілдік қолданыста «қарға» сөзі яки морфемасы арқылы жасалған «*қарғам, қарғатай, қарғатайым, қарғашым, қарғам-ау, қарғаш-ау, қарғам-ай, қарғашым*» секілді қаратпа

сөздер жиі қолданылады. Аталған қаратпа мәнді қолданыстардың ішкі семантикалық иірімінен сүйіспеншілік пен мейірімді білдіретін жағымды эмоциялы қаратпа сөздер саналады. Ал «қарға» сөзі негіз болған фраземалар мен поэтизмдердің этимон түбірінің (*қар+ға+ын+дас // қара тарту // қараю // қара басу // қары сыну*) түбі – бір түбірден тарайтындығы этимология ғылымында қарастырылып жүргендігі белгілі. Сондай-ақ *қаздың балапанындай // үйректің балапанындай* деген тіркестерде «бір үйдің баласындай, бес қолдың саласындай, ошақтың үш бұтындай» секілді ұйымшылдық, үйелмендік, біртұтастық секілді мағынада жұмсалады. Яғни, туыстық қатынасты білдіретін фраземалар этнос дүниетанымындағы құстар өмірі мен адамзат тұрмысының ұқсастығы, табиғи ортақтықты, уақыт пен кеңістіктің бірлігін, аспан пен жердің сабақтастығын, табиғат жаратылысының өзара ықпалдастығы мен бірлестігін көрсетеді.

Дәстүрлі әдет-ғұрыптарға негізделген фраземалар. Этностың табиғатпен етене жақындығы ұлт мәдениетіндегі рухани категориялармен сабақтасып кеткендігінен көруге болады. Тілдегі кейбір әдет-ғұрыптар мен стеротиптер құс атаулары арқылы жасалып, ұлт мәдениетінің дүниетанымдық ерекшелігін көрсетеді. Этнос мәдениетіндегі *үкі тағу // үкі тақты* тіркестері ұлттық дәстүрмен тікелей байланысты. Үкі – қазақ дүниетанымында қасиетті де киелі құс. Үкі тағу тіркесі тікелей тура мағынасы арқылы, дәстүрлі мәдениетті білдіреді. «Қазақ үкінің қанат-жүнін қасиеттеп, оны киелі дүние санаған, сол үшін қыздардың тақия бөркіне, балалардың көйлек, камзолына қадап, жас баланың бесігіне байлап қоятын болған. Бұл жерде сол «үкілі тақия, бөрік» мағынасында айтылып отыр. Өйткені оң жақта отырған қыз енді үкілі тақиясын тастап, еріксіз сәукеле киеді, бұрын көріп, білмеген жат жұртқа келін болып түседі, міне, ұзатылғалы отырған қыздың үкі-ау деп қайта-қайта айтып, қайталауының бір мәнісі сол (Уахатова, 2004: 194). Сонымен қатар үкі киелі құс ретінде бағаланып, этнос дүниетанымында сакральды мәні басым саналады. Бұл ерекшелігі турасында Ғ. Ақпанбек: «Қазақ қыздарының тақиясына тағынатын үкі қауырсыны аспан – көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі болып шығады. Ал әшекейге үкі қауырсынын қолданудың өзіндік себебі бар. Таңдай өрнекті сарғылт түсті үкі қауырсыны қарағанда жағымды әсер етеді. Сонымен қоса, үлпілдеген үкіде үлбіреген кескінге әр беріп, сымбаттандыра түсетін ерекше өркендік қасиет

бар. Үкінің қарағанда көретін жігілігі, дыбыс шығармай ұшуы, басқа құстардан ерекшелігі де, оны қасиетті деп есептеуге себеп болса керек» (Ақпанбек, 2013: 32). Этностың орнитонимдермен тығыз байланысы тілдегі тіркестердегі қолданысымен қатар, дәстүрлі мәдениетіндегі әдет-ғұрыптарынан орын алуы «этнос-құс-табиғат» триадасының табиғи сабақтастығын көрсетеді. Мәселен, тілдегі *құс қайырлы (құсын құтты) болсын!* (екеуара бас құраған, отасқан жұптарға, ер азаматқа қарата айтылатын тілек мағынасындағы тіркес. Қолына құсын қондыру үйлену, үй болу, жаңа отау тігу, жас шаңырақ болғандықтан, көптің шынайы көңілден айта-тын бата-тілек сөзі саналады); *бақ құсы қонсын!* (Бұл тіркестің мәнісі әлі бас құрамаған, алайда ниет етіп жүрген жастарға жұбыңды адаспай тап деген мағынада қолданылатын ниеттес мәнді білдіретін тіркес); *ит-құс жегірі! // ит құсқа жем болсын (ды)* (ызалы жүректен, назалы көңілден, ащы тілден туған туған қарғыс мәнді сөз. «Қызғанғаның қызыл итке жем болсын!» деген қам көңіл ниеттен шыққан ызалы сөз. Қазақ дүниетанымында ит пен құс бермесінді тартып алатын, «берсең қолыңнан бермесең жолыңнан» жұлып алатын қасиетінен қорқады. Бірақ этнос өкілдері ит пен құстан қаншалықты қорыққанымен, оларды соншалықты құрметтеген. Ит пен құстың осындай «озбырлығын» этнос дүниетанымында өзара туған қарама-қайшылықтарда қимасынды «ит пен құсқа жем болсын» деген наразы көңілден туған ызалы сөз саналады); *қолымызға қарға тышар* (ауызекі тілде қолданылатын дүние алма кезек, уақыт өтпелі, дүние көшпелі, өмір айнымалы дегенді еске салу үшін кекесін мәнде қолданылатын қам көңілден шыққан сөз. Бүгін сенде бар менде жоқ дүние ертең керісінше болуы ықтимал дегенді білдіретін мағынада жұмсалады); *тұғырынан тайды* (тура мағынасында бүркіттің қонақтап отыратын орын ағашы саналады. Қыранның бабы мен бағы келіскен уақытта тұғырында отыруы сән мен салтанатты, мықтылық пен күштіліктің белгісі саналады. Ал ауыспалы мағынада күні жетіп уақыты өткенде бойдағы күші кеміп, қайраты семіп, қолынан билігі кеткен, сөзі өтімсіз, жүрісі мардымсыз деген контексте жұмсалады); *тұғыр жабар* (бұл тіркес қазақ мәдениетіндегі ерекше бір дәстүрлердің нышаны саналады. Этнос мәдениетінде бермесінді беруге, қимасынды қиюға тура келетін ықтиярсыз көнетін кездер болады. Тұғыр жабу тура мағынасында қыраның көзі түскен көңілі ауған адам қаласа, сол кісінің

көңілін қимас үшін қыранды беруге тура келеді. Ал ол кісінің өз тарапынан қыранның орнына қарымтасы ретінде қайыратын кәде сыйы «тұғыр жабу» деп аталады).

Тілдегі жалпы орнитонимдік фразеологизмдер – этностың табиғатпен тамырластығын, құстармен етене жақындығын, өмір сүру салты мен тұрмыстық өмірін, географиялық жер жағдайын, дүниетанымдық ерекшелігін тіркестер коннотациясынан, стилистикалық сипаты жағынан сан алуан мәнді ассоциацияны тудырып, ойлау процесі заңдылықтарының нәтижесінде алуан түрлі ауыспалы мағыналық қолданысқа ие болады.

Ұлт тіліндегі орнитонимдік фраземалардың этномәдени семантикасын зерделеу арқылы этноқауымдастық өкілдерінің мәдениеті мен менталитетін, тарихи баяны мен этнографиясын, мифтік әпсаналар мен тарихи аңыздарын, әлеуметтік-тұрмыстық өмірі мен психологиялық ерекшеліктерін, дүниетанымы мен ойжүлгесін жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Орнитонимдер тірек болған фразеологизмдердің этномәдени семантикасы мен прагматикалық қолданысынан адам баласының болмысы, жақсы-жаман мінезі, әралуан іс-әрекеттері, дүние құбылыстарына қатысты сыни көзқарастары тура және ауыспалы мағыналар арқылы беріліп, паралельді қолданыстар арқылы дискурсқа түсуі «тіл-адам-табиғат», «тіл-құс-адам» триадаларының сабақтастығы тілдің өміршеңдік (кумулятивтік) қызметінің көрсеткіші саналады.

Қорытынды

Құстарға қатысты фраземалардың мағыналық қолданысының астарында этностың аялық білімінің элементтері, адам санасындағы ақиқат әлемнің алуан түрлі құбылыстарының ассоциациясы поэтикалық образды түрде беріледі. Орнитонимдік фразеологизмдердің қалыптасуы мен қолданысы көптеген дүниетанымдық деректердің этномаркерлі бейнесінің қайнар көзі саналады. Орнитонимдік фраземалардың тілтанымдық табиғатынан этностың рухани және заттық мәдениетін, дүниетанымы мен ойлау жүйесін, салт-дәстүрі мен наным-сеніміне

қатысты ақпараттар шоғыры жинақталғанын байқауға болады.

Сонымен жоғарыда айтылған ой-пікірлерді, талдау-талқылауларды қорыта келе, орнитонимдік фразеологизмдерді антропоцентристік парадигма аясында зерттеудің нәтижесінде мынадай ой-қорытулар жасауға болады:

– қазақ тіліндегі орнитонимдік фразеологизмдер – этностың тарихын, адам болмысын, мәдениетін, менталитетін, дүниеге көзқарасын және т.б. поэтикалық образды түрде бейнелейді;

– орнитонимдік фразеологизмдердің семантикалық астары мен мағыналық қолданысында тіл мен этностың, тіл мен мәдениеттің, адам мен құстың, адам мен табиғаттың өзара бірінен бірін ажыратуға келмейтін сабақтастығы көрініс табады;

– орнитонимдік фразеологизмдерге жасалған талдаулар нәтижесінен этностың құстар әлемі туралы түсініктерін, поэтикалық образды ойлау жүйесін, тура және ауыспалы мағыналардың жарыса қолданысын, құс пен адамды салыстырудағы паралельді бейнелі-ассоциациясының лингвомәдени мазмұны беріледі;

– орнитонимдік фразеологизмдердің тақырыптық-мағыналық топтастырылуы адам болмысына, дүниетанымдық әлеміне, әлеуметтік өміріне, туыстық қатынасына, дәстүрлі мәдениетіне қатысты этномәдени семантикасы айқындалады;

– тілдегі орнитонимдік фразеологизмдердің этномәдени семантикасынан этностың когнитивтік санасындағы құстар әлемі туралы аксиологиялық көзқарасы мен коннотативтік бағамдауы ғаламның орнитонимдік бейнесін сипаттап, этностың ғасырлар бойғы мақұлқат (құстар) әлемі жайлы көзқарасы рухани құндылықтар жүйесі екендігін көрсетеді.

Мақала Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары мен қызметкерлерінің ғылыми жобаларының Ректор гранты «Орта мектептерде поэтикалық мәтіндерді кешенді талдаудың ғылыми әдіснамалық негіздері» атты шағын ынталандыру жобасының аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2013. – 246 б.
- Ақпанбек Ф. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 56 б.
- Бектемирова С.Б. Қазақ тіліндегі киноморфизмдер: фил. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2005. – 121 б.
- Дыбо А.В., Никуленко Е.В. Зооморфная метафора «медведь» в русском, английском и языках Южной Сибири // Язык и культура. – 2019. – № 45 – С. 75-95.
- Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
- Kalimbetov B.I., Iskenderova S.B. National and cultural peculiarities of phraseological units with ornithonym components in english and karakalpak language // EPRA International Journal of Multidisciplinary Research (IJMR). – 2023. – Vol. 9. Iss.12. – P. 240-248. <https://doi.org/10.36713/epra15195>
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. III том: Табиғат. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
- Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 2011. – 304 б.
- Makhmudova N.R. Semantic features of phraseological units with a component-ornithonym in english and uzbek languages // Проблема наук. – 2020. – № 2(147). – P. 43-45. [Электронды ресурc]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/semantic-features-of-phraseological-units-with-a-component-ornithonym-in-english-and-uzbek-languages>: (Пайдаланылған күні: 03.01.2024)
- Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 2018. – 198 б.
- Сүйеркүл Б.М., Қыдырбаев Қ.А. «Тәржүмандағы» күс атаулары және олардың прагматикалық ерекшеліктері // Яссауи университетінің хабаршысы. – 2022. – № 4(126). – Б. 79-91. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.07>
- Sakhibullina K.A., Andreeva Y.A., Nazmieva E.I., Mefodeva M.A. «Phraseological units with the ornithonym component in social networks and their variations» // Russian Linguistic Bulletin. – 2013. – №1(37). – P. 1- 4. [Электронды ресурc]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/phraseological-units-with-the-ornithonym-component-in-social-networks-and-their-variations>: (Пайдаланылған күні: 08.01.2024)
- Телия В.Н. Культурно-национальные коннотации фразеологизмов // Славянское языкознание. XI международный съезд славистов. – Москва, 2003. – 308 с.
- Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.
- Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 2004. – 288 б.
- Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2009. – 128 б.
- Usmonova, M., Kurbanova M. (2022) Linguocultural features of ornithonyms in proverbs [Электронды ресурc]. – URL: <https://papers.econferenceglobe.com/index.php/ecg/article/view/719> (Пайдаланылған күні: 08.01.2024).

References

- Avakova, R.A. (2013). Frazeosemantika [Phraseosemantics]. Almaty. Qazaq universiteti baspasy. (in Kazakh)
- Akpanbek, G. (2013). Qazaqtardy`ñ duniety`my` [Worldview of Kazakhs]. Almaty. Qazaq universiteti baspasy. (in Kazakh)
- Bektemirova, S.B. (2005). Qazaq tilindegi kinomorfizmder [Kinomorphisms in the Kazakh language]. Fil. gy`l. kand. diss. ...qol`zabasy` [dissertation ... on philological sciences]. Almaty: Al-Farabi QazUU. (in Kazakh)
- Dybo, A.V., Nikulenko, E.V. (2019). Zoomorfnyaya metafora «medved`» v russkom, anglijskom i yazy`kah Yuzhnoj Sibiri [Zoomorphic metaphor “bear” in Russian, English and languages of Southern Siberia]. Yazy`k i kul`tura [Language and Culture]. Vol. 45, P. 75-95. (in Russian)
- Kalimbetov, B.I., Iskenderova, S.B. (2023). National and cultural peculiarities of phraseological units with ornithonym components in english and karakalpak language. EPRA International Journal of Multidisciplinary Research (IJMR), Vol. 9 Iss. 12, 240-248. <https://doi.org/10.36713/epra15195>
- Kenesbaev, I. (2007). Qazaq tiliniñ frazeologiyalyq sózdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty. KazAkparat baspasy. (in Kazakh)
- Makhmudova, N.R. (2020). Semantic features of phraseological units with a component-ornithonym in english and uzbek languages. Problema nauk [The problem of sciences]. Vol. 2(147), P. 43-45. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/semantic-features-of-phraseological-units-with-a-component-ornithonym-in-english-and-uzbek-languages>: (Date of use: 03.01.2024)
- Qaidar, A. (2013). Qazaqtar ana tili áleminde: etnolingvistikaly`q sózdik. III tom. Tabigat [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary. Volume III. Nature]. Almaty. Sardar baspasy. (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2011). Qazaq tiliniñ ózekti máseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili baspasy. (in Kazakh)
- Smagulova, G.N. (2018). Magy`nalas frazeologizmderdin` ul`ty`q mádeni aspektileri [National cultural aspect of semantic phraseology]. Almaty. Gyl`ym baspasy. (in Kazakh)
- Suerkul, B.M., Kydyrbaev, K.A. (2022). «Táržumandagy`» kus ataulary` žáne olardy`ñ pragmatikal`y`q erekşelikleri [Bird names in “tuzhuman” and their pragmatic features]. Yassaui universitetiniñ habarshy`sy` [Bulletin of Yassawi University], №4(126), P. 79-91. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.07>. (in Kazakh)
- Sakhibullina, K.A., Andreeva, Y.A., Nazmieva, E.I., Mefodeva, M.A. (2013). Phraseological units with the ornithonym component in social networks and their variations. Russian Linguistic Bulletin, Vol.1(37), P. 1-4. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/phraseological-units-with-the-ornithonym-component-in-social-networks-and-their-variations>: (Date of use: 08.01.2024)

Teliya, V.N. (2003). Kul'turno-naczional'nye konnotaczii frazeologizmov [Cultural and national connotations of phraseological units]. Slavyanskoe yazykoznanie. III mezhdunarodnyj s'ezd slavistov [Slavic linguistics. XI International Congress of Slavists]. Moscow. (in Russian)

Tileuberdiev, B.M. (2007). Qazaq onomastikasy`ny`ñ lingvokonceptologiyaly`q negizderi [Linguoconceptological foundations of Kazakh onomastics]. Almaty. Arys baspasy. (in Kazakh)

Uahatov, B. (2004). Qazaqtyng halyq olenderi [Kazakh folk poems]. Almaty. Gylym baspasy. (in Kazakh)

Ualiuly, N. (2009). Frazеologiya žāne tildik norma [Phraseology and language norm]. Almaty. Respublikalyk baspa kabinetі baspasy. (in Kazakh)

Usmonova, M.(2022) Lingucultural features of ornitonyms in proverbs. [Electronic resource]. URL: <https://papers.econferenceglobe.com/index.php/ecg/article/download/719/712> (Date of use: 08.01.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

*Жиренов Саян (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, *e-mail: saken82@mail.ru);*

Аширов Жанибек Сатыбалдыевич – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: zh.ashirov@abaiuniversity.edu.kz).

Келін түсті: 24 қаңтар 2024 ж.

Қабылданды: 20 мамыр 2024 ж.

Қ.К. Кенжалин^{1*}, Ә.Қ. Таңсықбай¹, Б.Р. Құлжанова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kenkk@mail.ru

АУҒАН ЖЕРІНДЕГІ ЛАМҒАН АТАУЫНЫҢ ТАРИХИ-ТІЛДІК НЕГІЗІ

Топонимдер салыстырмалы түрде алғанда лексиканың тұрақты лексикалық қабатына жатқызылады. Әрбір жер-су атауы өзінің бойында ұлттың өзіндік болмысын құрайтын тіл, діл, дінге қатысты аса құнды деректерді ұзақ уақыт сақтайды. Бұл атаулар ұлттардың пайда болуының, гүлденуінің, құлдырап жойылуының куәгері болады және тарих беттерінде ұлт атауына ілесіп жүреді. Белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан жер-су атауы көп жағдайда өз атаушысынан ұзақ өмір сүреді. Бұл себепті кез-келген топонимді алып қарастырсақ, түбінде қандай да бір ұлтқа қатысты мәліметке қол жеткіземіз. Осындай құбылыстың табиғатын тану мақсатында Ламған топонимі алынған. Ламған яки Лағман – қазіргі Ауғанстан құрамындағы уәлаят. «Ламған» сөзінің шығу тегі мен жалпы мағынасын анықтау үшін түрлі тілдік-тарихи дерек көздері пайдаланылды. Негізгі зерттеу материалы ретінде XVI ғ. ортағасырлық түркі тілінде жазылған «Бабырнама» жазба ескерткіші қарастырылады. Орта Азия, Ауғанстан, Үндістан жерлерін билеген Захириддин Мұхаммед Бабырдың естеліктерін дерек көз ретінде таңдаудың басты себебі – топонимикалық мәліметтерге бай болуында. Ең алғаш аталған еңбекте берілген және кейін танымалдыққа ие болған этимологиялық болжам бойынша, Ламған топонимі Нұх пайғамбардың әкесі Лам / Ламак / Ламкан есіміне байланысты қойылған. Алайда зерттеу нәтижесінде бұның халықтық этимология екені анықталды. Шын мәнісінде жер атауы оны мекендеген ламба / лампака жұртының атауынан шыққан. Тайпаның өзі әлсіреп, қазіргі заманға дейін ұлт болып жетпесе де, туған мекенінің атауы тайпа есімін тарихта сақтап қалған. Лингвистикалық факторлардан гөрі эксталингвистикалық факторлар әсерінен семантикалық өзгеріске ұшыраса да, талдау нәтижесінде бұл өзгерісті анықтауға болады. Бұл мысал қазірде бар жер-су атауларын зерттеуге, түзетуге септігін тигізеді деп сенеміз.

Түйін сөздер: Ламған, Бабырнама, Бабыр, топоним, этимология.

K.K. Kenzhalin^{1*}, A.K. Tangsykbai¹, B.R. Kulzhanova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

²Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

* e-mail: kenkk@mail.ru

Historical and linguistic basis of the name Lamghan in Afghanistan

Toponyms belong to a relatively stable lexical layer of vocabulary, so it retains information about the language, mentality, and religion that make up the identity of a nation longer. In most cases, toponyms formed during a certain historical period outlive their creators. For this reason, each toponym, when examined in detail, provides information related to a particular people. In order to recognize the nature of such a phenomenon, the toponym Lamghan was taken. Lamghan or Laghman is a province of modern Afghanistan. Various linguistic and historical sources have been used to determine the etymology of "Lamghan". The autobiography of Zakhiriddin Muhammad Babur "Baburname", written in the medieval Turkic language in the 16th century, was taken as a basis, as it is rich in toponymic information. According to the etymological assumption, first stated in this work and subsequently gaining popularity: the toponym Lamghan is associated with the name Lam / Lamak / Lamkan, the father of the prophet Noah. As a result of the study, it turned out that this version is a folk etymology. In fact, the name of this place retains the names of its inhabitants – the Lamba / Lampaka people. The semantic change is no longer caused by linguistic, but by extralinguistic factors, which was revealed as a result of the analysis. This history of one toponym can serve as an example for further study of existing toponyms, as well as their correction.

Key words: Lamghan, Baburname, Babur, toponym, etymology.

К.К. Кенжалин^{1*}, А.К. Тансықбай¹, Б.Р. Кулжанова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

* e-mail: kenkk@mail.ru

Историко-языковая основа названия Ламган в Афганистане

дыққа сену ассоциацияға, әдетке байланысты болса, Канттың ойынша, жалпыға бірдей каузалдық қағида болады. Шопенгауэр каузалдықтың үш түрін айырып қарастырады: өз мағынасындағы себеп (биорганикалық әлемге тән), тітіркену (органикалық өсімдіктер әлеміне тән) және себеп-дәлел (мотив барлық жанды тіршілік иелерінің қимыл-әрекеттерінде кездеседі). Милль, Спенсер т.б. себептілікті индукцияның көмегімен тек тәжірибеде ғана кездеседі деп түсіндірді, ал позитивистер (Конт, Авенариус, Мах т. б.) каузалдық ұғымын функционалды тәуелділік ұғыммен алмастырды (Философиялық энциклопедия, 2021: 527).

Т. Гоббс (1588–1679) (Гоббс, 1989: 24), Г.В.Ф. Гегель (1770–1831) (Гегель, 1974: 452) мен Д. Юм (1711–1776) (Юм, 1965: 847) да себеп пен салдарды өз еңбектерінде тереңнен зерттеді. Алғашқы екеуі себеп пен салдарға қоса кездейсоқтықты да ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырысты. Ағылшын философы Давид Юм каузалдықты дәлелдеу мүмкін емес, өйткені әсер себептен пайда болмайды деген пікір білдіреді.

Функционалды грамматика – қазіргі қазақ тіл біліміндегі жетекші салалардың бірі. Алғаш рет қазақ тілші-ғалымдары арасында Е. Жанпейісов бұл саланы «қызметтік грамматика» деп атады (Жанпейісов, 2003: 41-50). Қазақ тілінің функционалды грамматикасы жайлы ғылыми-теориялық тұжырымдары мен ұғымдарына қатысты жазылған ғылыми зерттеулер бар (Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, 2010: 720) (Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, 2013: 808). 2016 жылы Мемлекеттік тілді дамыту институты функционалды грамматикаға арналған З. Ахметжанова, Қ. Рысалды, О. Жүмбаева, А. Жаңабекова, М. Жолшаева, Б. Қапалбек сияқты зерттеушілердің монография-оқулығы жарық көрді (Жұмсалымды грамматика, 2016: 508). Аталған оқулықта функционалды грамматиканың бастау көздері, функционалды грамматика теорияларының қалыптасуы, функционалды және құрылымдық грамматиканың ұқсастықтары мен айырмашылықтары және оның кейбір ұғымдары, атап айтқанда, аспектуальдық, темпоральдық, локальдық/бейлокальдық, таксис, модальдық және т.б. категориялар қарастырылған. Каузалдық категориясы толыққанды зерттеу нысанына ілікпеген.

Осы тұста айта кететін бір мәселе – құрылымдық грамматиканың синтаксис саласында себеп-салдар, пысықтауыштық қатынастар, шартты рай формасына қатысты М. Төлеуп, А. Алтаева, Г. Бекмаганбетованың ғылыми зерттеулері бар.

(Төлеуп, 2002; Алтаева, 2010: 47; Бекмаганбетова, 2010: 30). Бұл еңбектерді атап өтуіміздің себебі – бұл зерттеулердің нысаны болған синтаксистік құрылымдар каузалдық ұғымын жасауға тікелей қызмет етеді.

Функционалды грамматиканың ұғымдары ғылыми тұрғыдан сараланып, ең маңызды категориялар зерттеулерге негіз болған. М. Жолшаева аспектуалдық категориясын (Жолшаева, 2009: 57), Қ. Рысалды сын-сапа категориясын (Рысалды, 2007: 50), А. Жаңабекова темпоралдық категориясын (Жаңабекова, 2012: 154), А. Солтанбекова «Шақтық локалдык/бейлокалдык» категорияларын (Солтанбекова, 2010: 30) зерттеді.

Каузалдық категориясы қазақ тіл ғылымында функционалды грамматиканың негізгі тұжырымдары ретінде функционалды-семантикалық өрістерге топтастырылып, осы ұғымның әмбебаптық және лингво-философиялық мәніне үңілген Д. Алкебаеваның ғылыми зерттеулерін атап кетуге болады (Әлкебаева, 2019: 200). Зерттеу еңбекте функционалды грамматиканың ғылыми-теориялық тұжырымдары мен терминологиялық аппараты, негізгі өзегі саналатын функционалды-семантикалық өріс теориясы және категориялық жағдаят баяндалады. Осы еңбекте каузалдықтың көпқырлы сипаты мағыналық-мазмұндық күрделі тұтастығы жан-жақты қамтылған, осы ғылыми көзқарастардың нәтижесінде каузалдықты одан ары тереңдетіп, лингво-философиялық аспектіде қарастыруға бағыт-бағдар береді.

Каузалдық ұғымы түркі тілдерінде салғастырмалы-тарихи, типологиялық, салыстырмалы әдістер бойынша зерттелген (Абумова, 2002: 24), (Дробышева, 2008: 25), (Казакова, 2007: 20), (Тәжібаева, 2004: 356), (Хораскина, 2006: 17). Оның ішінде қазақ тіліндегі каузалдық категориясын С.Ж. Тәжібаева орыс тілінде алтай және тува тілдерімен, сондай-ақ орыс және ағылшын тілдерімен салыстыра-салғастыра қарастырған. Зерттеу жұмысында себеп-салдарды каузалдық категорияның орталық ұғымы деп алған және құрылымдық бағытта зерттеген (Тәжібаева, 2004: 356).

Каузалдық қатынасты лингво-философиялық тұрғыдан ғана емес когнитивті-прагматикалық аспектіде қарастырудың да маңызы жоғары. Себебі каузалдық заттар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыс қана емес, ол ойлау мен қорытынды шығару, қазіргі және өткен жағдайларды саралау, оның нәтижесін қолдану мен жоққа шығару секілді субъективті

пікірлердің де жиынтығы бола алады (Дальбергенова, Жаркынбекова, 2013).

Шетелдік лингвистикада каузалдық себеп-салдар тұрғысынан ғана емес, ойлаудың ерекше формасы және логика-семантикалық категория ретінде де зерттеу нысанына айналды. Адамзаттың іс-әрекеті мен көзқарасы, танымы мен ойлауы, сезімдік қасиеттердің қарым-қатынас барысындағы каузалдық ұғымы әмбебап категория екені айқын байқалады. Каузалдық заттар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысы ғана емес, ой және пікір қорытындысы, жағдайға байланысты жеке тұлғаның шешім қабылдауы мен субъективті көзқарасы да негізгі нысанаға алынады және каузалдық мағынасын беруі шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты (Pasch, 2003: 213), (Redder, 1990: 189), (Zufferey, 2012: 138-153.). Қазіргі заманауи лингвистикада каузалдық ойлау категориясы, логика-семантикалық жүйе ретінде де зерттелуде.

Нәтижелер мен талқылау

Философияда себеп пен салдар ұғымын алғаш жіктеген ежелгі грек философы – Платон (грекше: Πλάτων, б.з.д. 427-347). Оның ілімі бойынша, кез келген зат белгілі бір құбылыстар әсерінен жасалады, жойылады және қайта жаңғыртылады, себебі әлемде бір заттың пайда болуына белгілі бір себеп бар, себептен түрлі салдар пайда болатынын көрсетеді (Детерминизм и современная наука, 1987: 172).

Аристотель (б.з.б. 384-322 жж) болмыстағы себепті 4-ке бөліп қарастырады:

1) материалдық себеп – бір заттан бір заттың туындауы мен пайда болуы;

2) формальды себеп – заттың немесе құбылыстың бастапқы мәні;

3) қазіргі себеп – қозғалыс көзі;

4) мақсатты себеп – нақты бір мақсатқа жету жолындағы себеп (Аристотель, 1975: 550).

Дүниенің жаратылуы, ғаламның пайда болуы мен құбылыстардың құпиясын анықтаудағы себеп пен салдарды ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби де өз трактаттарына өзек етеді (Әл-Фараби, 1973:22). Оның себеп пен салдар, қозғаушы күш жайлы түсінігі мен тұжырымдары Аристотельмен сәйкес келмейді. Оған себеп – діни ұстанымы, дүниеге көзқарасы мен мәдени ортасы.

Аристотель үшін бірінші қозғаушы күш немесе себеп дүниені Жаратушы еншісінде емес, оның көзқарасы мен түсінігі, ғылыми болжамы бір орыннан қозғалмайтын дерексіз қозғаушы

күш және бүкіл әлемге еш қатысы жоқ трансценттік ақыл негізінде өрбиді. Салдардың себебін діни немесе мифологиялық таным-түсінікпен астастырмайды. Әл-Фарабидің діни көзқарасында себеп-салдар, дүниенің жаратылуы жайлы түсінік мол. Ол өзінің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты трактатында Жаратушы жайында: «Білгейсің, субстанциялар мен акциденциялардан басқа және сол субстанциялар мен акциденцияларды жаратқан мәңгілік жарылқаушыдан (Жаратушыдан) өзге ештеменің жоқ екенін. Осыдан соң бұлардың жаратушысы бар ма әлде оны ешқандай жаратушысыз көзге елестету мүмкін бе дегенді қарастырамыз; Осыны зерттеу себепті Хақ Тағаланы танимыз. Ол бар. Бұл ғылым ең жоғарғы табиғат ғылымы – метафизика немесе күдіретті ғылым деп аталады. Ғылым осымен тәмам» (Есім, 2004: 304).

Әл-Фараби Жаратушының кез келген құбылыс пен ғаламдағы тіршілікке себеп боларын айқындайды және оның күдіретіне еш шек келтірмейді. «Азаматтық саясат» деген трактатында себептің өзін 6-ға бөліп қарастырады. «Бірінші себеп – Жаратушы (Алла), екінші себеп – аспан денелерінің әсері, үшінші себеп – әрекетшіл ақыл-парасат, төртінші себеп – жан, бесіншісі – форма, ал алтыншысы – материя. Осы себептердің басында тұрған бірінші дәрежедегі себептің (Жаратушы) көп болатындығы әсте мүмкін емес, ол жалғыз болады, қалған дәрежедегілердің әрбірінде көптік бар, – дейді ғұлама. (Нысанбаев, 2009: 656) Шығыстың ұлы ойшылы бірінші себепті Жаратушы деп тануды ұйғарады. Оның болмысы жалғыз деген категориямен түсіндіріледі. Ол дүниеге тікелей емес, жанама түрде, ақыл-парасат арқылы әсер етеді. Философ бірінші себептің артықшылықтарын айрықша атап та жазады: «Ол – әрқашан Бірінші. Оны егер бөлінбейді деп есептесек, онда оны сан яки басқа да бөліну түрлері тұрғысынан қарастыруға болмайды және ол осы турасында да Біреу болмақ. Сол себепті әлемдегі өзге де нәрседен өзгешеленіп тұратын өзінің жеке-дара болмысының басқаша мәнге ие болуы да яки басқа бір нәрсе болуы да неғайбыл. Сондықтан ол – өзінің мәніндегі ерекше Себеп болып отыр» (Сандыбаев, 2020: 92).

Каузалдық ұғымына қатысты философияда әртүрлі теориялар бар. Соның ішінде ең көп таралғандары төмендегідей:

- детерминизм – дүниедегі барлық оқиға алдында болған жағдайлар арқылы жүзеге асады. Себеп салдардан бұрын болады, ал нәтиже себептен туындайды.

- индетерминизм – детерминизмге қарсы түсінік. Оқиғалар алдыңғы жағдайларға тәуелді емес, кездейсоқ болады. Себеп салдардан бұрын болмауы мүмкін, ал салдарға себеп түрткі болмауы да ықтимал.

- процедурализм – себеп оқиғалар арасындағы байланыс құралы. Оқиға барысына байланысты себеп пен салдар тәуелді шартты ұғым саналады.

Философиядағы себеп пен салдар ұғымы *қажеттілік, кездейсоқтық және талап* түсінігімен де байланысты. Кей философтар тек себеп-салдар ғана байланыста емес, кездейсоқтық, қажеттілік пен еркіндік те бірге жүреді деп санайды. Бұл көзқарасты ұстанушылардың бірі – нидерланд философы Бенедикт (Барух) Спиноза (1632-1677). Ол Құдайды ішкі себеп және әлемнің әмбебап себепкері деп санайды. Ол үшін дүние мінсіз, шексіз және өзіне өзі ғана себеп болады. Құбылыстардың пайда болуы, дамуы мен жойылуына объективті себептер әсер етеді (Спиноза, 1957: 631).

Француз ағартушысы Поль Анри Гольбах (1723-1789) себепті қандай да бір қажеттілік деп қарайды, ал кездейсоқтықты жоққа шығаруға тырысады. Ол үшін дүние қажеттілікке негізделген себеп пен салдардан құралған. Бәрі де қажеттілік, ал кездейсоқтық деген болмайды (Гольбах, 1963: 715).

Философия тарихында кездейсоқтық белгісіз себептердің салдары болады деген көзқарас бар. Ежелгі грек ойшылы Демокрит (б.з.д. 460-360 жж) дүниеде бәрінің де негізі бар, себепсіз ештеңе орын алмайды, ал «кездейсоқтық деген – адам санасындағы белгісіз себеп қана» деп ой түйеді (Детерминизм и современная наука, 1987: 172). Нақтырақ айтсақ, бір себептен екіншісі туындайды, екіншісінен үшіншісі пайда болып жалғаса береді.

XVII ғасырдың философы Т. Гоббс (1588-1679) дүниеде болып жатқанның бәрі қажеттілік бойынша жүзеге асырылады, ал кездейсоқтықты біз бағамдай алмаймыз деген пікірде болды (Гоббс, 1989: 24). Неміс классикалық философиясының өкілі Г.Ф. Гегель (1770-1831) «кездейсоқтық – бұл өзінің себебі жоқ, өзге бір мәнге ие» деп қарады (Гегель, 1974: 452). Оның көзқарасы бойынша әрбір құбылыс, әрбір ұғым іштей бір-бірімен байланыста дамып жетіледі және қайта беріледі. Мысалы, арман мақсатқа, керісінше мақсат арманға айналып кетуі мүмкін, сол секілді сан сапаға, сапа санға, себеп салдарға, салдар қайта себеп болуы мүмкін.

Ағылшын философы Д. Юм (1711-1776) себеп пен салдарды агностицизм ілімі негізінде қарастырады (Юм, 1965: 847). Ол себеп-салдар қатынасы барын дәлелдеу мүмкін емес деген пікір айтады, салдар себепке қатысты болмауы да мүмкін. Егер себеп пен салдар арасында қатынас болса да, ол белгісіз қалады, өйткені біз қайсысы себеп, қайсысы салдары болатынын анықтай алмаймыз деген қорытындыға келеді.

Философиядағы каузалдық заңдылықтарына қатысты «толық себеп», «негізгі себеп» деген де түсініктер бар. Толық себеп – барлық себептердің жиынтығы, негізгі себеп олардың ішіндегі ең маңыздылары. Бұдан өзге философияда нақты, жанама, қосымша, ішкі, сыртқы, объективті, субъективті, материалдық, идеал және т.б. себеп түрлері бар.

Лингвистер қолданыстағы себеп пен салдарды, каузалдық ұғымды зерттеу үшін тіл тарихына назар аударады. Кей сөздердің этимологиясына үңіліп, ұғымның адам ойлауындағы қалыптасу кезеңін анықтауға тырысады. Мысалы, санскрит тіліндегі *hinoti* сөзі қозғалысқа түсу, ынталандыру, мәжбүрлеу, лақтыру, көмектесу, насихаттау деген мағынаны білдіреді. Көне грек тіліндегі *aitia* сөзінің бастапқы мағынасы қандай да бір үлеске ие болу немесе қатысу деген ұғымға тура келеді. Латын тіліндегі *causa cudo* (ұру, соғу, үгіту, басу) сөзімен байланысты. *Cudo* етістігі латынның *causa* зат есімі арқылы көптеген роман тілдерінде (итальян, француз, румын, ағылшын) себеп ұғымын білдіреді.

Каузалдық категориясына жататын тілдік деңгейлерді грамматикалық тұрғыдан ғана қарастыруға болмайды, тілдің басқа деңгейлері арқылы да көрініс таба алатын категориялардың санатынан орын алады. Демек себеп-салдар ұғымдары семантикалық категория болып танылады да, оның тұрпат межесін құрайтын тілдік бірліктер парадигмасы нақты жүйеленуді меже етіп алады.

Қазақ тіліндегі каузалдық категориясын семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыруға болады. Ол үшін мағынасына терең мән беріп, айтылар ойдың мақсатына үңілу қажет.

1. Ықпалды себеп. Бір істің толық аяқталып, оның қандай да бір әсері болған жағдайда байқалатын каузалдық қатынас. Салдардың себебі айтылғанда немесе жазылғанда айқын байқалады. Мысалы: *Мүмкін, санайын десе, мыңға дейін де, одан да әрі санай алар ма еді, бірақ олардың кемпірге қажеті шамалы болды* (Жармағамбетов, 2002: 212). *Соңғы бес-алты жылда Ораштың қалың бауының да сәні кеткен. Бау*

ағаштарын жұрт отынға жағып жіберді (Нұрмағамбетов, 2001: 440). Осы берілген мысалдардағы бірінші сөйлемде каузалдықтың семантикасы «бірақ» деген жеке сөз арқылы берілген. Екінші сөйлемде каузалдық мағынасы екі жай сөйлемнің қатарласып келуі арқылы айқындалады. Жай сөйлемнің екіншісі біріншісінің себебін толық түсіндіріп тұр, яғни Ораштың қалың бауының сәні кетуі – жұрттың оны отынға жағып жіберу себебінде жатыр. Соңғы сөйлемнен ықпалымен қатар салдары да айтылады.

2. Бейсаналы себеп. Бұл қатынаста басты рөлді адам атқарады. Адамның көңіл-күйі, эмоциясы мен психологиялық жағдайымен тікелей байланысты болады. Мысалы: *Отамалының денесінде ыстық қан ойнап кетті, беті балбырап, тізесі ысыды* (Жармағамбетов, 2002: 212). *Аспаннан найзағай шарт етіп құлап түскендей болды: кемпір итсигек шауып жатқан шотын әнтек қоя беріп, селк етіп еріксіз жоғары қарады* (Жармағамбетов, 2002: 212). Бұл екі мысалда да Отамалы мен кемпірдің көңіл күйі, психологиялық жайы мен еріктен тыс сезімі көрініс табады.

Мысалдарда көрсете кеткендей, бейсаналы себептің салдары бейсаналы күйде немесе саналы да бола алады.

А) Бейсаналы себеп бейсаналы салдарға алып келгенде, мысалы: *Таңырқаған, қайран қалған кемпірдің жүрегіне қорқыныш кіре қойған жоқта, бірақ өзі түсінбейтін, бұрын білінбеген белгісіз бір сезімге енді* (Жармағамбетов, 2002: 212). Сөйлемде кемпірдің белгісіз бір сезімге бөленгені бейсаналы қалыпта жүзеге асады.

Б) Бейсаналы себеп саналы салдарға алып келгенде, мысалы: *Үсентай әуелде тымырайып отырғанмен шайдан өтіп, етке жеткен кезде ірі сөйлеп, мол күліп, еңсесін өзгелерден көтеріп алды* (Нұрмағамбетов, 2001: 440). Сөйлемде Үсентайдың айналадағы жағдайға қарай еңсесін тіктеп, өзін ортада айрықша ұстауы аңғарылады.

3. Салдары бар себеп. Бұл себеп күнделікті өмірде көптеп кездеседі әрі міндетті түрде қандай да бір нәтижесі болады. Мысалы: *Отағасы осылай дей бергенде дәрігер-хирург қайта кіріп келді де, ол әңгімесін доғара қойды* (Нұрмағамбетов, 2001: 440). *Мыңдаған, миллиондаған дыбыстар – гүлдердің шайқалуы, құстардың шиқылы, жәндіктердің қыбыры, желдің ызыңы – жаз мелодиясын шертеді* (Жармағамбетов, 2002: 212). Қарап отырсақ, екі сөйлемде де себептің салдары айқын аңғарылады: дәрігер кіргенде әңгімесі доғара қалуы мен жаз мелодиясын жұртқа аян ететін құбылыстар. «Ұстазымен ұзақ сөйлескен-

нен кейін, ол осы тақырыпқа қызыға бастады... Асығамын деп қолын күйдіріп алды» десек те, салдары бар себепті байқаймыз.

4. Қайтарымы бар себеп. Қандай да бір оқиға немесе процесс кейіннен басқа бір жағдайдың жүзеге асуы себеп болуы мүмкін. Сол себептен қандай да бір нәтижеге айналып шыға келеді. Мысалы: – *Ах, Марфий, мен саған көрсетермін. Әлсіз адамға бокстың техникасын таныстыруға шебер екенсің* (Жармағамбетов, 2002: 212). *Бөлінердің алдында достарымен арада несиеге алған үлкен сомадағы ақша дау боп... соны шамасы Шәріпхан пайдаланып кеткен-ау... Олай дейтіні Шәріпхан достарына көп жолагысы келмесе де, достары мұның соңынан қалмай жүрді* (Нұрмағамбетов, 2001: 440). Келтірілген мысалдардағы себептің түбі бір өтеуі бары байқалады. Болмыстағы шындықты танудағы бір себептің мәні көрініс табады.

5. Ынталандыратын себеп. Бұл қолдау, адамды ынталандыру, мотивация сыйлау мақсатында қолданылады. Оның салдары қуанышын елеу, ескеру және көпшілікке үлгі ретінде көрсетуді танытады. Сол істі қайталауға немесе өзгелер де солай жасауға болатынын, өзгелердің де қолынан келетініне үндейді. Мысалы: *Олар аңнан кештетіп олжалы қайтты. Қырғауылдың дәмді етін екеуі бір жетіге дейін асып та, қуырып та жеді* (Нұрмағамбетов, 2001: 440). Жылдың қай мезгілі болса да, қолына тиын-тебен түссе, клубқа асығатын (Жармағамбетов, 2002: 212). Берілген бірінші мысалдағы екінші сөйлем біріншісінің нәтижесін көрсетіп, қырғауыл етінің дәмді әрі бір жетіге жуық мол азық болғаны тағы да баруға ынталандырады. Екінші мысалда клубқа барып кино көргенді жақсы көретіні, қолына ақша түссе сонда асығатыны айтылады.

6. Ойдан шығарылған немесе болжамды себеп. Бұл айтушының немесе ойын жеткізушінің дәл осындай нәтижеге алып келудегі сенімсіздігі мен күдігін білдіреді. Мысалы: *Мұғалім төбелестің шын мәнін білмеді ме, әлде біле тұрса да ештеңе дегісі келмеді ме, әуелі тіс жарып ештеңе айтқан жоқ* (Жармағамбетов, 2002: 212). *Мырзамыз одан әрі өзін-өзі қинамай-ақ әлгі жалаңаш қыздың суретін бетіне жамылған күйі қисая кетті де, түсінде де үздік... үздік... сол жалаңаш қызды көріп жатты* (Нұрмағамбетов, 2001: 440). Берілген екі мысалда да болжамды себеп айтылады: біріншісінде мұғалімнің төбелес жайлы тіс жармауы жазылса, екіншісінде де «үздік» сөзімен ойдан шығарылып айтылады (ол түсінде жалаңаш қызды көрмей жатуы да мүмкін).

7. Беймәлім себеп. Бұл салдары бар, бірақ себебін әлі күнге дейін анықтау мүмкін болмай келе жатқан құбылыстар мен түсініктер. Мысалы, жер дүмпуін алдын ала ешкім болжап айта алмайды. Заманауи технологиялар арқылы болжамдар жасалғанмен, қай күні болатынын нақты айту қиын. Ал сілкіну себебін жалпылама білгенмен, нақтысын табу қиын. Осы секілді галактикадағы қара құрдым да адамзат үшін әлі белгісіз. Қара құрдымның кей аспан денелерін жұтып алуы – ғылым үшін әлі де беймәлім дүние. Сондай-ақ қазіргі медицинадағы қатерлі ісік дерті де дауасы жоқ ауруға айналып барады. Ал оның туындау себебін әлі ешкім дөп басып айта алмай келеді. Осыған қатысты каузалдық категориясының осы бір семантикалық ерекшелігі тілімізде де кездеседі.

Функционалды грамматиканың теориясы бойынша оның ұғымдары семантика тұжырымдамасын негізге алады, бұл – қарастырылып отырған каузалдыққа тән құбылыс. Каузалдық функционалды-семантикалық өрісте орталық және шеткері аймақтарға жіктеледі. Функционалды-семантикалық өрістің орталық өзегінде осы ұғымның семантикасы анық, айқын көрінеді. Оны әртүрлі деңгейдегі тілдік топтамалар деңгейі атқарады, ал шеткері аймақтарында каузалдық семантикасының мәні солғындап, көміскіленіп, қарсылық, шарттылық, салдарлық мәндерді білдіретін тілдік бірліктердің деңгейлері атқарады. Мысалы: *Бәйшешек гүлдеп, қырлардың қойнауы өртеніп жатқандай қып-қызыл, сап-сары ала болып кетті. Дүние қыс құшағынан босап, рақатқа малынды* (Жармағамбетов, 2002: 212).

Қазақ тіліндегі каузалдық мағынасының компоненттері «неге?», «не себептен?», «қандай негізде?», «неліктен?», «не үшін?» деген сұрақтарға жауап береді. Каузалдық категориясын өріс теориясы негізінде зерделегенде грамматикалық формалар мағынасы мен қызметі жағынан морфология деңгейінде сипатталмай, олардың сөйлеу жағдаяттарындағы қызметтері мен басқа тіл деңгейі бірліктерімен тығыз қарым-қатынасқа түсе отырып, қолданылуы басты назарда болады. Бұл орайда сөйлеу актісінде оқиғаның себеп-салдарын, мақсаты мен шарттылығын айқындап отыратын танымдық құбылыстарды көрсететін түрлі тіл бірліктерінің топтамасы нысанаға алынып отырған категорияның ұғымдық, танымдық мәні айқындалады. Каузалдықтың лингво-философиялық мәнін логикалық-танымдық және лексика-грамматикалық, синтаксистік компоненттер бір-бірімен өзара әрекеттесіп, ай-

тушы сөзінің мағыналық-мазмұнды күрделі тұтастығын танытады.

Каузалдық категориясын грамматикалық тұрғыдан ғана қарастыру оның мағыналық-мазмұнын толық аша алмайды, сондықтан оны философияны таным теориясы деңгейінде саралау осы ұғымның көпқырлы әмбебаптық мәнін ашуға толық мүмкіндік береді.

Қорытынды

Каузалдық категориясы – аса мәнді функционалды-семантикалық категория. Оның әмбебаптық рөлі функционалды грамматика теориясы негізінде қазіргі лингвистикадағы ең өзекті мәселелердің бірі саналады. Бұл ұғымның негізі философия ғылымының арналарынан таралады. Сондықтан каузалдықтың түсініктемелері мен анықтамаларын ұсыну ежелгі философтардың себеп-салдардың мәнін ашу ұстанымдарына сүйенуді басшылыққа алады. Функционалды грамматиканың ең маңызды категорияларының бірі болып саналатын каузалдықты тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, философияның таным теориясы негізінде зерттеу оның көп векторлы аспектілік қырларын ашуға көмектесіп, осы ұғымды жанаша модельдеу ғылыми тұжырымдарын қалыптастырады.

Себеп-салдар түсінігі философтарды ежелден-ақ қызықтырып, зерттеулер мен пікірталастардың негізгі объектісі болды. Еуропа және орыс тіл білімінде каузалдық лингвистикалық категория ретінде әртүрлі аспектіде зерттелген, ал түркітануда аз зерттелген және көп жағдайда басқа тілдермен салыстыра қарастырылады. Мақалада каузалдық категориясының философиялық және лингвистикалық заңдылықтары басты назарға алынды.

Каузалдықты философияның таным теориясымен байланыстыра қарастыру, философтар мен лингвистердің ғылыми көзқарасы мен пікірлерін саралау, семантикалық категория арқылы себеп түрлерін ажырату мақалаға арқау болды. Аристотель, Әл-Фараби, Платон, Демокрит және т.б. ойшылдардың себеп-салдар жайлы ғылыми көзқарастары айтылып, каузалдық ұғымына қатысты философиядағы әртүрлі теориялар негізге алынды.

Функционалды грамматика тұрғысынан алғанда каузалдық семантикалық түрлі мәнге ие кең мағыналы категория. Оны назарға ала отырып, қазақ тіліндегі каузалдық категориясын семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыруға болады. Ол үшін мағынасына терең мән беріп, айтылар ойдың мақсатына үңілу қажет. Зерттеуде себеп-салдар ұғымы семантикалық ерекшеліктеріне қарай 7 түрге топтастырылды. Грамматикалық формалар мағынасы мен қызметі жағынан морфология деңгейінде сипатталмай, олардың сөйлеу жағдаяттарындағы қызметтері мен басқа тіл деңгейі бірліктерімен тығыз қарым-қатынасқа түсе отырып қолданылуына мән берілді. Зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, каузалдық ұғымын анықтау үшін тілдік амалдардың семантикалық мән мағынасына назар аудару басты ұстаным екендігі анықталды.

Қазіргі қазақ тіліндегі функционалды грамматиканың каузалдық ұғымын лингво-философиялық тұрғыдан зерттеу осы саланың қиын да қызықты мәселелерін игеруге мүмкіндік туғызады. Каузалдықтың семантикалық табиғатын түсіндіруде мағыналық-мазмұндық жағынан жүргізілген зерттеу бұрынғы талдаулардан өзгешеленіп, әлі де тереңдете зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- Философиялық энциклопедия. – Алматы: Лантар Трейд, 2021. – 527 б.
 Аристотель. Сочинения: в 4 т. – Москва: Мысль, 1975. – Т. 1. – 549 с.
 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973. – 22 б.
 Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ф., Сандыбаев Ж. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 б.
 Детерминизм и современная наука: межвузовский сборник научных трудов. – Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1987. – 172 с.
 Кирвель Ч.С., Бородич А.А., Розенфельд У.Д., История философии: учебник // – Мн.: Новое знание, 2001. – 728 с.
 Гоббс Т. Сочинения: в 2 т. – Москва: Мысль, 1989. – Т.1. – 24 с. - ISBN 5-244-00020-9
 Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук. – Москва, 1974. – Т.1: Наука логики. – 452 с.
 Юм Д. Сочинения: в 2-х т. – Москва: Мысль, 1965. – Т.1. – 847 с.
 Жанпейісов Е. Қызметтік грамматиканың бастау ұғымдары // ҚР БЖҒМ мен ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. – 2003. – №1. – 41-50-бб.
 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, – Алматы: ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.

- Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. –1-кітап – 808 б.
- Жұмсалымды грамматика / монография-оқулық. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 508 б.
- Төлеуіп М.М. «Қазіргі қазақ тіліндегі себеп-салдарлықтың функционалдық аспектісі»: филол. ғыл. кан... дисс. автореф., – Алматы, 2002.
- Алтаева А.К. Шартты рай формасының қатысуымен жасалған тұлғалар, олардың синтаксистік және коммуникативтік потенциалы: филол. ғыл. кан... дисс. автореф., – Алматы, 2010. – 47 б.
- Бекмағанбетова Г.Ш. Қазақ тіліндегі шарт қатынасындағы құрмаластық құрылымдардың функционалдық-семантикалық табиғаты: филол. ғыл. кан... дисс. автореф., – Алматы, 2010. – 30 б.
- Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы // Оқу-әдістемелік бірлестігі оқулық ретінде ұсынған – Алматы: ҚР Білім және ғылым м-гі, Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, Қазақ университеті – 2019. – 200 б.
- Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн: филол. ғыл. докторы дисс. автореф., – Алматы, 2009. – 57 б.
- Рысалды Қ.Т. Сын дәрежесі категориясы: функционалды грамматикалық табиғаты (қазақ жән неміс тілдері негізінде): филол. ғыл. докторы дисс. автореф., – Алматы, 2007. – 50 б.
- Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы. – Алматы, «Елтаным баспасы», 2012. – 154 б.
- Солтанбекова А. Қазақ тіліндегі шақтық локалдылық/бейлокалдылықтың функционалды-семантикалық категориясы: филол. ғыл. кан... дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 30 б.
- Абумова О.Д. Структурная типология тюркских причинно следственных конструкций и ее семантическая реализация в хакасском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Новосибирск, 2002. – 24 с.
- Дробышева Н.Н. Категория обусловленности в русском и чувашском языках: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Чебоксары, 2008. – 25 с.
- Казакова Э.П. Синонимия в смысловых отношениях обусловленности: на материале русского и чувашского языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Чебоксары, 2007. – 20 с.
- Тажибаева С.Ж. Способы выражения каузальных отношений в казахском языке: сопоставительный аспект: дис. ... докт. филол. наук. – Новосибирск, 2004. – 356 с.
- Хораскина Г.В. Синкретичные отношения обусловленности в разноструктурных языках: на материале русского и чувашского языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Чебоксары, 2006. – 17 с.
- Дальбергенова Л.Е., Жаркынбекова Ш.К. Исследования каузальных отношений в современной лингвистике // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – №6. [Электронный ресурс]. – URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=10878> (дата обращения: 09.05.2024)
- Pasch R., Brauße U. Breindl E., Waßner U. H. Handbuch der deutschen Konnektoren. Linguistische Grundlagen der Beschreibung und syntaktische Merkmale der deutschen Satzverknüpfen. Berlin: de Gruyter, 2003. – P. 11-44.
- Redder A. Grammatiktheorie und sprachliches Handeln: „denn“ und „da“. – Tübingen: Niemeyer, 1990. – P. 190-349.
- Zufferey S. Car, parceque, puisque revisited: Three empirical studies on Frenchcausal connectives // Journal of Pragmatics.– 2012. – Vol.44. – P. 138-153.
- Есім Ф. Фалсафа тарихы: Оқулық – хрестоматия. – Алматы: Паритет. – 2004. – 304 б.
- Сандыбаев Ж. Азаматтық саясат // Араб тілінен аударған және түсініктеме берген филос.ғ.к. Ж. Сандыбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 92 б.
- Спиноза Б. Избранные произведения: в. 2-х т. – Москва: Госполитиздат. – 1957. – Т. 1. – 631 с.
- Гольбах, П.А. Избранные произведения: в 2-х т. – Москва: Соцэкгиз. – 1963. – Т. 1. – 715 с.
- Жармағамбетов Т. Отамалы. Әңгімелер мен хикаяттар // Құрастырған Е. Дүйсенбайұлы – Алматы: Паритет, 2002 – 212 б.
- Нұрмағанбетов Т. Айқай: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Өнер, 2001. – 440 б.

References

- Abumova, O.D. (2002). Strukturnaia tipologia turkskih prichinno sledstvennyh konstruktsii i ee semanticheskaia realizatsia v hakasskom iazyke [The structural typology of Turkic causal constructions and its semantic implementation in the Khakass language]. Novosibirsk. (in Russian)
- Al-Farabi. (1973). Philosophical treatises. Almaty. (in Kazakh)
- Alkebaeva, D.A. (2013). Qazaq tilinin funktsionaldy grammatikasynyn ozekti maseleleri [Actual problems of functional grammar of the Kazakh language]. Almaty. Kazakh University Publishing House. (in Kazakh)
- Alkebaeva, D.A. (2019). Qazaq tilinin funktsionaldy grammatikasy [Functional grammar of the Kazakh language]. Almaty. Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan Al-Farabi KazNU, Kazakh University. (in Kazakh)
- Altaeva, A. K. (2010). Shartty raj formasynyn qatysuymen zhasalgan tulgalар, olardyn sintaksistik zhane kommunikativtik potentsialy [Persons formed in the presence of a conditional mood form, their syntactic and communicative potential]. Almaty (in Kazakh)
- Aristotel (1975). Sochinenia [Aristotle. Writings]. Moscow. Thought. (in Russian)
- Bekmaganbetova, G.Sh. (2010). Qazaq tilindegi shart qatynasyndagy qurmalastyq qurylymdardyn funktsionaldyq-semantikalyq tabigaty [Functional and semantic nature of complex structures in the relationship of contracts in the Kazakh language]. Almaty (in Kazakh)

- Dalbergenova L.E., Zharkynbekova Sh.K., (2013). Research of causal relations in modern linguistics // Modern problems of science and education. [Electronic resource]. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=10878> (access date: 05/09/2024)
- Determinizm i sovremennaiia nauka: mejvuzovski sbornik nauchnyh trudov (1987). [Determinism and Modern Science: an interuniversity collection of scientific papers]. Voronezh. Voronezh University Press. (in Russian)
- Drobysheva, N.N. (2008). Kategorija obuslovlennosti v russkom i chuvashskom jazykah [The category of conditionality in the Russian and Chuvash languages]. Cheboksary. (in Russian)
- Esim, G. (2004). Falsafa tarihy [History of philosophy]. Almaty. Rarity (in Kazakh)
- Filosofiyalyq Enciklopediya (2021). [Philosophical encyclopedia]. Almaty. Lantar Trade. (in Kazakh)
- Gobbs, T. (1989). Sochinenia: v 2 t. [Hobbes, T. Works: in 2 vols.]. Moscow. Thought. (in Russian)
- Gegel, G.V.F. (1974). Ensiklopedia filosofskih nauk [Encyclopedia of Philosophical Sciences]. Moscow. Science of Logic. (in Russian)
- Golbach, P.A. (1963). Izbrannye proizvedeniya [Selected works]. Moscow. Sotsekgiz (in Russian)
- Horas'kina, G.V. (2006). Sinkretichnye otnosheniya obuslovlennosti v raznostrukturnykh jazykah [Syncretic conditionality relations in multistructural languages]. Cheboksary. (in Russian)
- İum, D. (1965). Sochinenia [Essays]. Moscow. Thought. (in Russian)
- Jolshaeva, M. (2009). Qazaq tilindegi aspektualdy semantika: forma jane mazmun [Aspectual semantics in the Kazakh language: form and content]. Almaty. (in Kazakh)
- Janabekova A.A., (2012). Qazaq tilindegi funktsionaldy-semantikalıyq temporaldylyq kategoriasy [Category of functional-semantic temporality in the Kazakh language]. Almaty. «Eltanym publishing house». (in Kazakh)
- Kazakova, Je.P. (2007). Sinonimija v smyslovyh otnoshenijah obuslovlennosti: na materiale russkogo i chuvashskogo jazykov [Synonymy in the semantic relations of conditionality: based on the material of the Russian and Chuvash languages]. Cheboksary. (in Russian)
- Kirvel, Ch.S., Borodich, A.A., Rozenfeld U.D., (2001). İstoria filosofii [The History of Philosophy]. Mn. New knowledge. (in Russian)
- Malbaqov, M. (2011). Qazaq tilinin funktsionaldy grammatikasy [Functional grammar of the Kazakh language]. Almaty. Dyke Press. (in Kazakh)
- Nysanbaev, A., Qurmangalieva, G., Sandybaev, Zh., (2009). Al-Farabi. Tandamaly traktattary [Al-Farabi. Selected treatises]. Almaty. Publishing House "Arys". (in Kazakh)
- Nurmaganbetov, T. (2001). Aiqai [Aikhai: Stories and stories], Almaty. Art. (in Kazakh)
- Pasch, R. (2003). Handbook of German connectors. Linguistic foundations of the description and syntactic features of the German sentence linkers. Handbuch der deutschen Konnektoren. Linguistische Grundlagen der Beschreibung und syntaktische Merkmale der deutschen Satzverknüpfen, Berlin. de Gruyter. P. 11-44.
- Redder, A. (1990). Grammar theory and linguistic action: "because" and "there" Grammatiktheorie und sprachliches Handeln: „denn“und „da“,Tübingen. Niemeyer , P.190-349.
- Rysaldy, Q.T. (2007). Syn darezhesi kategorijası: funktsionaldy grammatikalıyq tabıgaty [Category of degree of criticism: functional grammatical nature]: filol. gyl. kan. ... diss. avtoref.. Almaty. (in Kazakh and deutsch languages)
- Sandybaev, Zh. (2020). Azamattyk sajasat [Civil policy]. Almaty. Kazakh University (in Kazakh)
- Soltanbekova, A. (2010). Qazaq tilindegi shaqtyq lokaldylyq/beilokaldylyqtyn funktsionaldy-semantikalıyq kategoriasy [Functional-semantic category of tense locality/nonlocality in the Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh)
- Spinoza, B. (1957). Izbrannye proizvedeniya [Selected works]. Moscow. Gospolitizdat (in Russian)
- Tazhibaeva, S.Zh. (2004). Sposoby vyrazhenija kausal'nyh otnoshenij v kazahskom jazyke [Ways of expressing causal relations in the Kazakh language]. Novosibirsk. (in Russian)
- Toleu, M. M. (2002). Qazirgi qazaq tilindegi sebep-saldarlyqtyn funktsionaldyq aspektisi [Functional aspect of causality in the modern Kazakh language]. Almaty (in Kazakh)
- Zhanpejiso, E. (2003). Qyzmettik grammatikanyn bastau ugymdary [Starting concepts of Service grammar]. Almaty. Reports of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and the National Academy of Sciences. Philology series (in Kazakh)
- Zhubaeva, O. (2010). Personalıyq funktsionaldy-semantikalıyq orisi [Functional-semantic field of personhood]. Almaty. Anuar-KZ LLP. (in Kazakh)
- Zharmagambetov, T. (2002). Otamaly. Angimeler men hikajattar [Otamaly. Stories and stories]. Almaty. Rarity. (in Kazakh)
- Zufferey, S. (2012). Because, because, since revisited: Three empirical studies on French causal connectives. Car, parce que, puisque revisited: Three empirical studies on French causal connectives, Journal of Pragmatics. Vol.44, P. 138-153.
- Zhumsalyndy grammatika/monografija-oqulyq. (2016). [Practical Grammar / monograph-textbook]. Almaty. State Language Development Institute. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Омирбек Сансызбаев (корреспондент автор) – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: omirsansyz@gmail.com);

Дина Алкебаева – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: alkebaeva@mail.ru).

Әбдібек Әміров – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: abdibek71@mail.ru).

Келіп түсті: 1 наурыз 2024 ж.

Қабылданды: 29 мамыр 2024 ж.

Ж.Б. Саткенова* , Г.Б. Мадиева , Л.Т. Алимтаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: jaina1978@mail.ru

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН КОРПУСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН ЗЕРТТЕУ

Мақалада Абай өлеңдерін корпустық технология көмегімен зерттеудің ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ поэтикалық мәтін корпустарын зерттеу мен құру сала мамандары үшін ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік мәселе ретінде де маңызды. Шетелдік және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде корпус құрылғаннан кейін академиялық сөздіктер мен грамматикалар қайта қаралып, қайта жазылғандығы туралы ақпарат бар. Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасау, қазақ әдеби тілінің мәтіндері негізінде тілдік корпустарды пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру және осы мүмкіндіктерді іске асырудың ғылыми-теориялық негіздемесін әзірлеу қажет. Өйткені, тілдік корпусты құрастыруда, атап айтқанда, әртүрлі сөздіктерді құрастыруда, ғылыми грамматиканы қайта жазуда немесе белгілі бір лингвистикалық құбылыстарды анықтауда алынған нәтижелерді қолдану корпустық лингвистиканың болашақ дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің жаңа технологиясын қалыптастыру үшін де маңызды. Ұлттық корпус бірінші кезекте тілдің лексикасы мен грамматикасын ғылыми зерттеуді, сондай-ақ тілде салыстырмалы түрде шағын кезеңдер – бір ғасырдан екі ғасырға дейін болатын тілдік өзгерістерді қамтамасыз етуге арналған. Корпустың тағы бір функциясы – лексика, грамматика, акцентология, тіл тарихы салаларына қатысты әртүрлі анықтамаларды ұсыну. Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мәтіндердің лингвистикалық өңдеу рәсімдерін бірнеше рет жеңілдетеді және жеделдетеді. Поэтикалық мәтін корпусын жетілдіру арқылы Абай тілінің кіші корпустарын жасауға, электронды тілдік корпустар қызметін жетілдіруге, лексикографиялық зерттеулер жүргізуге, Абай өлеңдерінің кіші корпусын автоматтандырудың ғылыми методологиясын негізін жасауға мол мүмкіндік туады. Абай қолданысындағы сөз байлығын жинақтап корпуста енгізу – қазақ тілін ғылым тіліне, IT платформалар мен техника тіліне айналдырудың, әлемдің сұраныстағы тіл деңгейіне көтерудің басты қадамы болмақ.

Түйін сөздер: корпустық лингвистика, ұлттық корпус, ақпараттық технология, корпустық технология, Абай поэтикасы, қазақ поэтикалық мәтіні.

Zh.B. Satkenova*, G.B. Madiyeva, L.T. Alimtayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: jaina1978@mail.ru

Learning Abai's Poems with Corpus Technology

The article discusses the features of studying Abai's poetics using corpus technology. The research and creation of corpora of Kazakh poetic texts is important not only for industry specialists, but also relevant as a social task. In the works of foreign and Russian scientists there is information that after the creation of the corpus, academic dictionaries and grammars were revised and rewritten. Thus, there is a need to create a small corpus of the Abai language, consider the possibilities of using language corpora based on the texts of the Kazakh literary language and develop a scientific and theoretical justification for the implementation of these possibilities. After all, the use of the results obtained in compiling a language corpus, in particular, when compiling various dictionaries, rewriting scientific grammar or defining certain linguistic phenomena, is important not only for the further development of corpus linguistics, but also for the formation of a new technology for scientific research. Another function of the corpus is to provide various references related to vocabulary, grammar, accentology, and history of the language. Modern computer technologies greatly simplify and speed up the process of linguistic text processing. By improving the corpus of poetic text, it is possible to create a small corpus of the Abai language, improve the functions of electronic language corpora, conduct lexicographic research, and create the basis for a scientific methodology for automating the small corpus of the Abai language. Generalization and implementation of the vocabulary wealth of Abai's language into the corpus will be a key step towards transforming the Kazakh language into the language of science, the language of IT platforms and technology, raising it to the level of a language of global demand.

Key words: corpus linguistics, national corpus, information technologies, corpus technologies, Abai's poetry, Kazakh poetic text.

Ж.Б. Саткенова*, Г.Б. Мадиева, А.Т. Алимтаева
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: jaina1978@mail.ru

Изучение стихов Абая с помощью корпусных технологий

В статье рассматриваются особенности изучения поэтики Абая с помощью корпусных технологий. Исследование и создание корпусов казахских поэтических текстов важно не только для специалистов соответствующей сферы, но и актуально как общественно-социальная задача. В трудах зарубежных и российских ученых имеются сведения о том, что после создания корпуса были пересмотрены и переписаны академические словари и грамматики. Таким образом, возникает необходимость создания малого корпуса языка Абая, рассмотрения возможностей использования языковых корпусов на основе текстов казахского литературного языка и разработки научно-теоретического обоснования реализации этих возможностей. Применение полученных результатов при составлении в целом поэтического корпуса, важно не только для составления различных словарей, переписывании научной грамматики или определении тех или иных языковых явлений, но и для дальнейшего развития корпусной лингвистики и формирования новой технологии научных исследований. Национальный языковой корпус предназначен в первую очередь для обеспечения научного изучения лексики и грамматики языка, а также языковых изменений, происходящих в языке в течение относительно небольших периодов – от одного до двух столетий. Другая функция корпуса заключается в предоставлении различных справок, связанных с лексикой, грамматикой, акцентологией, историей языка. Современные компьютерные технологии многократно упрощают и ускоряют процесс лингвистической обработки текстов. Малый корпус языка Абая необходим для совершенствования поэтического корпуса, это дает возможность улучшить функции электронных языковых корпусов, проводить лексикографические исследования, создавать основу научной методологии автоматизации малого корпуса языка Абая. Обобщение и внедрение в корпус словарного богатства языка Абая станет ключевым шагом на пути совершенствования казахского языка как языка науки, языка IT-платформ и техники, поднятия его на уровень языка мирового спроса.

Ключевые слова: корпусная лингвистика, национальный корпус, информационные технологии, корпусные технологии, поэзия Абая, казахский поэтический текст.

Кіріспе

Ақпараттық жаһандану үдерісі әлемдік деңгейде белең алып келеді. Ақпараттық-технологияның даму деңгейі адамдардың өмір сүру сапасына, қоғамның, экономиканың, ұлттық қауіпсіздіктің және мемлекеттің дамуына әсер етеді. Ақпараттандыру үдерісі білім беру жүйесіне де қатысты. Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі міндет – оқу үдерісінің сапасын жақсарту, білім деңгейін арттыру, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану. Оның негізгі көзі интернет. Қазақстан Республикасының білім беру саласында, оқу үдерісін ақпараттандыруда интернет маңызды құралға айналууда. Интернет оқытушыға оқу үдерісін барынша жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылар да оқу материалын меңгеру мақсатында түрлі ақпараттармен танысады. Заманауи оқытушы интернет кеңістігін жақсы меңгеріп, студенттердің әлемдік желі ресурстарымен сауатты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мәтіндердің көптігі электронды ұсынылғандықтан және интернетке қолжетімділік еркін болғандықтан, интернеттің өзін (Web as Corpus) ең

үлкен корпус деп санауға болады. Корпус – бұл электрондық нысандағы кейбір тілдегі мәтіндер жинағына негізделген ақпараттық-анықтамалық жүйе.

Корпустық технологиялар – бұл электронды лингвистикалық корпустардың деректерін өңдеу және талдау құралдары мен әдістерінің жиынтығы. Корпустық технология көмегімен қазақ поэтикалық мәтіндеріне зерттеу жүргізу – қазіргі зерттеулердің функционалды бағытын дамытады. Бұл күрделі әрі зерттеуді қажет ететін мәселе. Қазақ поэтикалық мәтіндерін жаңа ақпараттық технологиялар көмегімен зерттеу компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуына да байланыста болады. Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасауда Абай өлеңдерін корпустық технологиялар көмегімен зерттеу көзделеді. Абай шығармаларының маңыздылығын арттырып, қазақ әдебиетінің әлемдік кеңістікке орнын айқындайды. Бұл мәселелер шешімін тапқан жағдайда Абай өлеңдері сандық технология көмегімен корпус құрамына енеді. Қазіргі қоғамдағы сандық жүйені жасауға, сандық тіл білімі мен сандық әдебиет салаларының жаңа қарқынмен дамуына үлес қосады. Қазақ поэти-

калық мәтіндерінің ұлттық корпусын дайындаудың да қажеттілігі осында.

Тілші ғалым, профессор А. Жұбанов, А. Жаңабековалар корпуслық лингвистика саласына қатысты зерттеулерінде ұлттық корпус түзудің қажеттілігіне тоқталады (Жұбанов, Жаңабекова, 2016). Қазіргі уақытта академиялық сөздік құрастыруда, сөйлеу тілі қолданысын айқындауда, лингвистикалық зерттеулер жүргізуде ұлттық корпус қызметі аса қажет. Үлкен көлемді мәтіндерді өндеуге мүмкіндік болады. Қазіргі корпуслық технологиялар көмегімен материалдың көлеміне және ондағы ақпаратты іздеу жылдамдығына шектеу жоқ. Сол мүмкіндікті ұлттық мүддеге сәйкес қолданған абзал. Сандық жүйеге енгізілген қазақ тіліндегі мәтіндерді толықтырудың маңызы орасан зор. Ол мәтіндер ақпараттық, анықтамалық сипатқа ие. Абай өлеңдерінің цифрлық корпусын құру инновациялық жобалардың дамуына, жаңа лингвистикалық және мәдени ресурстарды жетілдіруде өз үлесін қосады.

Материалдар мен әдістер

Корпуслық лингвистиканы дамыту, ұлттық корпусы, оның ішінде түрлі кіші корпусарды жасау ғылым алдындағы өзекті мәселелердің бірі. Корпуслық лингвистика ғылымының негізін қалаған ғалым А. Жұбанов мәтіндер корпусының негізгі белгілерін «мәшине оқи алатын форматта болуы, айрықша іріктеу әрекетінің нәтижесі ретіндегі репрезентаттық (көлемділік) сипаты және металингвистикалық ақпараттың берілуі» деп жіктейді (Жұбанов, 2009). Тілші ғалым тілдік корпус жасаудың, оны қолданудың негізгі шарттарын атайды. Ауқымды, үлкен көлемді репрезентативтілік мәтіндердің, деректердің түріне, типіне тоқталады. «Тілдік құбылыстардың қоғамның барлық саласын ақпаратпен қамтамасыз ететіндігін, корпусарда көптеген деректер түрлерінің табиғи мән-мәтіндік формасында сақталатындықтан, оларды кешенді және жан-жақты зерттеулер жасауға мүмкіндік тудыратындығын, корпусқа бейімделіп жасалған және дайындалған материалдарды зерттеушілер әртүрлі мақсатта пайдалануларына болатындығын» көрсетеді (Жұбанов, 2009).

Корпус жасаудың астарында зерттеушілердің «дәстүрлі карточкаларды құрастыру» тәжірибесі жатқандығы анық. XX ғасырда компьютерлік технологиялардың дүниеге келуі картотеканың компьютерлік қызметін айқындап берді әрі жалпыға қолжетімді болды. Ұлттық

корпусы жасауда жинақтау, топтау, салыстыру, анализ жасау, белгіленім енгізу, логика-семантикалық, дистрибутивтік, т.б. әдістер жиі пайдаланылады. Абай өлеңдерін сақтау, жинау, талдау, салыстыра зерттеудің жаңа әдістерін қолдану, сонымен қатар поэтикалық мәтіндердің автоматтандырылған сөздіктер мен грамматикалар сияқты жаңа түрлерін, жаңа формаларын игеру корпуслық лингвистика саласы үшін аса тиімді. Бұл әдістерді қазақ поэтикалық мәтіндер корпусын, оның ішінде Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасауда толық пайдалануға болады. Олар ана тілін немесе шет тілі ретінде білім алушылар үшін да маңызды. Қазіргі уақытта әлемдік оқу үдерісінде оқулықтар мен оқу бағдарламалары корпусқа бағытталған. Кез келген тілді қолданушы адам корпусы пайдалана отырып, өзіне бейтаныс сөзді немесе грамматикалық форманы қолдану ерекшеліктерін тез әрі тиімді қолдана алады. Сандық жүйеде тұтас қалыптағы поэтикалық мәтіндердің сақталуы поэзиялық туындылар үзінділерін, тілдік бірліктерін, сөзтұлғалардың статистикасы мен жиілігін пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Жалпы компьютерлік лингвистика ғылымына деген сұраныс күн сайын артып келеді. Ал оның ішінде корпуслық лингвистика саласының негізгі зерттеу нәтижесі қазіргі қоғам үшін аса қажет. Түрлі мәтіндік корпусарды пайдалану арқылы тілдік зерттеулерде тәжірибе жүргізудің пайдасы орасан зор. Әсіресе лексикография саласында, сөздік түзу қызметінде корпуслық технология көмегіне жүгіну келелі мәселелердің шешімін табуға көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

Корпуслық лингвистика саласына қатысты шетелдік ғалымдарының (Л.Н. Засорина, А.П. Ершов, В.Б. Касевич, А.В. Венцов, Е.В. Грудева, Е.В. Ягунова, А.Н. Баранов, С.А. Шаров, И.М. Богуславский, т.б.) еңбектері басшылыққа алынды. Жалпы тілдегі корпусының маңыздылығы турасында В.М. Плуноян: «Тілдің ұлттық корпусы атауына сай келетін корпуста материалдардың қамтылуы толық әрі көлемі жағынан үлкен болса, бұл өте тиімді және (тар саладағы мамандармен қатар басқа да сала мамандары да қолдана алатын) пайдалы құрал болары анық», – деген тұжырымға келеді (Плуноян, 2005). Абай өлеңдерін корпуслық технология көмегімен зерттеу барысында, алдымен, лингвистикалық корпус жасаудың теориясы мен технологиясына қатысты 1960 жылы құрылған

world, about society, man and personality. Zhyrau consistently presents instructive examples of the Islamic religion on the mystery and nature of the world, as well as religious concepts in his reflections on the deep psychological layers of human nature. If Zhyrau left behind about fifty tolgau works, then we can say that in all of them there were his thoughts about the Oneness of Allah, his omnipotent power and mercy, about the benefits of Islam, about how he firmly followed the path of the Islamic religion and supported and defended Islam with sincere intentions.

Since the nomadic Kazakhs followed the Muslim religion for more than ten centuries, we can be convinced that the role of the Islamic religion in their lives was enormous by reading the works of that time. For example, this is probably why in the tolgau works of Bukhar Zhyrau we find various words and information related to the religion of Islam. We know that the popular tolgau of Zhyrau “Bırınşı tilek tileñiz (First of all, wish yourself)” consists of eleven wishes. His first wish begins with the words: “Not to be guilty before Allah” The modern generation may not fully understand the meaning of this word. The first meaning of the word “zhazu” to be guilty, deluded. In Kazakh prose there are often sentences with the phrase “My God, what did I do to deserve this!”. That is, according to the indicated verse of Zhyrau, the most important thing is not to be guilty before Allah. Two versions of this tolgau have reached us.

For example, the version of “Bırınşı tilek tileñiz” (“First of all, wish yourself”) written by G.N. Potanin begins like this:

First of all, wish yourself
not to be guilty before Allah (Jyraular poezziyasy, 2022: 101) (Translated by authors),

– this is a tolgau written in the form of a proverb, an edification addressed to the public. It is clear that the most important thing for Zhyrau of the 18th century was not to be guilty before Allah, to fear the wrath of God. The number of wishes in the versions of this tolgau that have come down to us is no more than ten or eleven, of which the fifth wish was fulfilled by Bukhar as follows:

Fifthly, wish yourself
not to miss any of the five prayers every day (Jyraular poezziyasy, 2022: 102) (Translated by authors)

Missing prayer is also a big drawback for Zhyrau, and even it is equal to such great sorrows

and suffering as mourning an orphan, a widowed woman, or mourning the mother of one's child. The following conclusion of religious scholar K. Zholdybayuly also emphasizes the reason why Bukhar Kalkamanuly in the above reasoning attaches special importance to prayer: "Another meaning of worship is to express through worship our gratitude for the countless benefits, support and blessings generously bestowed upon us by the Great Creator and to acknowledge our responsibility to Him" (Zholdybayuly, 2007: 215).

The main purpose of poetry is not only to copy and depict life, but also to absorb into the consciousness of humanity that the lofty ideas of truth and goodness are eternal. Thanks to this quality, poetry is able to reveal the meaning of life, reveal the secret of our aspirations and desires, and teach us to look wisely at our surroundings. It cannot be said that the burden that poetry bears in terms of perception is light: the source of poetry is considered to be historical testaments, plot lines in ancient legends, religious knowledge, truths achieved by humanity through science and philosophy, images of art, the natural universe and the secrets of the inner soul of man. From this point of view, scientists have already given a positive assessment of the meaning and significance of religious elements in artistic creativity. Religion cannot be separated from people's recognition of the truth and traditions of life.

The highest beauty, the highest magnificence, established in the human mind, comes from love for Allah, true love for the Creator. If poetry can touch this feeling, its influence will be eternal. A creative person will definitely show his knowledge and feelings on the path of learning the truth. Reading this song by Bukhar Zhyrau, we understand that from his youth he grew up studying the history of Islam and the principles of the Koran in general.

Oh, speaker, say Allah,
Say the good name of God.
Mustafa, tell me about the four shadiyars,
And the scientist who discovered Mushaf.
Say the God's word – "Furqan".
Say the Kalam Allah – the Koran.
If the heart tells you,
turn to Allah with prayer (Jyraular poezziyasy, 2022: 104)
(Translated by authors).

If we look at the content of this short song, we will see that Bukhar Zhyrau has mastered the principles of Islam very well. The four shadiyars here

are the four companions of the Prophet Muhammad – Abu Bakr Siddiq, Omar, Ospan and Ali. These four are the people who buried Ibrahim, the son of the Prophet. That is why the Prophet gave them the title of Shadiyars. "Mushaf" is one of the names of the Koran. That is, it is known that Zhyrau is talking about the scientist who discovered the Koran. Furqan is a sura of the Koran consisting of 77 verses. It talks about good and evil. In a collection published in Tashkent in 1925, it was written as "burkan", adapted to the Kazakh colloquial language. In the 2023 edition, compiled by scientists from the M. Auezov Institute of Literature and Art, it is corrected and printed as "Furqan" with an explanation. Kalam Allah means the word of Allah, that is, the Koran. Zhyrau turns all these historical events in the history of Islam into poetry and reminds all people. He also says in one of his next verses:

Ibrahim Khalil built
the Kebe for Creator (Jyraular poezziyasy, 2022: 106)
(Translated by authors),

– "Kebe" here means Kaaba. Perhaps since Zhyrau's works came to us orally, the pronunciation subsequently changed. In the history of Islam it is said that the Prophet Ibrahim and his son Ismail built the Kaaba in Mecca, a person who has not read the Koran is unlikely to know this legend; and Khaliullah means a close friend of Allah, he is always mentioned in the books of Muslims along with the name of the Prophet Ibrahim. That is, reading the works of Bukhar Zhyrau, we see that he knew the canons of Sharia very well.

Bukhar Zhyrau is not looking for eternal life like Korkyt, because he has mastered the Islamic religion. He knew that human life is limited, that no one can remain forever in this world, and he mentioned this in his poems.

God has entrusted you,
It is impossible to predict when he will take it back (Jyraular poezziyasy, 2022: 108) (Translated by authors).

As we see, the poet views human life as a gift from God. Indeed, no one knows how long his life will last. The day your life ends is a matter of God's power, so you should not waste your short life in vain.

On the day when Azrael comes,
where will the living soul remain? (Jyraular poezziyasy, 2022: 108) (Translated by authors).

Reading the above verses reminds us that human life is a gift given by the will of God, and the main responsibility of people on earth is to live it meaningfully, usefully and faithfully. That is why from the works of Bukhar we clearly see that he always had the ideal of being faithful to the Muslim religion and not deviating from the principles of this religion. Reading his works, we see that Zhyrau's philosophy of life was formed on the basis of Islamic principles.

If your religion is not Muslim,

What's the point of just saying you're a Muslim? (Jyraular poezziasy, 2022: 109) (Translated by authors)

In this poem he is trying to prove that it is the duty of a Muslim to be as faithful as possible to religion and to follow it not only in words but also to worship with all his heart and soul.

Bukhar treated the text of the Koran with great attention and respect. Because it is clear that most of his thoughts about Islamic conditions are taken directly from the texts of the Koran. At the same time, Zhyrau's works are not just a dry narrative about the principles of the Koran, but are aimed at introducing it into the public consciousness, turning it into an artistic and rhythmic text. He not only conveys to us the worldview and feelings of the people of his time, but also conveys to the next generation the legendary historical events and psychological logic of the depicted subjects.

The problem of the concept of art in Islamic literature may seem trivial to some researchers; they often perceive the problem of art in Islamic religion and literature as two different knowledge, two different concepts. But the Koran does not prohibit the real depiction of human life, the creation of its artistic image in words. Secular moral ideals are subject to change over time, while the spiritual and moral ideals of Islam remain unchanged no matter how many centuries pass. At the same time, fiction also helps us to know the past and present history of the Ummah of the Prophet. Another function of fiction written in the Islamic direction is not only to increase the artistic knowledge of believers in this religion, but also to instill in them the high ideals of the entire civilization created by mankind, ensuring and teaching justice among people in society. Works glorifying Islamic principles are characterized by boundless faith in the unity and omnipotence of Allah, respect for human creativity and hard work, and moral ideals. Speaking about the religious views of Bukhar Zhyrau, we witness how he followed this tradition, convinced people that Allah is one, and urged them not to lose the faith. Zhyrau expresses the

following opinion: if you want to live a good life, if you want to succeed in some business, then do not deviate from the path of Allah, go honestly and be clear. It is well known that to be a slave of God means not to deviate from the path of Sharia and to flawlessly follow the principles of Islam. He sang in his song "Aqtyñ üi meşit-tı (The House of a Sincere Man is a Mosque)" the following:

If you become a slave to your God,

If you are a real son

Allah himself will bless you (Jyraular poezziasy, 2022: 106) (Translated by authors),

Fate is a gift that is destined to a person when he came into this world. If he is honest, if he does not lose morality, God will not leave anyone without His good.

The main goal of Zhyrau's poetry is to make his contemporaries think and educate them in morality through his works. The main role of literary education was preserved in our literature from the earliest times (from ancient times) until the 18th century.

In Bukhar's poem "Eleven Wishes", there is no sentimentality and love in the description of a woman, on the contrary, the need to protect and help a woman is mentioned. The expression "to make a wish" is used here in the sense of praying, not wishing. "He asks to pray to Allah, wishing that he himself would die and his wife, whose ten fingers are covered with henna, whose smell is like musk, whose voice is thin, whose behaviour is pleasant, would not remain a widow" (Nurimanov, 2018:54).

Religious concepts in Bulgari reflections are a treasury of wise thought, consonant with steppe philosophy. Zhyrau constantly propagandised the way of Allah's truth, which would be a guideline for the future of the Kazakh people. Noble deeds of morality were accompanied by verses of the Koran. "Zhyrau (poet-musician) is less known and less examined concept in the social science. In fact, the poets-musicians are indication and symbol of zenith of ethnic-cultural advancement of newly appeared Kazakh Khanate" (Sadykov, 2013: 139).

The worldview, life principles, customs and superstitions of the Kazakh people have merged in one stream, harmonising with Sharia law. From the institution of the family to political institutions, a single path uniting religion and traditions has been formed. The folklore heritage, which became the spiritual treasury of the nation, sowed the seed of values to be found in a Muslim son. "The notion of "non-being" has its theoretical roots in the decentering of being-absence, a tricky subject to address in relation to

devotional poetry” (Cianciola, 2008:16). Perhaps that is why the religious knowledge of the Kazakh people did not remain in a narrow dogmatic circle, and the story told in verses and hadiths linked the precepts with their everyday life.

The essence of Bukhar Kalkamanovich’s reflections on morality is the purity of the soul. In Zhyrau’s works, the personal and social origins of morality, the foundations of the spiritual greatness of the people, are rarely found in connection with religious faith, confessional dogma and symbols of faith as an imperative, the pillar of existential decision. Goodness is not an abstract religious-metaphysical principle or imperative offered to man beyond human origins or on behalf of someone higher, but honesty, truthfulness, wisdom, generosity, courage, etc., manifested through the true work of man.

Culture consists in patterned ways of thinking, feeling, and reacting, acquired and transmitted mainly by symbols, constituting the distinctive achievements of human groups, including their embodiment in artifacts; the essential core of culture consists of traditional [ie, historically derived and selected] ideas and especially their attached values (Hofstede, 1984: 21).

In Bukhar Zhyrau’s formulation, the sign of Muslimism is a good deed, good deeds, artistic character of a person. He asserts the idea that only the soul that has performed its worship sincerely, and not for the sake of outsiders, turns to good. In the author’s knowledge, religion is a heart subordinate to reason, a being unattached to the world. Zhyrau’s reflections elevate virtue in human being and point to the main value of society. Therefore, despite the fact that his reflections are conventionally systematised according to the thematic-ideological structure, we can see which work is spiritual and moral. “Of course, defining the parameters of a scientifically compatible worldview returns us to the issue of lived versus articulated worldview and the confusion of the two concepts” (Cobern, 1989: 23).

He reflects on the transience of life and the fact that every thing finally takes hold, alluding to the visions we see. Bukhar emphasises that the mystery of the existing world is known only to the creator, the essence of human existence is different in understanding the same. Human nature is attached to the fun of life. Bukhar argues that a person who recognises his creator to whom he has given this “happiness” will have a whole, human faith. “Zhyrau poets expressed their works in the form of proverbs, commandments and testaments. The main themes of their tolgau thoughts are love for the homeland, the country, defence of Motherland, call for unity of the

country, propaganda of moral virtues” (Alpysbaeva, 2022: 82).

The author’s worldview determines his attitude to life, contributes to the formation of life experience and ideological and aesthetic evaluation of the work created by him. It helps to copy the author’s final thought into one’s own work. In the work “If you talk, then talk about Allah”, the poet puts the name of God at the very beginning of symbolic series, i.e. the word with the main metameaning plays the role of a sacred leitmotif from which links are drawn to the philosophical field of the Koran as the mythology of Islam (Mazhen, 2022: 59). Of course, the worldview and life experience of the author are not always balanced. It cannot be denied that the formation of life experience is influenced not only by a one-sided worldview, but also the formation of worldview is much more actively, much more influenced by life experience. Sometimes even life experience can change the established worldview itself. But be that as it may, the author’s love or dislike for something directly depends on the worldview. It follows that the author’s worldview is of great importance in relation to the creative process, the results of artistic creation. “Historical development of poetic folklore is one of the most important issues, including the most important thing understanding the historical point of view, recognition of the genre specifics” (Aitbayeva and Rakhimov, 2019: 444).

Bukhar Zhyrau in his works is an art historian who created artistic images of historical personalities of khans, military leaders, heroes of the Kazakh people of the eighteenth century. Of course, in Zhyrau’s poetry we cannot find such a clear system of images as in modern literature. But it is true that artistic images of some historical people, conditioned by the national cognition and understanding of that time, stylistic specificity, are reflected in the works of Zhyrau. “The three-century struggle of the Kazakh people with the Dzhungar conquerors led to the increased actualization of religious ideas in the poetry of akyn-zhyraus as a consolidating ideological factor. This tendency received the most consistent and conscious expression in the work of Bukhar Zhyrau.” (Mazhen, 2020: 40). Scientists themselves note that there is no sign that completely distinguishes philosophy from poetry. In tolgau works of B. Kalkamanuly, man and the world are depicted in harmonious relationships with each other. This emphasizes the figurative nature of the poet’s poetry. The world of images of his thoughts is like a set of meaningful images and metaphors. Zhyrau, as it were, transforms in his poetry contradictory things

and phenomena into one concept, into one related phenomenon. Everything living and inanimate in his works is depicted in connection with the lyrical hero, telling his stories, sharing his sorrows, sharing his secrets. “The peculiarity of Zhyrau poetic images is that it combined traditional mythological stereotypes and new social necessity of language, using language and style of mythology for political and educational purposes” (Zhanabayev, 2022: 20). However, it is also true that Bukhar was a master of the artistic word who deeply studied all the literary traditions that preceded him and developed them on the basis of his work. In the works of the great Zhyrau, the ideas of national integrity, valour, patriotism and pride that came from the Golden Horde era were continued and supplemented with new ideas and new views, based on the situation in which the Kazakh Khanate was at that time.

Conclusion

Since ancient times, our ancestors led a nomadic lifestyle in the steppe. Our ancestors tended to deeply understand the aspects and secrets of nature, graze cattle in the vastness of Eurasia, roam to pastures in the summer, and move to winter quarters in winter to preserve the livestock. Nomadic civilization and nomadic lifestyle taught them to look at the environment with different eyes. Having withstood the ordeal of nature, they learned to take care of their lives independently. It taught them to overcome any difficulties without fear of the ordeal of the ferocious nature. From here the concept of wisdom and knowledge, characteristic of the steppe people, is formed. Of course, for seventy years, the theory that the Kazakh people were just nomads and had no culture was forcibly introduced into the consciousness of the nation. Because of this, most people have forgotten the poetry of Zhyrau. The works of Bukhar, the last heir of the tradition of zhyrau, although a little, have been studied in our literature. The generation of that time became acquainted with the his-

tory of Kazakhstan and Kazakh poetry of the 18th century through the songs of Bukhar Zhyrau. Only at this time did thoughts about Abylai Khan, the history of Kazakh heroes and clans appear. But it was just a glimmer of light. And it was difficult to find a specific document about the culture and literature created by the nomads.

They began to talk and write about the culture created by nomads, their historical and political role on the world stage only in recent years. We must also recognize that many of those who study and evaluate it are foreign scientists. There are many works of scientists of the Turkic peoples, but they are not known to the peoples of the world. Since English is an internationally recognized language, they should be published in foreign scientific journals and discussed at international scientific conferences in this language. You can see that the problem is only now finding its solution.

No one can deny that the life and lifestyle of the nomads were close to nature. Therefore, elements of naturalism predominate in their lives. Nomads and sedentary peoples complemented each other and lived in contact with each other. For example, while nomads depended on city dwellers for products and stuff that only certain sedentary countries could produce, our ancestors were far superior to sedentary populations in terms of good health, flexibility in living in the elements, as well as inclination and ability for oral literature and unique melodies. Because they grew up in an environment of pure nature, they became honest and noble, striving for courage and resistant to difficulties. They also had a quick imagination, as can be seen from the poems quoted from the works of poets and poets who lived during that period.

That is, Bukhar Zhyrau lived in such an environment, moral relations, such as morality and honor, were in the main place for the great Zhyrau. Therefore, when analyzing his works, we must take into account the social environment of that time, their views on the world.

References

- Бердібаев Р. Кәусар бұлақ: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 360 б.
 Жолдыбайұлы Қ. Ақиқат шуағы. – Алматы: Алтын қалам, 2007. – 232 б.
 Жыраулар поэзиясы. Құрастырғандар: Т. Әкімова, Н. Сәрсек, Н. Елесбай. – Алматы: Silver Press, 2022. – 368 бет.
 Кәрібаев Б. Қазақ хандары туралы зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 228 б.
 Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996. – 30 б.
 Aitbayeva V.M., Rakhimov B.S. Current issues of a historical poem // *Opción*. – 2019. – Vol 35. Iss.24. – P. 441-454.
 Alpysbaeva K.B. The place of zhyrau poetry in literature // *Keruen*. – 2022. – №1 (74) – P. 75-84.
 Cianciola, H. A Poetics of the Soul: Devotional Poetry in Elizabeth Barrett Browning; Alfred, Lord Tennyson; and Christina Rossetti (Doctoral dissertation, Duquesne University). – 2008. – 187 p.

- Cobern, William W., *Worldview Theory and Science Education Research: Fundamental Epistemological Structure as a Critical Factor in Science Learning and Attitude Development // Scientific Literacy and Cultural Studies Project*. – 1989. – Vol 5. – 25 p.
- Hofstede GH. *Culture's consequences: International differences in world-related values // SAGE*. – 1984. – 327 p.
- Mazhen Y. *Religious motifs in the poetry of kazakh zhyraus in the XVI-XVIII centuries // Bulletin of KazNU. Journal of Oriental Studies*. – 2020. – №3 (23) – P. 35-40.
- Mazhen Y.K., Zhaksylykov A.Zh., Balpanova N.A. *Religious motives and reminiscences in the poetry of kazakh akyn-zhyraus // Bulletin of KazNU. Series of philosophy, cultural studies and political science*. – 2022. – №3. – P. 55-61.
- Nurimanov B., Altay A. *Karacaoğlan ve Bukar Kalkamanuli'nin şiirlerinin karşılaştırılması // Millî Folklor*. – 2018. – Vol.30 (117). – P. 41-56.
- Sadykov N., Erzhanova S., Dalelbekkyzy A., and Tolegenov M. *Lyric Poetry and the Motives in the Works of Poets of Syr Darya River Vicinity // World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences*. – 2013. – Vol 7. – Iss.5. – P. 137-141.
- Zhanabayev K., Nagymzhanova K., Shaimerdenova N. *Formulaic Language and Style of Turkic Zhyrau of the 15-18th Centuries // Rupkatha Journal*. – 2022. Vol. 14. – Iss.2. – P. 1-28.

References

- Aitbayeva, B.M., Rakhimov, B.S. (2019). Current issues of a historical poem. *Opción*, Vol. 35, Iss. 24, P. 441-454.
- Alpysbaeva, K.B. (2022). The place of zhyrau poetry in literature. *Keruen*. Vol. 1, Iss. 74, P. 75-84.
- Berdibaev, R. (1998). *Käuser bülaq: maqalalar men zertteuler*. [Pure spring: articles and research]. Almaty. Jazuşy. (in Kazakh)
- Cianciola, H.A. (2008). *Poetics of the Soul: Devotional Poetry in Elizabeth Barrett Browning; Alfred, Lord Tennyson; and Christina Rossetti* (Doctoral dissertation, Duquesne University).
- Cobern, W. (1989). *Worldview Theory and Science Education Research: Fundamental Epistemological Structure as a Critical Factor in Science Learning and Attitude Development*. Scientific Literacy and Cultural Studies Project.
- Hofstede, Gh. (1984). *Culture's consequences: International differences in world-related values*. SAGE.
- Joldybaiuly, Q. (2007). *Aqiqat şuağy*. [Beam of truth]. Almaty. Altyn qalam. (in Kazakh)
- Jyraular poeziyasi. [Zhyrau's poetry]. (2022). *Qūrastyrğandar*: T. Äkimova, N. Särsek, N. Elesbai. Almaty. Silver Press. (in Kazakh)
- Kärnibaev, B. (2019). *Qazaq handary turaly zertteuler*. [Studies of Kazakh khans]. Almaty. Qazaq universiteti. (in Kazakh)
- Mazhen, Y. (2020). *Religious motifs in the poetry of kazakh zhyraus in the xvi-xviii centuries*. *Bulletin of KazNU. Journal of Oriental Studies*. Vol. 3, Iss. 23, P. 35-40.
- Mazhen, Y.K., Zhaksylykov A.Zh., Balpanova N.A. (2022). *Religious motives and reminiscences in the poetry of kazakh akyn-zhyraus*. *Bulletin of KazNU. Series of philosophy, cultural studies and political science*. Vol. 3, P. 55-61.
- Nurimanov, B., Altay A. (2018). *Karacaoğlan ve Bukar Kalkamanuli'nin şiirlerinin karşılaştırılması*, *Millî Folklor*. P. 41-56.
- Sadykov, N., Erzhanova S., Dalelbekkyzy A., and Tolegenov M. (2013). *Lyric Poetry and the Motives in the Works of Poets of Syr Darya River Vicinity*. *World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences*. Vol. 7, Iss. 5, P. 137-141.
- Ysmaiylov, E. (1996). *Jambyl jäne halyq aqyndary*. [Zhambyl and national poets]. Almaty. Sanat. (in Kazakh)
- Zhanabayev, K., Nagymzhanova K., Shaimerdenova N. (2022). *Formulaic Language and Style of Turkic Zhyrau of the 15-18th Centuries*. *Rupkatha Journal*. Vol. 14, Iss. 2. P. 1-28.

Information about the authors:

Kayimov Mukhamejan (correspondent author) – senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: m.kaiimov92@mail.ru);

Boranbaev Sandybay – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: sandybai60@mail.ru).

Nurbek Muratbek – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of M. Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: muratnur80@mail.ru).

Date of receipt of the article: March 15, 2023.

Accepted: May 30, 2024.

З.Н. Сейітжанов , Н. Набиолла* ,
Б.С. Иманғалиев , Ш.А. Шортанбай 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: nasihat_83@mail.ru

КӨДЕК БАЙШЫҒАНҰЛЫНЫҢ САЯСИ ЛИРИКАСЫ

Мақалада ақын Көдек Байшығанұлының шығармашылығына кең көлемді барлау жасалып, соның ішіндегі азаматтық көзқарасын айқын көрсететін саяси лирикалары талданады. Ақынның өзі ғұмыр кешкен кезеңнің шындығын ашып көрсеткен шығармаларына үңіле отырып, ондағы бейнеленген шындыққа, тарихи оқиғаға баға беріліп, ақынның азаматтық, саяси көзқарастары жан-жақты сараланады. Кеңес үкіметінің қазақ даласына, соның ішінде Жетісуді мекендеген Албан еліне жасаған озбырлығын бейнелеп көрсетудегі ақын шеберлігіне сараптаулар жасалады. Ақын шығармашылығының басым бөлігінде отарға түскен халық өмірінің ақиқаты ашып көрсетілетінін нақтылы мысалдармен береді. Мақалада ақынның өз көзімен көрген, санасынан өшпеген қоғамдық қайшылықты тайға таңба басқандай айқын суреттейтін жыр жолдары терең ашылып талданады. Ақын шығармаларында ХХ жылдардағы Кеңестік кезеңнің қаталдықпен іске асырған қатігез саясаты да назардан тыс қалмайтынына дәлелдер келтіріледі. Бай ауылдың малын сыпырып алып, жер аударған сүркей жылдардың көрінісін де автор ақын өлеңдерімен ұштастыра қарастырады. Тіпті кейбіреуін «халық жауы» деген жаламен атқанын, сөйтіп зорлық жасалып, әділетсіз қысым көрсету халық наразылығын тудырып отырғаны да жеке-жеке талданады. Айықпайтын ақын мұны елдің мұрат-мүддесінен туындағаны туралы қорытынды жасайды. Қоғамның ащы шындығын тарата жырлаған, торыға, үмітін үзе, ашына айту шығарманың драмалық сипатын ширата түскеніне мән беріледі. ХХ жылдардың ішінде болған саяси науқандардың бәрі де «аяусыз қастандықпен халықты қыру» екенін батыл айтып сұмдық оқиғалардың сырына қанықтырған азаматтық лирикалар терең талданады. Ел өмірінде болған қайғылы сәттердің ешқайсысын назардан тыс қалдырмай, өлең өміріне айналдыра көптің көз алдына келтірген ақын мұрасын жаңа қырынан көрсетуге қадам жасалады.

Түйін сөздер: автор, шығарма, поэзия, тарих, уақыт, көзқарас, қоғам.

Z.N. Seyitzhanov, N. Nabiolla*, B.S. Imangaliyev, Sh.A. Shortanbay

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: nasihat_83@mail.ru

Kodek Baishiganuly's Political Lyrics

This article widely examines the work of the poet Kodek Baishiganuly and analyzes his political lyrics, in which his civic position is clearly manifested. Looking at the poet's works, which reveal the reality of the period in which he lived, the truth and the historical events depicted in them are assessed, and the poet's civil and political views are comprehensively differentiated. His skill in depicting the arbitrariness of Soviet power in the Kazakh steppe, including in the Alban tribe inhabited by Zhetyusu, will be appreciated. In most of poet's works, the truth life of the colonized people is revealed through specific examples. The article analyzes in depth the lines of the poem that vividly describe the social contradictions that the poet saw with his own eyes and didn't disappear from his consciousness. Poet's work provides evidence that the tough policies of the Soviet period in the XX weren't ignored. Together with the poet's poems, a scene of harsh years is considered, when the cattle of a rich village were swept out and exiled. Even the fact that some of them were shot as "enemies of the people" and that violence, unfair pressure caused public discontent is analyzed in detail. The incurable poet concludes that his sadness is caused by ideals and interests of the country. The dramatic of the work is emphasized, expressing the bitter truth of society, expressing its despair. The political campaigns of the XX are analyzed in depth, declaring that all political campaigns "killed people with a merciless conspiracy." Without leaving without attention single sad moment in the life of the country, step is being taken to show the legacy of the poet in new light, presenting poet's life to the gaze of many.

Key words: author, work, poetry, history, time, attitude, society.

З.Н. Сейтжанов, Н. Набиолла*, Б.С. Имангалиев, Ш.А. Шортанбай
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: nasihat_83@mail.ru

Политическая лирика Кодека Байшиганулы

В данной статье широко исследуется творчество поэта Кодека Байшиганулы, анализируется его политическая лирика, в которой ярко проявляется его гражданская позиция. Глядя на произведения поэта, раскрывающие реальность периода, в котором он жил, оценивается правда и изображенные в них исторические события, всесторонне дифференцируются гражданские и политические взгляды поэта. Будет оценено мастерство поэта в изображении произвола советской власти в казахской степи, в том числе в Албанской стране, населенной Жетысу. В большинстве произведений поэта правда жизни колонизированного народа раскрывается на конкретных примерах. В статье углубленно анализируются строки стихотворения, ярко описывающие социальные противоречия, которые поэт видел своими глазами и не исчезли из его сознания. В творчестве поэта приводятся свидетельства того, что жесткая политика советского периода двадцатых годов не была оставлена без внимания. Вместе со стихами поэта рассматривается сцена суровых лет, когда скот богатой деревни был выметен и сослан. Подробно анализируется даже тот факт, что некоторые из них были расстреляны как «враги народа» и что насилие и несправедливое давление вызвали общественное недовольство. Неизлечимый поэт заключает, что его печаль вызвана идеалами и интересами страны. Подчеркивается драматургия произведения, выражающего горькую правду общества, выражающего его отчаяние и разочарование. Глубоко анализируются гражданская лирика о политических кампаниях двадцатых годов, смело заявляющиеся, что все эти кампании «убивали народ беспощадным заговором». Не упуская из виду ни одного из трагических моментов, произошедших в жизни страны, делается шаг к тому, чтобы показать наследие поэта в новом свете, который он привнес в «жизни» поэмы.

Ключевые слова: автор, произведение, поэзия, история, время, отношение, общество.

Кіріспе

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ әдебиетінің дамуына үлкен қосқан ақынның бірі – Көдек Байшығанұлы. Оның шығармаларында саяси лирика қомақты орын ұстайды. Жауынгер жанр поэзия өмір құбылыстарының сан қырын өлеңмен өрнектейтіні белгілі. Онда ежелден келе жатқан ұлттық болмыс пен идея көрініс беріп отырады. Жазушылар оны адамгершілік жады, ұрпақтар сабақтастығы мәселесімен бірлікте қарастырады. (А.Темірболат, Р.Имаханбет, Г.Орда, А.Оспанова, Т.Омаров, 2017). Кез келген ақын көріп-білгенен, көңілге түйгенін суретті сөзге айналдырады. Сондықтан халық өткені мен жеткенін белгілі қаламгердің мұрасы арқылы танып білеміз десек, асыра айтқандық болмайды. Қалайда белгілі дәуір шындығы сол дәуірдің көркем сөзінен көрініс табады. Академик З. Қабдолов: «Әр дәуірдің әдебиеті сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шындап» қана қоймай, келешекке, келер ұрпақтан ұрпаққа «шегелеп» қалдырған құдіретті күші де осы арада жатыр (Қабдолов, 1983: 120) – деп орынды айтқан.

Өлең-толғауларында көбіне қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді өз туындыларының арқауына айналдырған. Біз осы мақалада оның саяси

тақырыпқа жазған өлең-толғауларына тоқталуды мақсат еттік.

Кеңес өкіметі құрылғаннан бастап қоғамдық өмірде үлкен өзгерістер бола бастады. Бұрынғы патшалық Ресейдің отары болған елдерге еркіндік берілмеді. Кеңес өкіметі саяси-идеологиялық және экономикалық өзгерістерді жүргізуге шұғыл кірісіп кетеді. Ең алдымен халықты екі жікке (топқа) бөледі. Ауқатты адамдарды тәркілеу, ұжымға біріктіру, отырақтастыру сияқты саяси шаралар жүргізіле бастады. Біртіндеп халықты өзінің ұлттық болмысынан айыруды мақсат етеді. Ол үшін ұлттың діні мен тіліне «шабуыл» жасап, тарихи жадын өзгертуге кіріседі. Осының нәтижесінде бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік-қоғамдық жүйе бұзылады. Мұндай озбырлық халықты күйзеліске ұшыратады. Албан елінің игі жақсыларын «көрнекті бай» ретінде ұстап абақтыға жабады. Ақын абақтыда жатқандардың көңілін аулап бірнеше өлең-хат жазады.

Бүкіл елдің тоз-тозын шығарған заң-түзімге қарсылық білдіреді, күдерін үзгендей болады. Көдек шығармаларынан сол кезде халық басынан өтіп жатқан тағдыр тауқыметін танимыз.

Өртең шалған тоғайдай,

Кеткені-ай жұрттың сұрының.

Шөптің таңдап сонысын

Ішетін судың тұнығын (Байшығанұлы, 2008: 91) –

деген жолдар халыққа қанды құрығын салған қилы заманның қиындығы екені хақ. «Шөптің сонысын жеп, судың тұнығын ішіп» емін-еркін көшіп-қонып жүрген елдің өрт шалғандай сұры кетеді. Себебі отырықшылыққа бейімдеп, ұжымға біріктіру халықтың еркінен тыс болған оқиға болатын. Төрт түлік малда күн көрістің қамына айналдырып отырған ел сауып ішер биесінен, қом көтерер түйесінен айырылады, азып-тозуға ұшырады. Өл-ауқатты адамдарды тәркілеу басталады. «Азаматын айдатып, қанды құрығын салады». Мал-мүлкін ортаға алып, азаматтарын «Итжеккенге» айдау қазақ халқының тамырына балта шабумен бірдей еді. Ел қыспаққа түсіп, қысастық көреді.

Көдек халықтың басынан өткен әділетсіз тарихи-саяси оқиғаларды көзімен көреді. «Атаның салған жолы, ананың пішкен тоны» сияқты құндылықтар тәрік етіледі. Сондықтан ақын мұраларының көбі саяси лирикаға жатады. Бұл кедергі түрлі саяси науқандардың бірі жер-суынан, мал-мүлкінен айырса, бірі жазықсыз жандарды жауапқа тартып жер аударды. Түрлі алым-салықтар салып тыныш өмір сүруге мүмкіндік бермейді. Сан түрлі ат қойып, айдар тағады. Ендігі жерде ақын да бас сауғалап «ел шетіне» баруға әрекет етеді.

Материалдар мен әдістер

Бұл жұмысты жазу барысында ғылыми танымның негізгі ұстанымдары басшылыққа алынды. Зерттеудің өзегіне материал ретінде ақын өлеңдерінің Алматыда жарық көрген басылымы пайдаланылды. Осы зерттеуде әдебиеттану ғылымындағы салыстырмалы талдау әдісіне басымдық берілді. Өйткені ақын шығармаларында көрініс тапқан оның саяси көзқарастары сол кезеңнің тарихи шындығымен, атап айтқанда 1916 жылғы «Албан көтерілісі» аталып тарихымызға айналған қайғылы кезеңмен, онан кейінгі саяси жағдайлармен байланысы салыстыра қаралды. Ақынның тарихи шындықты өз шығармасына қаншалықты деңгейде арқау еткеніне назар аударылды. Мақаланы жазу барысындағы алға қойған мақсат-міндеттерді, атап айтқанда ақынның азаматтық ұстанымын айқын көрсету үшін салыстырмалы талдау әдісімен қатар, кешенді талдау, логикалық-поэтикалық сараптау әдіс-тәсілдеріне де сүйендік.

Әдебиеттерге шолу

Бұған дейін де жалпы Көдек ақынның шығармашылығы туралы құнды ойлар кездеседі.

Ең әуелі М.Әуезов «Қазақтың халық шығармашылығы және оның ақындық ортасы» деген мақаласында Көдектің ақындық тұлғасы туралы пікір білдіреді. І.Жансүгірұлы жинаған материалдарда да ақынның бірнеше өлеңі сақталған. Көдек Байшығанұлының шығармашылығына байланысты өткен конференцияда профессор Айгүл Ісімақова «Көдек Байшығанұлы поэзиясындағы заман шындығы»; ф.ғ.к., профессор Анарбай Бұлдыбай «Көдек Байшығанұлының жоқтаулары мен дауыстары»; ф.ғ.к., Сағатбек Медеубекұлы «Көдек Байшығанұлы – қоғамдық санаға қозғау салған замансөз зергері»; т.ғ.д., профессор Жомарт Сімтіков «Көдек Байшығанұлы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс»; ф.ғ.к., доцент Санагүл Майлыбай «Мұхтар Әуезов және Көдек ақын»; өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор Әлия Сабырова «Жетісу өңіріндегі авторлық әндердің өзіндік ерекшелігі»; PhD, өнертанушы Бағылан Бәбіжан «Көдек әндерінің әуездік құрылымы»; әдебиет зерттеуші Нұрлан Сәрсенбаев «Көдек Байшығанұлының ақындық айналасы»; ф.ғ.к., доцент Советхан Тілеубаев «Көдек өлеңдерінің көркемдік сипаты»; өнер зерттеуші Тілеулес Құрманғалиев «Көдек әндерінің табылуы және жариялануы»; зерттеуші Нұрлан Әбдібекұлы «Көдек поэзиялық туындыларының жиналуы, жариялануы» тақырыптарында баяндама жасап, ақын шығармаларын әр қырынан танытуға мән бергенін білеміз. Көлемді зерттеулерден Көдек Байшығанұлының шығармашылығына арналған профессор З.Сейітжанұлының «Шетелдегі қазақ әдебиеті» атты ұжымдық монографияға мақаласы жарияланған. Бұл мақала шолу түрінде жазылған. Бұдан кейін филология ғылымдарының докторы Қанипаш Мәдібайдың «Көдек Байшыған» деген мақаласы автордың «Өрісті өнер» кітабына енген. Мұнда да ақын мұрасы қысқаша таныстырылады. Бұнда біз ақынның саяси лирикаларына басымдық бере отырып қарастырамыз.

К.Байшығанұлының төгілмелі шабытпен жырлайтын туындыларындағы тегеуірінді ойлары мен мұңдалап тұратын ерекше қарымдылығы анық аңғарылып тұрады. Қанша кедей-кепшіктер «отыншы, сушы болып бірталай жан, өмірі жоқшылықпен жалданып жүр» деп әлеуметтік теңсіздікке сын садағын тартады. «Жемір сиырдай жалманып жүрген мансаптылардың» қошемет-қолпаш көруден жалықпай, қара бастың қамын ғана ойлайтындарға тоқтау-тиым болу керек екенін аңғартады. Әділдігі жоқ қоғамнан күдерін үзіп түңілгендей болады. «Тасығанның бір төгілері» хақ екенін еске салады, тәубеге шақырады. Қытай еліне қоныстанған «алаш азаматтарының

аман болуын» тілейді, кісілікті көңіл толғанысын білдіреді. Көдек Байшығанұлы көптеген толғауларында «Қызырлы не боп кетті қайран Албан», «Қайғылы қайран халық», «Омарбектің өлімі», «Албан тарихы», «Өрге қашқанда», «Кең Текес», «Сасан ауылына барғанда» т.б.) өз заманының шындығын, әлеуметтік саяси ахуалын білгірлікпен баяндайды. Толғау – ақындық поэзияның түрі. Мұнда әр ақынның творчестволық ерекшелігі молырақ көрінеді... Сөздің әлеуметтік, азаматтық әуенінің артуы толғау ерекшеліктерінің бірі (Ахметов, 1964: 254).

Арқалы ақын толғауларының басты тақырыбы – ақиқатты айту, әділдікті алға тарту. «Албан тарихы» толғауында былай дейді:

Сұраған балшайбектің елін көрсен,
Өртең шалған тоғайдай әрі кеткен.
Қыршаңқы қызылшұнақ ат сияқты.
Сымпиып күйрығы мен жалы кеткен.
Ауданнан уәкіл кеп өкіріп жүр,
Бетінің реңі жоқ қаны кеткен.
Сөзіне айтап тұрған құлақ салсан
Дегеннің «қырам-жоям» мәні кеткен.

Бұл ауқатты жақсы-жайсандарды тәркілеу кезінің әрекеті екені аян. Халықты тапқа бөліп біріне-бірін айдап салу мақсатынан туындаған қауіпті саясат. Қазақ халқының басынан өткен қиын кездің бір үзік сыры, түрлі саяси науқандардан мезі болған ел босқын-қашқын атанып, оқтың өтінен, оттың шетінен өтеді.

«Өрге қашқанда» толғауында алдынан қалмақтар тосып, зергерлік бұйымдары мен киім-кешектерін тонап, артынан орыс солдаттары қуады.

Қорықтық күзғын жер деп жазда қалып,
Алдымызды қармады қалмақ алып.
Арт жағымыз солдат пен коматрет,
Біз енді қалай қарап зар қағалық
Тып тыныш жерімізде тұра бермей,
Елімізді құртқаны-ау жалған алып.

Қалмақтар барлық зергерлік бұйымдары мен киім-кешек, тәуір заттарын тонап алады. Кеткен елі де, барған жер де құшақ жайып қабыл алмайды. Басы аман, бауыры бүтін заман баяғыда-ақ келмеске кеткен. Жат елге сіңіп, өзінің жағдайын жасау оңай бола қоймайды. Заман шырғалаңы осындай дағдарысқа тап келтіреді. Ата қонысынан кетіп бөлініп-жарылған халықтың халі мүшкіл болады. Отаршылдық озбырлықтың шеңберінен шығу мүмкін емес еді. Сондықтан

көлденең кезігетін ұрда жықтардың қоқайына істер амал да болмайды.

Ол Сасан ауылының өткені мен бүгінгі халі жайында оралымды ой айтады. Албан елінің бұрын келген алты ақалақшысына сипаттама береді. Мансап иелерінің әділетсіздігін нақты таңбалайды. Халықтың көбі сіңірі шыққан кедей болса, байлық белгілі адамдардың қолына жиналған. Бұлардың айтқаны келіп, атқаны тиетін адамдар. Ақын халықты сүліктей сорған шонжарлардың әрекетін әшкере етеді, шенеп-мінейді. Ұлықтар мен байлардың озбырлығына, халыққа қайырымсыздығына күйінеді.

Ақын толғауларының көбінде-ақ басқаға бағынышты халық өмірінің ақиқатын айтқан. Өленді төгіп те (импровизатор), жазып та шығара беретін Көдектің өлең толғауларында қоғам мен адам байланыста жырланады. Ол XX ғасырдың алғашқы жарымында халық басынан өткен өкініші мен қайғысын жан жүргімен сезіне отырып, бірінде назардан тыс қалдырмай толғауларының арқауына айналдырған. Сондықтан оның өлең-толғаулары халық өмірінің жыр шежіресі іспетті. XX ғасырдың алғашқы жарымы «оңы мен терісі, қойы мен бөрісі» алысқан аласапыран заман болғаны белгілі. Өйткені идеологиялық қыспақ күшейеді. Жаңа тұрмыс-тіршілік орнату дейтін асыра сілтеген, ұрандатқан саясат үдей түседі. «Қақ жарған қара қылды заман қайда, жүзіндей ұстараның ауып қалған» деуі шынайы өмір шындығы болатын.

Сонда Кеңес өкіметі не істеді? Алдымен халықты тапқа (екі жікке) бөлді. Бай мен кедей арасындағы қарама-қайшылықты қоздыра түседі. Бірін өшіреді, бірін өсіреді. Халқым, елім деп соққан ақын жүрекке мұндай саясат ұнамайды. Сол себепті оның азаматтық үні асқақ естіледі.

Көдек кейде жылдарды қуалап, қай жылы қандай жағдай болғанын санамалап тұрып жазады, мәселен:

Жылында он алтының жолыққанда,
Төтенше сол бір жылы сұрың кетті.
Түк көрмеген қазақтан солдат сұрап,
Ұлықтан әділетсіз зұлым жетті, –

дейтін өлең жолдарынан 1916 жылы не болғанын білеміз. Бұрын әскерге бармаған, соғыс көрмеген халықтың төбесінен жай түскендей болады. «1916 жылдың оқиғасы халық тарихындағы қатардағы бір эпизод емес, бүкіл елдің тағдырына тікелей қатысты, көлемі мен салмағы жағынан өзінше бір «ақтабан шұбырынды» еске салатын сұрапыл десек артық айтқандық емес» (Берді-

баев, 1989: 177). Осы жылы патша өкіметінің 18 бен 31 жас аралығындағы жігіттерді майданның қара жұмысына алу туралы «Жиырма бесінші маусым» жарлығы түрткі болады. Мұның арты бүкіл елді қамтыған ұлт-азаттық күреске әкелгені белгілі. Ақын «төтенше сол бір жылы сұрың кетті» деген сөзді бекер айтып отырған жоқ. Сол 1916 жылдың өзінде империялық әкімшілік аярамақсатына жетіп, жергілікті халықты ығыстырып үлгеріп еді. Олардың көбі көрші Қытай жеріне ауып кетті. Ат аяғы жетуі қиын шың-құзды паналады. Иен далаға тентіреп аштық пен жалаңаштық тауқыметін тартты (Жұртбаев, 1990: 189).

Осындай аумалы-төкпелі дәуірді ақын оқырманға ой саларлықтай шынайы бейнелейді:

Таланған мал мен бастың есебі жоқ,
Қайран Албан бұзылып сұрың кетті.
Көгенкөз не жайсанды орыс қырып
Не боздақ оқ ішінде ұлың кетті, –

дейді кейіп. Бұл – ақынның көз алдында болған өзекті өртер өкініш. Ол халық қайғысына ортақтасады. Патша өкіметінің қарулы жасақтары халықты қырғынға ұшыратып, жазықсыз жазалағандары да өтірік емес болатын. Көдек ақ ниетінен айнымай, сорақы сұмдықты көпке жеткізуді парыз санаған. Отарлық озбырлық осы екенін ескертеді.

Жылына он сегіздің келгенінде,
Бүлік сап Мұратаев қырып жетті.
Батырдың Райымбек тұқымы еді,
Диканбай қайран сабаз құның кетті, –

деп күйінеді. Аласапыран шақтың оқиғасы Көдек шығармашылығынан қомақты орын алған. Мұрабаев деп отырғаны Ақ әскердің офицері. Бір жағынан ақтар бүлік сап жетсе, көп ұзамай-ақ «Сәбеттің өкіметі қуып жетті» дейді. Бұл ақ пен қызылдың арасында болып жатқан дүрліккен шақтың шындығы нанымды бейнеленеді.

Осы жағдай халық тарихына қатысты мәселе болғандықтан түрлі жанрда көптеген шығармалар туған және атажұрттан адасуға да себеп болған болу мәнін де ұғындырады. Отаршылдық саясаттан мезі-ығыр болған халық өмірінің қайғы-мұңы ақын назарынан сырт қалмаған.

Кедейлерге көпшік қойып көтермелесе, байлардың меселін басып малдарын алды. Тіпті кейбіреуін кедейлерге бөліп те береді. Ақын бұрын болмаған ұлттық теңсіздікті әшкерелейді. «Үстем тапты жою ұранын ашықтан ашық көтерген

сталиншіл болшевиктер бейбіт келіссөзді емес, күш қолдануды негізгі құрал етті. Бас сауғалап амалсыз атқа қонғандар ешкіммен де бейбіт келіссөз жүргізбеді, ал болшевиктер болса, қан төгуден тартынған жоқ» (Омарбеков, 1994: 48).

Көдектің жоғарыдағы өлең жолдары Кеңестік кезек-кезек-кезегімен талап-шарттарын іске асыру арқылы халықтың өмірін зобалаңға айналдырған деректерді жіпке тізгендей көз алдыға әкеледі. Мысалы:

Әлібек, Бегалыны қатар ұстап,
Албанға қарайтұғын бет қалмады.
Өлгені, ұсталғаны, сотталғаны
Бұл елде күйзелгенде ес қалмады.
Бет алды нақақ күйіп жоғалды деп
Талайдың ішінде боп кетті арманы, –

дейді. 1927 жылы жазылған осы толғауында Текес өңіріндегі елдің хал-жайынан хабардар етеді. Еселенген жоспарды орындай алмағаны үшін бір шоғыр адамдардың ұсталғанын, сотталғанын өлгенін және олардың аты-жөндерін де атайды. «Бір жағы зар, бір жағы қар заманның» болғанын зығырданы қайнайды. «Жетісу елін өрт шалды» деп күйінеді. Жақындарынан бөлінген ел бағыт-бағдарды білмей, естерінен айырылғанына налиды. Қазақ ауылының өмір шындығын нақты бейнелеп, болып жатқан қиянатқа қарсылық білдіреді. Бұл – ауыр кезеңнің жанды суреті, арманда кеткен елдің мұң-шері, көңіл күйі екенін өткір айтады, көпке ой тастайды.

Нәтижелер мен талқылау

Отаршылдық өктемдіктің тізеге салып жазықсызды жазықты етіп елдің ту-талақайын шығарған содыр-сойқанын дөп басады. Көзімен көрген, санасынан өшпеген қоғамдық қайшылықты тайға таңба басқандай айқын суреттейді.

Мұны жиырмасыншы жылдардағы Кеңестік кезеңнің қаталдықпен іске асырған шу-шұрқаны деуге болады. Бай адамдардың малдарын сыпырып алады, жер аударады. Тіпті кейбіреуін «халық жауы» деген жаламен атады. Сөйтіп зорлық жасалып, әділетсіз қысым көрсету халық наразылығын тудырып отырады. Айықпайтын ақын мұңы елдің мұрат-мүддесінен туындайды.

Қоғамның ащы шындығын тарата жырлаған. Торыға, үмітін үзе, ашына айту шығарманың драмалық сипатын ширата түскен. XX жылдардың ішінде болған саяси науқандардың бәрі де «аяусыз қастандықпен халықты қыру» екенін батыл айтып сұмдық оқиғалардың сырына қа-

нықтырады. Ел өмірінде болған қайғылы сәттердің ешқайғысын назардан тыс қалдырмай, өлең өміріне айналдыра көптің көз алдына келтіреді. Бақ-дәулеті құрдымға кеткен, бірін-біріне қарсы қойып күшпен ұжымдастырылған сойқанды бұрын-соңды ел көрмеген-ді. Енді қайту керек? Қоршаған ортаның сиқы ақынның көңіл-күйіне әсер етеді. Сондықтан ол «кезіктік сүм заманға зарықтырған» деп түңіле толғайды. Замана жайына сын айтқан туындылары Көдекте жетерлік. Шырғаланы көп, шырқ бұзған қоғамдық ақиқатты көптің көңіл күйімен байланыстыра жырлау көптеген шығармаларына тән қасиет. Өкінішпен үміт қос өрім тартқан туындыларды ақын жанының адал сыры деп ұққан жөн.

Тоталитарлық жүйе ойына келгенін жасап, бодандық бұғауын тарта түседі. Қарсылық білдіруге ешкімнің құқы жоқ. Жақты ашпастай, көзді көрместей қып қойған. Қит етсе қынапта қылыш дайын. Сол тұстағы – қилы замандағы халықтың қиын тағдыры осындай еді. Көдек осыны өзіндік өрнекпен бейнелеуге ден қойған.

«Сағыздай біріктіріп шайнап алған» деген тапқыр салыстыру арқылы ойын ұтымды жеткізеді. Мұндай жағдайлар шығарманың сапалық белгілеріне де әсер еткен. Ақын Кеңестік жүйенің осы саясатын дәл сипаттайды. «Саясаттың күннен-күнге жіңішкергенін» айыптайды. Ақын жасанды ұстанымдарға бармайды. Көптің сорын қайнатқан заман зауалы екенін тура айтады. Мұның арты жақсылыққа да апармайтынын да сездіреді.

«Саясатқа алданған» елдің сарсаңы мен сергелденін нақты қамти сөйлейді. Әлеуметтік шындықтың бедер-белгісін шеберлікпен ашқанын көреміз. Өйткені «әр заманда, әр дәуір сол кездегі өнерден өз келбетін, өз рухын, өз жүрегінің дүрсіл тынысын, қан тамырының бүлкілді ағысын көруге күштар. Өмір мен өнер орайындағы бұл сабақтастықты ешбір суреткер аттап өте алған емес» (Нұрғалиев, 2019: 297) деген ғалым ойы орынды.

Сонымен, ауқатты адамдардың бәрін айыптап, кедейді керемет етіп шығарады. Күшпен біріктіріп, отырықтастыру кезінде де елдің тартқан тауқыметі аз болмағаны белгілі. Осының салдары отызыншы жылдары ашаршылыққа әкеп соғады. Ақынның осы кезде жазылған өлең-толғауларынан күллі қазақ елінің аянышты тыныс-тіршілігін аңғаруға болады.

Ақынның өлең-толғауларынан әлеуметтік-азаматтық сипат барынша басым көрінеді. Жиырмасыншы жылдардағы саяси науқандарда асыра сілтеу орын алғаны мәлім. Осының

салдарынан ішерге тамақ, киерге киім таппай, «жығылған үстіне жұдырықты» көреді. «1928 жылы байлардың дүние-мүліктерін тәркілеу, салық түрлерін қисынсыз түрде көбейту, ұжымдастыру мен отырықшыландыру науқандарын асқан солшылдықпен күштеп жүзеге асыру, ал солақай реформаға қарсылық көрсеткен халық көтерілістерін қарулы күшпен қырғынға ұшыратып басу, солармен қатар көзі ашық азаматтарды репрессиялайды. Бұлардың бәрі халықты 1931-1933 жылдары алапат ашаршылыққа – ұлттық апатқа душар етті» (Қойшыбаев, 2019).

Көдек халықтың қасіреті атанған ашаршылықты дәл-дәйекті суреттейді. «Мен айтсам шындық пенен сүмдықты айтам» деп өз сөзінің жалған емес екеніне нандыра сөйлейді. Осы ашаршылық халықтың санын күрт кеміткені аян. Себебі қаншама адам тамақ таппай, аштықтың құрығына ілінгені белгілі. Мұндай нәубет отарлық саясаттың ықпалымен болып жатқанын да ұғындырады. Тәуелсіз ел болғаннан кейін ғана оқымыстылар апат әкелген зобалаңға баға бере бастады. «Ашаршылықты геноцид деп айтуға неге болмайды? Әбден болады. Геноцид дегеніміз билік тарапынан белгілі бір әлеуметтік тапты мақсатты түрде жою. Қазақстанда мақсатты түрде жою процесі жүрді. Қазақстанда үш топты: байларды, молдаларды, зиялыларды жоюды патшалық өмір негіздеген. Соны Кеңес Одағы іске асырды» (Қойгелдиев, 2019), – деп жазады тарихшы ғалым М. Қойгелді.

Әдейі қолдан ұймдастырылған ашаршылықтың салдарынан қазақ халқы орасан шығынға ұшырады. Осының бәрі ел тарихының қаралы беттерін құрайтын деректер екені белгілі. Ақын әлеумет өмірінің түйткілдерін мейлінше шыншылдықпен суреттейтіндіктен оның туындылары тұнық ойдың тұнбасындай әсер қалдырады.

Қоғамның заң – түзіміне көңілі толмайды, «өксігі өмірінде ойдан кетпейтінін» еске салады. Байды бітіріп, енді орташаға сұғын қадаған. «Бұзаудай болдың қолға байлап алған» деген тапқыр теңеу халықтың шарасыздығын тартымды жеткізген. Мұның бәрі басқаға басыбайлы болған халықтың күңгірт күші мен күйі екені аян. Ақын туындыларының өз көзінің жыр-қуәлігі десек те болады. «Қазақ халқының шығармашылығынан оның қиын-қыстау жылдарының тарихы ғана емес, қарапайым ғана тұрмыс-тіршілігі де байқалып жатады. Бұл біздің халықтың өмірінде көркем шығармашылықтың, соның ішінде поэзияның, ерекше орын алатынын байқатса керек» (Ержанова, 2021: 117).

Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси науқандар әншейін ғана өткінші оқиғалар емес еді. Ол халыққа «қан жұтқызып, қасірет әкелген» тарихи шындық болатын.

Кеткені келмей, кемтігі толмай, өксумен өмірі өткендер қаншама? Адамдарды ес-тұсынан айырып, мұсылмандық әдет-ғұрыпты құртқан кім? Әрине, бәріне тоталитарлық жүйе кінәлі. Толғаудан алынған осы үзіндінің эстетикалық әсерінен гөрі заман рухын шынайы жеткізуімен мәнді. Бұл тұста уақыт талабы басқа еді. Ақынның ұрандатқан өлеңі жоқ. Керісінше «адамды ес-тұсынан ажыратқан» саяси қыспақтың лебін сезуге болады. Әдебиеттің өміршендігі – адам рухын, болмысты бейнелеудегі шындыққа байланысты. Ал белгілі бір жанрдағы көркемдік-идеялық сипаты жоғары шығарма адамзаттың мұң-мүддесін, халықтың рухани өмірі мен тарихи тағдырын көрсетуде қаншалықты терең барлау жасағандығымен қымбат (20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті, 1937: 178)

Көдектің өлең-толғауларында өз кезіндегі жамағаттың басынан өткен сергелдең ешқандай боямасыз көрініс тапқан. Ақын елдегі жағдайды көзімен көрген, жанымен сезген. Осындай аласапыранның кесірінен Қытайға қашуға мәжбүр болған. Сондықтан күнделікті болып жатқан саяси науқандар әсіресе соңғы кезде жазған туындыларынан қомақты орын алған. Ел-жұртынан айрылған босқындардың жағдайлары да ақын назарынан тыс қалмаған. «Арып-ашып, тоналып жаяу жүріп» қиыр кетіп, қиянды қоныс етуге мәжбүр болады.

Осы «өрге қашқанда» толғауында айтылған ой елдің қорлық-зорлық көрген тауқыметті тағдырының көрініс деуге болады. «Қаңғырдық ескі залым дүресін жеп» деген сөзде орны толмас өкініш жатыр. Белгілі ғалым Д. Мәсімханұлы «Көдек ақын екінші рет Қытай жеріне өтіп болғаннан (1930 ж.), соңғы сапарға аттанғанға дейін (1937 ж.), ондағы ел мен жерді, әсіресе Іле-Текес, Қас-Күнес өңірін тынбай аралап, Қытайдың жан түршігерлік отарлық езгісінде жаншылып жатқан қандастарын оянуға, бас көтеруге шақырды», – деген тұжырымы орынды. Д.Мәсімханұлы өз зерттеуінде Көдек және басқа ақындар шығармаларындағы ұлттық идеяны қарастырады.

Ақынның өмірін өлеңнен бөле қарауға болмайды. Тосылмай, іркіліссіз айтатын туындылары ел өмірін өлеңге (ішінде өзі де бар) көшіргендей әсер қалдырады. Көдек өлеңдерінде сыншылдық пен шыншылдық басым. Бөтен елге бас сауғалап кеткен жұрттың мұңын талғамға

тарта отырып ақиқат қалпында жырлауға ден қояды. Босқындардың сорпа-су тауып күн көруі де қиындай түссе, жүдеп-жадап барғандардың қан-тері арқылы қарнын кампайтатындар да табылады екен. Бағыт-бағдарынан жаңылып, бас амандығын ойлаған елдің мүшкіл жағдайын күлбеттене күмілжімей ащы айтады, көрегендікпен түйін-тұжырымдайды.

Көдек өзі барған өңірдегі елді екі жыл аралап талай елді-жерді көреді. Кімнің кім екенін ұғады, ел тұрмысының бірдей емес екеніне қаныға түседі. Елдегі жоқ-жітіктің кедейлігіне налиды.

Ақын осы толғауында «жүр» деген сөзді әлденеше рет қайталап, айтылар ойға ерекше мән беріп, екпін түсірген. Бұл туған жерінен сая таппай босқын болған елдің жай-күйі, жан-мүңы екені аян. «Жылдан жылға азған» заманның тауқыметін таразыға тартқандай етіп жеткізе жырлайды. Әлеуметтік кереғарлықты дөп басып таниды. «Секілді жемір сиыр жалманып жүр» деген салыстыру ойын өткірлей түскен. Немесе «қорлық-зорлық пәленің бәрі осында, кедейді күтқармайтын қармағы жүр» деген сөзінде ащы шындық жатқанын аңғарамыз. Ол әкімдердің қорқаулық әрекетін бетіне айтады, жамағаттың ауыр тұрмысына жаны ауырады. Осындай келеңсіздікке мүмкіндік беріп отырған қоғамға зығырданы қайнайды. «Шындық пен әділеттен дәнене жоқ» деп түңіледі, өкінеді. Ел билейтін әкімдердің бас-басына сипаттама беріп отырып, олардың теріс әрекеттерін ашына отырып ашады, қайталамауын талап етеді.

Көдек Байшығанұлы екі елді көрді. Олардың заң-түзімінен де хабардар болды. Өмірінің соңы Қытай елінде өткендіктен әкімдердің (ақалақшы, мампаң, зәңгі т.б.) ел басқару ісіне қалай қолдары жететініне көзі жетті.

Сайлау деген аты болмаса, заты мүлде басқа. Мансапты пара беріп сатып алатынына көзіміз жетеді. Сайлау кезінде билік иелерінің қалтасы толады да, бұқара қауымның жоқшылыққа душар болуы айыпталады. Ел ішіндегі дау-дамайды да кім пара берсе, соның пайдасына шешіп беретіні де жоғарыдағы жолдар айқын аңғартады. Осы шағын үзіндіден халықтың сайлауға берген бағасын да аңғаруға болады. Ақын шындыққа тура қарайды, сын садағын аямай тартады.

Туып-өскен жерінде мамыражай жүрген ақын заман-түлкінің кейіп-кесірінен шошынады. Бас сауғалауы мәжбүр болады.

Қоштасып қалдырдым да Албан елін,
Адасып ел шетіне барған едім.

Қарқара. Шөлкөде мен Шөкірамбал
Алдың-ау қолжетпестей қайран жерім.
Бос жерде бейқұт өскен қазағым-ай.
Ашыған қымыз емес саумал едің
Біреуді біреуге әкеп ұрындырған,
Дүние қандай түлкі аумалы едің, –

деп төгіле, тебірене «қоштасып «Албан елін қалдырғанына» өкінеді. Бірақ бұдан басқа жол да жоқ. Заман мен қоғам әлпетін қарағанда өскен өңірінен тиянақ таппайтынын білді. «Біреуді біреуге әкеп ұрындырған заманның бір қыжылы барын сезеді. Сонымен бірге елдің де хал-жайы бұрынғыдай емес. Ортасы ойылған, ордасы бұзылғаны да өтірік емес-ті. Ел санасында ашығу мен торығу басым еді. Халықтың қарсы тұрар дәрмені де жоқ болатын.

Жағымпаз болып жан сауғалауға ыңғайы жоқ ақын «атақты қасқыр аштан өліпті» дегізбей бір түнде арғы бет асып кете барады, алдындағы қандасы қазаққа қара тартады. Артында туған жері мен елі қалады. Елдің сұрын кетірген Сүркей шақта «қаңғып» кету қандай ауыр тағдыр! Салы суға кетіп, меселі қайтқан бұқараның халы не болмақ? Ақын жырларының өрім-өзегі – өмірдің өзі. Ел басынан өтіп жатқан нәубеттер ақын ойының аянышты сырындай естіледі. Сан түрлі саяси науқандарды озбырлық деп біледі. Қиын заманның қыспағына түсіп, сергелден болған елдің арман-мұңын анық аңғартады. «Қазақты мал басынан ажыратқан» заңға іші жылымайтынын да кесіп айтады. Кейде шарасыздық байқатса, кейде кектене ашынады. Жаратқаннан медет тілейтін сәттері де жоқ емес.

Аса қиындықпен ашып-арып, жаяу-жалпы босып келе жатқан елді жолда қалмақтар тонайды. Омарбек суға кетіп қайтыс болады. «Омарбектің өлімі» толғауында:

Тау-таста, сай-салада өлендер көп,
Қоймаған бетін жерге жасырып-ай.
Бойыма ішкен асым тарамда,
Соларды ойлағанда ашынып-ай.
Осындай бір дәуірді кезіктірді.
Жаздықпа, жаңылдық па, апырым-ай! –

деген жолдар қысқа күнде қырық құбылған заманның ақиқаты. Көдек ащы болса да шындықты айтуды мақсат еткендіктен оның өлең-толғауларының әр шумағынан халық басынан өткен қайғылы сәттерді оқуға болады. Бір күн мерекемен достасқан елдің, бір күн азып-тозып қоштасқанын өлең өріміне айналдырады. Көңілі қаралы, жүрегі жаралы ақын бардың бағын

шайқап, жоқты жосылта мадақтаған дәуірдің шындығын көз алдыға келтіруі оның басты ұстанымы. «Бойыма ішкен асым тарамда, Жаздық па, жаңылдық па апырым-ай!» деп таңданысын да тарығуын да тарығуы да жасырмайды. Осындай бір дәуірге кез болғанына өкінеді, күйінеді. Құтырғаннан құтылуды ойлап босқын атанады. «Қазанға жақын жүрсең күйесі жұғады» демекші өктемдерден алыс кетуді жөн көреді. Бұл шарасыздықтан, мәжбүрліктен туындаған әлеуметтік қырсық-сор. Халық басынан өткен қайғылы тарихтың бір үзік сыры.

Көдек Байшығанұлы 1937 жылы қайтыс болады. Ақынның өмірі өлеңсіз өтпеген. Өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспеген. Осы жылы бірнеше өлең жазған екен. Соның бірінде былай дейді:

Қырандай көкке өрледім, атымды елім,
Еркелетіп «Көке» деп қойып еді.
Өз мекенін аңсаған аққудайын
Осы жағдай түсім бе өнім бе еді?
Кеселім күннен күнге барады өрлеп,
Шипа қонып, дерт кейін шегінбеді...
Үш ай жаз сайран салып күзде қайтқан,
Жаз құсы сияқтымын өңірдегі.
Тозған торғай секілді жайым мынау
Көре алмай кетіп барам жерімді енді!

Туған жерін кете алмай кету аһ ұрған арманға айналған. Көкіректегі сағыныш пен өкінішті тебірене толғайды. Басындағы мұң-шерін шерте отырып, ел-жұртының қайғы-қасіретін жеткізеді. «Кеселім күннен-күнге барады өрлеп» деп сырқатын да мойындамайды. Бірақ бордай езілмей, үзілмеген үмітке сүйенеді. Алайда бір арманы орындалатын емес. «Көре алмай кетіп барам жерімді енді». Бір белдің ар жағында қалған туған жерін көре алмаудан артық қорлық бола ма? Бұл – қамыққан, жабыққан көңіл наласы. Мұң-түнек еңсесін көтертпей, жапанда жалғыз қалғандай сезінеді.

Ақынның күрсініс-наласының себебі не? Ол кіндік қаны тамып, бесігін тербеткен туған жерінен еріксіз кетті. Бірге өскен аға-бауырынан айрылды. Емін-еркін өсірген қара орман халқы қалды. Осының бәрі келе-келе сартап сағынышқа айналды. Жүрегіне салмақ салып, жанын жаралады

Сырты бүтін іші түтін, іші түтін ақынның аманатындай естіледі. Көңілге бір медеу – арт жағында қалған елі. Қапыда көз жазып қалған еліне-қазағына өзі болмаса да сөзі жететініне сенеді. «Керекті жерге жеткізер кейінгі менен

қалғанды» деп терең тебіреніспен айтқан ақ тілегі, арманы орындалған сияқты. Көдекті асыл жыр-сөзі керекті жеріне жетті. Қазақ халқымен қауышты, зердесіне ұялады. Ұлттық әдебит тарихынан ойып тұрып орын алды. Ол XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының тақырыптық-көркемдік аясын кеңейте түскен талантты тұлға және өз заманындағы қоғамның өрті мен дертін ашып, елінің ертеңін ойлаған сұңғыла суреткер.

Көдек поэзиясының көркемдігіне, ой тереңдігіне көңіл сүйінеді. Ол өлеңдерін құбылта-құлпырта кейде өзіне ғана тән бейнелеу құралдарын тақырыптықпен тауып қолданатын шебер шайырдың бірі. Өйткені поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады (Ахметов, 2009: 8).

Ақын туындыларының өткірлігі көбіне тауып қолданған бейнелеу құралдарына байланысты десек, ол тілге шебер, талғампаздығы жоғары. Мәселен: «Сүзілген күзгі айранның қатығындай», «Ту қойдайын борлаған соғымдағы», «Ебімен қанат жайған қарлығаштай», «Оралған гүл бақшаға тотықұстай», «Бурадай алабұртқан күйге келіп», «Жауқызындай аршыған», «Дауылдай бұлтты айдаған өлеңім бар», «Ерке өсіп түз құсындай шарықтаған», «Құндыздай иін жарға балалаған», «Ақтанау қысыр емген жабағыдай», «Балқыдым қорғасындай күйіп-жанып», т.б. теңеулер және «өр кеуде» «топас ой», «қыран сөз», «аққу үн», «қилы заман», «бұраң жол», «күміс көмей», «бал өмір», «ыстық көңіл», «алтын бас», «өткір тіл», «қисық сөз», «қыңыр мінез», «бура сан», «кең кеуде» т.б. ретіне қарай қолданған эпитеттерді Көдек мұрасынан көп табуға болады. Осы арада айта кетер бір жай – мысалға келтірілген көркемдеу құралдарының кейбіреулері тек Көдек ақынға ғана тән сөз қолданыстары десек жаңсақтық болмайды.

Ақынның жыр үлгісіндегі әсіресе толғауларында бунақ, тармақ, шумақ саны бір келкі емес. Айтар ойға орай бірде аз, бірде көп түйдекке айналып барып ойы түйінделеді. Түйдек шумаққа қарағанда көлемді болып келетіні белгілі. Ақын эпикалық жырлардағы әуендете айтылтын төкпе өлең үлгісін көп пайдаланған. Шығармаларында ұйқастың әр түрін қолданған. Ал, кейбір толғау-

лары бір ғана ұйқаспен жырланғандықтан соңғы сөзі қайталанып отырады.

Ақынның терме, накыл түрінде келетін шумақтары өлең-толғауларының ажарын ашып, ой құнарын арттыра түседі

Бірде Көдек Қалыбек ауылындағы ұзатылатын қыздың тойына келе жатса, отаудан бір келіншек шығып: - ақын мырза, құрдасың ауырып қалды. Бір бақсы тілді, сөзді адамға ұшықтату керек екен, - дейді. Көдек атынан түсіп су алдырып ұшықтауға кіріседі. Бойындағы сырқатты сырттан келген пәле екен, күлін көкке ұшырайын деп былай дейді:

...Көш бойынан қыр асып,
Көшкен қардай сыр етіп,
Үріккен қойдай дүр етіп,
Үшқан құстай пыр етіп
Пу, пу, пу...
Асқар, асқар таумен кет,
Ағыны қатты сумен кет!
Көкпен кетсең, желмен кет,
Жермен кетсең, селмен кет,
Пу, пу, пу, –

деп шұбырта жөнеледі. Бұл кәдімгі бәдік өлең үлгісімен айтылған сөз. Ақын дәтүрлі фольклор үлгісін пайдаланған. Сондай-ақ осы өлеңде көне мифтік түсінік сөздің магиялық күшіне сену бағын аңғарамыз.

Ақын енді бірде Сүйіндік ауылының бір үйінде қымыз ішіп отырады. Оның арт жағындағы бесікте жатқан бала жылайды. Баланың әжесі: Көкем, ана бесікті тербете отыршы! – дейді. Сонда Көдек әндетіп өлең айтады. «Әлди, әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат, бөпем!» деген тармақтарды сол қалпында айтып, ары қарай өзінше жалғастырады.

Осы өлең жолдарына қарағанда «әлди, әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем!» деген екі тармақ дәстүрлі бесік жырларына тән қайырмаларды пайдалана отырып, қалған өлең жолдарын импровизациялық тәсілмен шығарған. Атақты батыр да, әділ би де, небір арулар да осы бесікте жатып ер жетті дей келіп «жақсы жігіт болар деп» Көкең сені тербетті деп түйеді. Сәбиге үміт артып ойын аяқтаған. Көдек жоқтау-дауысты көп жазған және дамытқан. Оның жоқтау – дауыстары көркемдік жағынан да, мазмұны жағынан да тартымды туындылар болып табылады. Бұған қарағанда, ақын фольклорлық мұраның мағынасын байытады, жаңа мазмұн беріп құлпырта дамытады.

Қорытынды

Мақалада Көдек Байшығанұлының саяси лирикасында ХХ ғасыр басындағы халық басынан өткен қайғылы кезең шындығы шежіредей шертілетіні, әсіресе 1916 жылғы көтеріліс, ұжымға біріктіру, ауқатты адамдарды тәркілеу сияқты халқымыздың азалы тарихы анық айтылатыны жан-жақты ашып көрсетілді. Ақынның саяси лирикасының ХХ ғасырдың басындағы әдебиет тарихынан алар орны зор екені айқындалды. Сонымен бірге оның шығармашылығында дәстүр сабақтастығының сақталғаны, фольклорлық сарыннан қол үзбегені де нақтылы мысалдармен берілді.

Көдек – өлеңді ақпа-төкпе импровизациямен де, жазып та шығаратын ақын. Фольклор ұзақ тарихи дамудан өткен ұлттық әдебиет пен өнердің бастау көзі болғандықтан оның мұрасында фольклордың әсерін аңғару қиын емес. Әдебиет пен фольклордың байланысы – әлем мәдениетінің дамуындағы басты заңдылықтардың бірі. Жер жүзіндегі қай әдебиетті алсақ та, оның шығу тегі – фольклор екенін көреміз. Сондықтан әдебиеттегі фольклоризм барлық әдебиеттің тарихы мен теориясын зерттегенде де, жеке ақын-жазушылардың шығармаларын талдағанда да көрнекті орын алады (Фольклор және қазіргі әдебиет, 2011: 11)

«Қазақ әдебиет тануында кез келген өнер туындысының дүниеге келуі дәстүр жалғастығы негізінде орын алып келеді. Бұл сапалы көркем шығарманың пайда болуының басты

шарттарының бірі» (Мұсалы Л., Кенжеқожаева А., Балтоғаева Ж., 2023: 143). Осы тұрғыдан келгенде Көдек те фольклорлық мұрадан сусындаған. Ол – фольклордың кейбір жанрлық түрлерін дамытып жетілдіре түскен талант иесі. Ақын халықтың белгілі мақал-мәтелдерін өз қалпында да, түрлендіріп те ұтымды қолданып, ойын өткірлей түседі. Екінші жағынан, оның кейбір өлең-толғаулары мақал-мәтел, қанатты сөз сияқты әсер қалдырады. «Берекелі ынтымақ, іргені берік қалаған», «үй көркі, түздің сәні мұндай адам, аққудың көрінісі айдындағы», «бал өмір, ыстық көңіл болды салқын, жүрмейді ел қатарлы ашық-жарқын», «есе тесе есірер, қанқұйлы мен бұзықтар», «әйел жақсы болса жан жолдасың, құдайым ер жігітті тек қолдасын!», т.б. оның өлеңдерінде нәрлі мақалға айналған өлең тармақтары баршылық.

Ақын мұрасында асыра асқақ сөйлеу жоқ. Бұрынғы жыр үлгісімен баяндай отырып өмірдің шындығын әсерлі жеткізеді. Бөлініп-жарылған елдің мұңын айтады, атажұртын аңсайды. Бодандық заманның алғашқы өзгерістерін жан-жақты жеткізе суреттейді. Ақынның өлең-толғауларының ажарын айшықтайтын кестелі ой-оралымдары оның ақындық шеберлігінің жоғары екенін көрсетеді. Көдек Байшығанұлының мұрасын ХХ ғасырдың басындағы елдің әлеуметтік-саяси жағдайынан бөле қарауға болмайды. Сондықтан Көдек поэзиясы қазақ әдебиетінің сапасын көтеретін, саяси шындығын танытатын бағалы мұра деп бағалау керек.

Әдебиеттер

- Temirbolat A.B., Imakhanbet R.S., Orda G.Z., Ospanova A.A., Omarov T.K. Specifics of embodiment of the national idea in Kazakh literature // *Man in India*. – 2017. – №97(20): - P. 435-445. [Electronic resource]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/323250239_Specificsof_embodiment_of_the_national_idea_in_Kazakh_literature (Date of use: 21.12.2023)
- Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2. – Алматы, 1983. – 456 б.
- Байшығанұлы К. Қайтейін, жалған дүние. – Алматы, 2008. – 336 б.
- Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алма-Ата, 1964. – 464 с.
- Бердібаев Р. Каусар бұлақ. – Алматы, 1989. – 448 б.
- Жұртбаев Т. Бейуақ. – Алматы, 1990. – 304 б.
- Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы, 1994. – 270 б.
- Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. – Алматы, 1997. – 432 б.
- Қойшыбаев Б. Халық жады мәңгілік // Алматы ақшамы. – 2019, 30 мамыр.
- Қойгелді М. Ұлттық қасиет // Қазақ әдебиеті. – 2019, 30 мамыр.
- Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. - №2(182). – Б. 116-129. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph13>
- 20-30 жылдағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы, 1997. – 175 б.
- Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы, 2009. – 366 б.
- Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2011. – 475 б.
- Мұсалы Л.Ж., Кенжеқожаева А.М., Балтоғаева Ж.Е. Поэтикалық дәстүр және шығармашылық үндестік // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №4(192). – Б.142-155. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph13>

References

- Temirbolat, A.B., Imakhanbet, R.S., Orda, G.Z., Ospanova, A.A., Omarov, T.K. (2017). Specifics of embodiment of the national idea in Kazakh literature. *Man in India*. Iss. 97(20), P. 435-445. [Electronic resource]. URL: https://www.researchgate.net/publication/323250239_Specifics_of_embodiment_of_the_national_idea_in_Kazakh_literature (Date of use: 21.12.2023)
- Kabdolov, Z. (1983). *Eki tomдық tandamaly shygarmalar* [Selected works in two volumes]. 2nd volume. Almaty. (in Kazakh)
- Baishiganuly, K. (2008). *Qaiteyn, zhalgan duniye* [Again, fake world]. Almaty. (in Kazakh)
- Akhmetov, Z. (1964). *Kazakhscoe stihoslozhenye* [Kazakh poetry]. Alma-Ata. (in Russian)
- Berdybaev, R. (1989). *Kausar bulaq* [Clean spring]. Almaty. (in Kazakh)
- Zhurtbaev, T. (1990). *Beyuaq* [Careless]. Almaty. (in Kazakh)
- Omarbekov, T. (1994). *Zobalan* [The burden]. Almaty. (in Kazakh)
- Nurgaliev, R. (1997). *Auezov zhane Alash* [Auezov and Alash]. Almaty. (in Kazakh)
- Koishibaev, B. (2019). *Halyk zhady mangilik* [People's memory is eternal]. Almaty Akshamy [Almaty evening]. (in Kazakh)
- Koigeldi, M. (2019). *Ulttyq qasiret* [National tragedy]. *Qazaq Adebieti* [Kazakh literature]. (in Kazakh)
- Yerzhanova, S.B. (2021). The idea of independence in Kazakh poetry. *KazNU Khabarshysy. Filologiya seriasy* [Bulletin of the KazNU. Philological series]. Iss.2(182), P. 116-129 <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph13> (in Kazakh)
- 20-30 zhyldagy qazaq adebiety (1997). [Kazakh literature of 20-30 years]. Book 1. Almaty. (in Kazakh)
- Akhmetov, Z. (2009). *Poeziya shyny – danalyk* [The height of poetry is wisdom]. Almaty. (in Kazakh)
- Folklor zhane qazirgi qazaq adebiyeti (2011). [Folklore and modern Kazakh literature]. Almaty. (in Kazakh)
- Musaly, L.J., Kenzhekozhaeva, A.M., Baltogaeva, Zh.E. (2023). Poetic tradition and creative consonance. *KazNU Khabarshysy. Filologiya seriasy* [Bulletin of the KazNU. Philological series]. Iss.4(192), P. 142-155. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph13> (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Сейітжанов Зүфар Нұрсапаұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Asegizbayeva 84@mail.ru);

Набиолла Насихат – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: nasihat_83@mail.ru);

Иманғалиев Бауыржан Сәбитұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: baur.iman@mail.ru .iman@mail.ru);

Шортанбай Шоқан Амангелдіұлы – аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: shortanbay@kaznu.kz).

Келін түсті: 18 қаңтар 2024 ж.

Қабылданды: 28 мамыр 2024 ж.

3-бөлім
**ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ
ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

Section 3
**METHODS OF TEACHING LANGUAGE
AND LITERATURE**

Раздел 3
**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ
ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

М.Б. Кенесова , А.Т. Каиржанова* ,

Н.Ж. Шаймерденова 

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: kairzhanova16@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ МЕТАФОРИЧЕСКОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ МИРА В КОНТЕКСТЕ БИЛИНГВАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

В статье внимание авторов фокусируется на роли метафоры в эстетическом восприятии и когнитивном развитии школьников. Метафора играет важнейшую роль в формировании эстетического восприятия и понимания мира у школьников, способствуя их развитию и социализации. Авторы подчеркивают значимость метафор в обучении, социализации и формировании ценностей у детей. Они указывают на недостаточное исследование метафор, особенно в произведениях казахстанских авторов на русском языке. Особый интерес вызывает творчество поэтов-билингвов, таких как Бахыт Каирбеков, чья лирика сочетает тюркские обычаи с современным сознанием. В работе анализируются метафорические концепты в его лирических текстах из сборников «Навстречу солнцу» (2014) и «Путь воды» (2018), выявляя их потенциал как дидактического материала в школе. Изучение художественной картины мира поэта-билингва позволяет выявить ключевые элементы казахской культуры и традиций. В результате анализа было установлено, что поэт использует антропоморфные метафоры, вкладывая в них национальные и общекультурные концепты. Изучение метафор и образов в текстах Каирбекова может послужить фундаментом для развития у учащихся навыков анализа литературы. Исследование его творчества помогает расширить культурное и метафорическое сознание школьников, помогая им погрузиться в мир казахской культуры и развивая их творческое мышление.

Ключевые слова: метафора, антропоморфная метафора, художественная картина мира, казахская культура, билингвальное обучение.

M.B. Kengessova, A.T. Kairzhanova*, N.Zh. Shaimerdenova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kairzhanova16@gmail.com

Features of the Metaphorical Representation of the World in the Context of Bilingual Education

The study focuses on the role of metaphor in aesthetic perception and cognitive development of schoolchildren. Metaphor plays a crucial role in the formation of aesthetic perception and understanding of the world in schoolchildren, contributing to their development and socialization. The authors emphasize the importance of metaphors in learning, socialization, and value formation in children. They point out the insufficient research of metaphors, especially in the works of Kazakh authors in Russian. The particular interest is the work of bilinguals, such as Bakhyt Kairbekov, whose lyrics combine Turkic customs with modern consciousness. The paper analyzes metaphorical concepts in his lyrical texts from the collections "Towards the Sun" ("Navstrechu solncu") (2014) and "The Way of Water" ("Put' vody") (2018), revealing their potential as didactic material in school. The study of the artistic picture of the world of a bilingual poet allows us to identify key elements of Kazakh culture and traditions. As a result of the analysis, it was found that the poet uses anthropomorphic metaphors, putting national and general cultural concepts into them. The study of metaphors and images in Kairbekov's texts can serve as a foundation for developing students' skills in analyzing literature. The study of his work helps to expand the cultural and metaphorical consciousness of schoolchildren, helping them to immerse themselves in the world of Kazakh culture and developing their creative thinking.

Key words: metaphor, anthropomorphic metaphor, artistic worldview, Kazakh culture, bilingual education.

М.Б. Кеңесова, А.Т. Каиржанова*, Н.Ж. Шаймерденова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: kairzhanova16@gmail.com

Қос тілді оқыту контексіндегі әлемнің метафоралық көрінісінің ерекшеліктері

Зерттеу метафораның мектеп оқушыларының эстетикалық қабылдауы мен когнитивті дамуындағы рөліне бағытталған. Метафора мектеп оқушыларының әлемді эстетикалық қабылдау мен түсінуді қалыптастыруда, олардың дамуы мен әлеуметтенуіне ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Авторлар метафоралардың оқудағы, әлеуметтенудегі және балаларда құндылықтарды қалыптастырудағы маңыздылығын атап көрсетеді. Олар метафораларды, әсіресе қазақстандық авторлардың орыс тіліндегі шығармаларында жеткіліксіз зерттелуін көрсетеді. Бақыт Қайырбеков сияқты қос тілділердің шығармашылығы ерекше қызығушылық тудырады, олардың лирикасы түркі әдет-ғұрпын қазіргі санамен үйлестіреді. Жұмыста оның «Күнге қарай» («Навстречу солнцу») (2014) және «Су жолы» («Путь воды») (2018) жинақтарындағы лирикалық мәтіндеріндегі метафоралық ұғымдар талданып, олардың мектептегі дидактикалық материал ретіндегі әлеуеті анықталды. Билингв ақын әлемінің көркем бейнесін зерделеу қазақ мәдениеті мен дәстүрінің негізгі элементтерін анықтауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижесінде ақын антропоморфты метафораларды қолданып, оларға ұлттық және жалпы мәдени тұжырымдамаларды енгізетіні анықталды. Қайырбеков мәтіндеріндегі метафоралар мен бейнелерді зерттеу оқушылардың әдебиетті талдау дағдыларын дамытуға негіз бола алады. Оның шығармашылығын зерттеу оқушылардың мәдени және метафоралық санасын кеңейтуге көмектеседі, оларға қазақ мәдениеті әлеміне енуге көмектеседі және олардың шығармашылық ойлауын дамытады.

Түйін сөздер: метафора, антропоморфтық метафора, әлемнің көркем бейнесі, қазақ мәдениеті, қос тілді білім беру.

Введение

Метафора играет ключевую роль в эстетическом восприятии и познании мира школьника, способствуя его развитию, обучению и социализации. В частности, метафоры позволяют ему связать абстрактные понятия с конкретными образами или предметами, делая их более доступными и понятными. Кроме того, через метафоры дети могут усвоить ценности и культурные нормы, которые передаются из поколения в поколение. Особенно это актуально для школьника-билингва, у которого две картины мира и метафоры отражают способы мышления и восприятия обоих миров, соприкасаясь и взаимопроникая. Изучение метафор в билингвальном сознании способствует развитию когнитивных навыков, таких как аналитическое мышление, обобщение и метафорическое мышление.

Сегодня в смежных науках исследование метафоры получило широкое признание и значимость. Метафора стала объектом изучения не только в лингвистике, но и в других социогуманитарных науках, таких как психология, социология, философия, литературоведение и др. Её роль в понимании культурных, социальных и когнитивных процессов признана ключевой, что открывает широкие перспективы для междисциплинарного анализа. «Мы переживаем время тотального интереса к метафоре. На фе-

номене метафоры сосредоточили свое внимание философы, логики, психологи, психолингвисты, стилисты, литературоведы, семасиологи» (Склярская, 1993: 3).

Остаются неизученными разные стороны такого многогранного явления, как метафора. В рамках лингводидактического аспекта не столь широко рассмотренным, на наш взгляд, является проблема понимания метафоры в художественном тексте ребенком в школьном возрасте. В этой связи *проблематика данной статьи является актуальной*, в частности, актуальным является исследование теоретико-методологических аспектов изучения проблемы экспликации метафорических языковых единиц, представленных в произведениях казахстанских авторов, написанных на русском языке. Интерес вызывает творчество авторов-билингвов нового тысячелетия, к которым, безусловно, относим Бахыта Гафуовича Каирбекова, в лирике которого гармонично переплетаются тюркские обычаи и новое сознание.

Смешение двух культур в одном сознании передает информацию с уникальными особенностями. Описание первоначальной языковой картины мира билингвальным писателем на языке русской культуры обладает своими характерными качествами, которые оказывают воздействие на русского читателя. Профессор А.Б. Туманова в своих исследованиях развивает

идею о смешанной карте мира и языковой карте мира билингвального писателя. Ученый отмечает, что писатель-билингв представляет собой уникальное явление, поскольку является представителем конкретного этноса (казахского), но при этом неизбежно проявляет свои идиоэтнические черты, что приводит к формированию особой языковой карты мира, отражающей результат взаимодействия двух культур и языков (Туманова, 2008).

В современном мире ученым приходится постоянно критически оценивать существующие исследования, осуществлять обзор актуальных вопросов, обсуждаемых на научных площадках, и создавать новые источники информации, принимая решения в условиях быстро меняющейся действительности. Эти быстротечные события естественным образом находят свое отражение в языке. Языковая среда в Казахстане характеризуется как билингвальная или даже полилингвальная в некоторых регионах. Она формируется в основном за счет проживания разнообразных этнических групп, а также благодаря проводимой языковой политике, нацеленной на поддержку би- и полилингвизма.

В последние десятилетия научные форумы активно обсуждают вопросы, связанные с билингвальным контекстом обучения русскому языку в казахстанских школах, созданием учебников и лексикографических источников. По мнению казахстанских исследователей (Суллейменова, 2017) в рамках билингвального обучения важно учитывать ряд факторов, в числе которых лингвокультурные факторы, что предполагает открытость двум культурам, роль языковой ситуации и контекста в освоении языка и культуры, а также соизучение наследия писателей-билингвов.

Материалы и методы

Материалом исследования послужили тексты лирических произведений Б. Каирбекова из сборников «Навстречу солнцу» (Каирбеков, 2014) и «Путь воды» (Каирбеков, 2018). Многие из них могут быть включены в качестве дидактического материала при обучении метафоры в школе. Кроме того, отдельные произведения этого периода включены в перечень произведений по функциональной грамотности, рекомендованный НАО «Национальная академия образования И.Алтынсарина» (Казахстанская карта, 2013).

Исследование требует применения различных методов анализа материала. В данной рабо-

те *основными методами* являются лингвистическое описание и комплексный анализ текста, которые использовались при наблюдении над текстами, содержащими ключевые концепты лирики Б. Каирбекова. Также эти методы использовались для отбора, анализа и систематизации фактического материала с учетом поставленных задач.

Изучение особенностей метафоры в поэтическом дискурсе, который может содержать глубокие символические значения и формирует мировоззрение и ценностные ориентиры, продолжает традиции лингвистических исследований, основанных на антропоцентрическом и когнитивном подходах. Основопологающим принципом этого исследования является антропоцентризм, который подчеркивает, что языковые знаки отражают способы восприятия реальности человеком.

Все эти методы обеспечивают успешное исследование поэтических текстов и реализацию обозначенных задач.

Обзор литературы

В контексте билингвального обучения в Казахстане включение наследия русскоязычных авторов, которые также пишут на казахском языке, могут играть важную роль. Их произведения способны расширить литературный кругозор учащихся, поддержать развитие их языковых навыков на обоих языках.

За последнее десятилетие наблюдается увеличение числа исследований, посвященных изучению языковой личности в контексте взаимодействия культур (Амалбекова, 2009; Бахтикиреева, 2020; Кремер, 2010; Туманова, 2008). Исследователи этой области отмечают, что полифония, характеризующаяся множественными голосами и точками зрения, чаще всего интерпретируется через призму национальной культуры. Этот подход позволяет учитывать комплексы ценностей и индивидуальную картину мира, характерные для каждой культурной среды.

Бахыт Каирбеков – поэт, переводчик, сценарист, режиссер, Заслуженный деятель Казахстана, чьи произведения отражают богатство казахской культуры и языка. Изучение его творчества представляется, на наш взгляд, значимым в контексте билингвального обучения. Прежде всего, Б. Каирбеков мастерски владеет как казахским, так и русским языками, и его произведения часто олицетворяют собой слияние или параллельное использование обоих языков. В произведениях

Б. Каирбекова часто затрагиваются темы казахской истории, традиций и обычаев. Это может быть особенно ценно для учащихся, которые изучают как казахский, так и русский языки, помогая им лучше понять и связать собственную культурную идентичность с обоими языками. В нашем исследовании предпринята попытка описать особенности использования метафор в поэтических текстах Каирбекова, которые раскрывают казахскую (тюркскую) картину мира.

Сложность изучения метафорических единиц в художественном контексте, а также попытки описать природу возникновения и продуцирования метафоры в сознании человека привели к тому, что на протяжении многих десятилетий в современном языкознании существуют и активно развиваются по меньшей мере шесть основных теорий (Сильченко, 2007: 7), в числе которых наиболее актуальные семантическая, прагматическая и когнитивная.

В настоящее время в области изучения метафоры все большее предпочтение получают исследования, в которых метафора понимается как один из важнейших способов репрезентации и концептуализации действительности. Выполненные в русле когнитивной лингвистики. Когнитивный подход к метафоре акцентирует внимание на том, как метафорические выражения отражают наше когнитивное восприятие и понимание мира. По мнению отдельных ученых, «метод когнитивной науки заключается, прежде всего, в попытке совместить данные разных наук, гармонизировать эти данные и найти смысл семантической непрерывности» (Маслова, 2006: 44).

Примечательным, на наш взгляд, является то, что когнитивный подход к метафоре позволяет понять, как метафорические концепции различаются в разных культурах и языках, и как эти различия влияют на наше восприятие и понимание мира. Изучение метафор в рамках когнитивного подхода помогает нам лучше понять природу нашего мышления и языкового опыта, а также их взаимосвязь. Эту точку зрения в подробно описали и доказали зарубежные ученые. Дж. Лакофф и М. Джонсон писали: «большая часть обычной понятийной системы человека структурирована с помощью метафор» (Лакофф, 2004: 93), которые в свою осмысливаются как путь от знакомого к незнакомому. Метафоры, по мнению авторов теории, составляют суть концептуальной системы человека. И наиболее отчетливо это проявляется при взаимодействии культурных концептов.

Отдельные ученые, изучая дихотомическую суть метафоры в русле когнитивной лингвистики, отмечали ее важную роль для ребенка в процессе знакомства с окружающей действительностью и миром вообще, а также в процессе формирования новых понятий. (МакКормак, 1990: 360). В работе ученого красной нитью проходит мысль о том, что метафоры являются по сути мостом, связывающим человеческий мозг и культурные константы носителя того или иного языка. Именно метафоры имплицитно влияют на изменение восприятия мира посредством ассоциативных связей. Особенно, в условиях би- и полиязычия.

В лингвистической науке существует также мнение о том, что в основе метафоры лежат контекстуальные сдвиги (Ричардс, 1990: 47). Умение использовать метафоры играет ключевую роль в образовании детей, особенно в школьной среде. Через язык, обогащенный метафорами, дети получают знания о мире от своих окружающих. Метафоры действуют как мощный инструмент, который помогает им осваивать сложные понятия и концепции. По мнению ученого, «метафорические процессы в языке накладываются на воспринимаемый нами окружающий мир, который сам по себе глубоко метафоричен» (Ричардс, 1990: 57).

Последователи когнитивной теории метафоры (Ортони, 1990) считали, что важно отойти от традиционного понимания, что метафора является лишь скрытым или неявным уподоблением, подобием. «Метафора – это тип употребления языка, а сравнение – тип психологического процесса. Вполне вероятно, что этот процесс – неотъемлемый компонент определенных типов употребления языка, однако нельзя точно утверждать, что он совпадает с соответствующим употреблением» (Ортони, 1990: 222).

По нашему мнению, метафора в художественном контексте поэта-билингва – это не просто уподобление или сравнение, это некий мост между двумя культурами. Как видим, метафора влияет на формирование языкового образа мира, а также взаимодействия языка, мышления и культуры. Понимание миромоделирующей роли метафоры в концептуализации действительности очень важно в контексте билингвального обучения. Недооценка значения метафорического мышления может привести к потере абстрактного мировосприятия, что обязательно должно учитываться при развитии метафорического сознания в процессе освоения учебного материала в школе.

Результаты и обсуждение

Осмысление творчества писателя-билингва, коим является Бахыт Каирбеков, представляет собой приобщение носителя одного языка к мироощущению другого народа и его культуры. В этой связи уместно обратиться к следующему мнению, в котором раскрывается уникальность билингва. «Двуязычие – это диалог мировоззрений, систем мира. При нем получается стереоскопичность зрения, объемность мышления. С другой стороны – на этом уровне появляется плодотворная самокритика мысли и слова. Ибо «двуязычник», живя меж двух моделей мира, явственно ощущает недостаточность, относительность каждой из них, чего не видит самоуверенный «одноязычник», на каком бы великом языке он не мыслил» (Гачев, 1980: 37).

Творчество Б. Каирбекова является хранилищем национальных образов мира, культурных архетипов. Как отмечает российский ученый У. М. Бахтикиреева, поэт, принимающий русский язык в качестве средства своего онтологического существования, формирует новые представления о мире и влияет на изменение восприятия своей аудитории (Бахтикиреева, 2020: 88).

Поэтические тексты на русском языке могут служить материалом для выявления этнической идентичности автора, владеющего двумя языками, путем анализа использованных в тексте слов и выразительных средств, таких как метафоры, фразеологизмы, пословицы, символы, которые не всегда имеют точные аналоги в другом языке.

Особенно ярко выражена этническая идентичность в русскоязычных текстах Бахыта Каирбекова. К примеру, метафорический образ степи, находящий отражение в его поэзии:

«Сиротливые пятна от юрт
На всхолмлённом раскинутом теле
Обнажённой степи – потемнели...» (Каирбеков, 2014).

Как видим, в этом контексте исходной понятийной областью метафоры является представление о человеческом теле, которое глубоко корнями уходит в мифологическое сознание, основанное на антропоцентризме, при этом «человеческое тело <...>, занимает совершенно особое место среди других множеств, используемых как эталоны» (Гусев, 1984: 58).

Как показал анализ материала, метафоры в творческом контексте Б. Каирбекова выполняют эстетическую функцию – являясь своего рода элементом инкрустирующим авторский стиль.

Однако, кроме этой функции, можно определить и миромоделирующую функцию метафоры, которая заключается в том, что за каждым метафорическим образом скрывается определенный сценарий. По мнению исследователей функций метафоры, в основе природы данного явления лежит способность концептуализации: «Установление аналогий составляет основу всякого объяснения. Ни одна метафора не может обладать пожизненной эвристичностью, вечно эвристическими свойствами, и всеобщность, всеохватность метафоры оборачиваются со временем ее традиционностью, привычностью» (Харченко, 1991: 58).

Метафора становится ключевым элементом, который формирует смысловые связи и структуру произведения. К примеру, в произведении «Домбауыл» (Каирбеков, 2014) поэт описывает мавзолей XVI-XVII веков, являющийся археологической ценностью эпохи средневековья:

«Домбауыл – степная пирамида,
Повторяющая неба круглый свод,
Как и вся Вселенная в хламиду
Превратилась, разрушаясь каждый год.
Так, наверно, исчезают звезды,
Дырами зияют небеса...
Домбауыл – утраченные грёзы,
Чьи-то выцветшие от тоски глаза» (Каирбеков, 2014).

Образ средневекового мавзолея метафорически передан как древнее строение (артефактная метафора), которое разрушается с годами, превращается в изношенную одежду. Чтобы подчеркнуть ветхость одеяния, автор предпочитает устаревшее книжное слово «хламида», которое в словаре толкуется как «мужская верхняя одежда древних греков» (Ожегов, 2000). Разворачивая метафорический сценарий (автор как бы накидывает древнюю одежду на древний образ разрушающегося артефакта), к финалу произведения уже усиливается нанизыванием другой метафорой – «утраченные грёзы» (Каирбеков, 2014). Прагматический смысл целого комплекса метафор в одном стихотворении заставляет читателя ощутить эмоции грусти от лицемерия уходящей истории, эмоции боли от созерцания разрушающейся красоты средневековой архитектуры.

Персонификация как одна из частотных разновидностей метафор в творчестве Б. Каирбекова выражает определенное свойство психики человека строить образ мира по антропоцентрическому принципу. В рамках исследования явление

персонификации – это приписывание неживым существам качеств человека, выраженных другим именем (Аманжолова, 2011: 183). Согласно теории концептуальной метафоры явление персонификации включается в группу онтологических метафор, которые помогают читателю осмысливать окружающую действительность в проекции собственного опыта (через понимание собственных ощущений, мотиваций, действий). В основе метафоры персонификации лежат представления о человеке. И именно «Человек» является исходной понятийной сферой при метафорическом осмыслении действительности.

Приведем пример метафоры персонификации:

«Согдийский ясень – *гордый аксакал*,
Как будто светится седою бороною!
То светятся в нем дальние века,
Объятые прозрачною листвою» (Каирбеков, 2014).

